В соответствии с положениями действующего уголовного и уголовно-исполнительного законодательства установлено, что меры «социального контроля», проводимые лицами, освобожденными из учреждений уголовно-исполнительной системы, осуществляются в форме «пробационного контроля» и «административного надзора».

В то время как институт пробации существует в Англии и США в течение многих десятилетий, в государствах, где применяется континентальная система права, таком как Казахстан, это относительно новая структура.

Также указано, что по своей сути служба пробации – вид социальной деятельности, по структуре схожий с невоенизированными муниципальными органами. Цель общесоциального контроля - застраховать освободившегося человека от различных негативных воздействий и влияния криминальной субкультуры, содействовать его духовно-нравственному, эстетическому, правовому становлению.

В статье также указано, что в соответствии с содержанием нормативного документа, регулирующего пробационный контроль, устанавливаются четыре формы пробации, раскрывается содержание каждой из них, определяется, в отношении какой категории осужденных применяется. Также авторы отмечают, что в отношении всех лиц, состоящих на пробационном учете, оказывается социально-правовая помощь в соответствии с индивидуальной программой, разрабатываемой службой пробации.

Раскрыв суть вопроса об административном надзоре, являющегося еще одной из форм социального контроля, в работе определено, к какой категории осужденных применяется данное понятие.

В результате анализа специального закона, регулирующего порядок осуществления административного надзора, и уголовно-исполнительного законодательства авторами сделан вывод о наличии противоречий между законодательными актами. В целях гармонизации норм законодательства, а также повышения эффективности правоприменительной практики предлагается внести изменения и дополнения в Закон Республики Казахстан «Об административном надзоре за лицами, освобожденными из мест лишения свободы» от 15 июля 1996 г.

Ключевые слова: социальный контроль, пробационный контроль, административный надзор, досудебная пробация, приговорная пробация, пенитенциарная пробация, постпенитенциарная пробация.

SOME OF THE ISSUES ASSOCIATED WITH SOCIAL CONTROL OVER PERSONS RELEASED FROM PLACES OF DEPRIVATION OF LIBERTY

Balgozhina M.E.

Doctor of Philosophy (PhD)

Raibaev D.K.

Doctor of Philosophy (PhD)

Karaganda academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan after B. Beisenov

Amangeldiyev D.A.

Doctor of Philosophy (PhD)

Kostanay academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan after Sh. Kabyibaev

Annotation. This article is devoted to the issues of social control over persons released from prison. The paper explains the concept of social control, examines the system of legal grounds for the implementation of social control over persons released from prison, and also reflects the range of persons subject to such control, and the limits of restrictions on their rights.

In accordance with the provisions of the current criminal and criminal-Executive legislation established that measures of social control carried out by the persons released from penitentiary system, implemented in the form of «probation supervision» and «administrative oversight».

While the institution of probation has existed in England and the United States for many decades, in states where the continental system of law is applied, such as Kazakhstan, it is a relatively new structure.

It is also indicated that, in essence, the probation service is a type of social activity, similar in structure to non-military municipal bodies. The purpose of general social control is to insure the liberated person from various negative influences and the influence of the criminal subculture, to promote his spiritual, moral, aesthetic, and legal development.

The article also states that in accordance with the content of the normative document regulating probation control, four forms of probation are established, the content of each of them is disclosed, and it is determined in relation to which category of convicts is applied. The author also notes that all persons registered for probation are provided with social and legal assistance in accordance with an individual program developed by the probation service.

Having revealed the essence of the issue of administrative supervision, which is another form of social control, the paper defines to which category of convicts this concept applies.

As a result of the analysis of the special law regulating the procedure for administrative supervision and the penal enforcement legislation, the authors concluded that there are contradictions between the legislative acts. In order to harmonize the norms of legislation, as well as to improve the effectiveness of law enforcement practice, it is proposed to make amendments and additions to the Law» On Administrative Supervision of persons released from places of deprivation of Liberty « of the Republic of Kazakhstan dated July 15, 1996.

Keywords: social control, probation control, administrative supervision, pre-trial probation, sentencing probation, penitentiary probation, post-penitentiary probation.

Кіріспе

Еліміздегі жалпы қылмыстылықтың алдын алудың оңтайлы жолдарының бірі – бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу екенін уақыт дәлелдеуде. Мемлекет деңгейде қылмыстылыққа әсер етудің қылмыстық-құқықтық, жаза атқарушылық негіздерін қатайту парадигмасынан әлеуметтік, экономикалық инфрақұрылымды заманалық мақсаттарға бейімдеу, ізгілік саясатты неғұрлым нәтижелі жүзеге асыруға бағытталған соны парадигма тиімді деп танылып отыр.

Ендігі кезекте осы парадигманы игеруге, жетілдіруге, тереңдетуге, оны іс жүзіне тиімді жүзеге асыруға бағытталатын зерттеу жұмыстарының өзектілігі даусыз. Біздің мақаламыз бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарға әлеуметтік бақылау жасау мәселесіне арналған.

Жалпы, заң әдебиетінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу мәселелеріне көп көңіл бөлінген. Бұл тақырыпты зерделеумен Шнарбаев Б.К., Мизамбаев А.Е., Молдашева А.Б., Трубников В.М., Алферов Ю.А., Петков В.П., Соловьев В.П., Рахмаев Э.С., Данилов Д.Д., Данилова И.Ю., Шмаров И.В., Чукмаитов Д.С., Южанин В.Е., Михлин А.С., Потемкина А.Т., Писарев В.Б., Бриллиантов А.В., Овчаренко И.А., Баранов Ю.В., Багреева Е.Г., Дибиров М.Т., Махмудов З.Ш., Денисов С.В., Шиловская А.Л. және т.б. ғалымдар айналысқан.

Негізгі бөлім

Кең әлеуметтік-философиялық мағынада әлеуметтік бақылау – «бұл қандай да бір әлеуметтік міндеттерді шешу мақсатында қоғаммен мақұлданған, оның негізгі институттары тарапынан жүзеге асырылатын қоғам мүшелерінің мінез-құлқына ұйымдасқан түрде әсер ету» немесе «әлеуметтік үдерістерді және қоғам мүшелерінің мінез-құлықтарын басқару нысаны, жеке тұлғаға әсер ету (сендіру, ынталандыру, мәжбүрлеу, қоғамдық пікір) шаралары жүйесі, олардың көмегімен адамның үстемдік етуші адамгершілік және құқықтық нормаларға сәйкес мінез-құлқы қамтамасыз етіледі» [1, б. 64; 2, б. 80].

Ал арнайы криминологиялық ұғымда әлеуметтік бақылау – бұл заңмен қарастырылған адамның қылмыс жасауына және басқа да ауытқушылық (аморальды әрекеттер, маскүнемдік, арамтамақтық) мінез-құлқына жол бермеу мақсатында қолданылатын әсер етудің мемлекеттік және қоғамдық шаралар жиынтығы [1, б. 7-10]. Басты міндеттері – жаза өтеу кезінде қол жеткізген жазалай-тәрбиелей әсер ету нәтижелерін бекітіп, босап шыққан адамдарға қажетті әлеуметтік көмек көрсету.

Жалпы әлеуметтік бақылау жасаудың мақсаты – босап шыққан адамды түрлі жаман әсерлер мен қылмыстық кіші мәдениет ықпалынан сақтандыру, оның рухани-өнегелік, эстетикалық, құқықтық тұрғыдан қалыптасуына жәрдемдесу.

Қазір қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамаларына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарға әлеуметтік бақылау жасауды жүзеге асырудың құқықтық негіздер жүйесі қарастырылып, мұндай бақылауға жататын адамдар шеңбері мен олардың құқықтарын шектеу шегі белгіленген. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 44, 73, 74-баптарына және ҚАК-нің 19, 24, 169, 172-баптарына сәйкес, ҚАЖ мекемелерінен босап шыққан адамдармен жүргізілетін «әлеуметтік бақылау» шаралары «пробациялық бақылау» және «әкімшілік қадағалау» нысанында жүзеге асырылады [3; 4].

Жалпы пробация ұғымына келер болсақ, Англия мен АҚШ мемлекеттерінде пробация институты көптеген он жылдықтар бойы жұмыс істесе, Қазақстан сияқты континенталды құқық жүйесі қолданылатын мемлекеттерде бұл салыстырмалы түрде жаңа құрылым. Еуропа мен АҚШ-та пробация қызметінің ұйымдастырушылық құрылымы, нысаны мен жұмыс әдістерінің қалыптасуы көптеген жылдарға созылғаны белгілі. Өз мәні бойынша пробация қызметі – құрылымы бойынша муниципалды органдармен ұқсас, әскерилендірілмеген әлеуметтік қызмет түрі [5].

Ұлттық заңнамада 2012 жылға дейін «пробация» термині қолданылған жоқ. Отандық заңнамаға «пробация» ұғымы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес енгізіліп, пробация ұғымына түсінік 1997 жылғы ҚАК-нің 7-1-бабында берілді [4].

Бастапқы қалыптасу кезеңінде Қазақстан Республикасының пробация қызметі тек соттық («үкімдік») нысанда ғана және сотталғандардың бір санаты – тек шартты сотталғандарға ғана қатысты қолданылған болатын.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Заңының 1-бабында «Пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі», - деп белгіленген [7]. Сол сияқты қазіргі қолданыстағы ҚАК-нің 3-бабының 7-тармағында «пробация» ұғымына мынандай түсінік берілген: «пробация – пробациялық бақылаудағы адамға қатысты оның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында оның мінез-құлқын түзету үшін әзірленетін және жеке іске асырылатын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар кешені» [4]. Осы анықтамалар негізінде тұжырым жасасақ, Қазақстан Республикасындағы пробация қызметі – бұл:

- сотталғанға сотпен жүктелген міндеттерді орындау және мінез-құлқына бақылау жасау енетін шаралар кешені мен әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар;

- сотталғанға сотпен жүктелген міндеттер мен оның мінез-құлқына бақылау жасауды жүзеге асыру

бойынша өкілетті органдар тарапынан әзірленетін және жүзеге асырылатын шаралар кешені;

- пробациялық бақылауда тұрған әр адамға қатысты жеке сипатта әзірленетін және жүзеге асырылатын шаралар кешені;

- сотталғанның жаңа құқық бұзушылықтар жасауын ескерту мақсатында оның мінез-құлқын түзеу үшін жүзеге асырылатын шаралар кешені.

ҚР ҚАК-нің 3-бабының 9-тармағына сәйкес, пробациялық бақылау – уәкілетті органдардың сотталғандарға сот жүктеген міндеттердің орындалуына және олардың мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ олардың әлеуметтік-құқықтық көмек алуына жәрдем көрсету жөніндегі қызметі [4].

Яғни, пробациялық бақылау, біріншіден, уәкілетті органдардың сотталғандарға сот жүктеген міндеттердің орындалуына және олардың мінез-құлқына бақылау жасаудың жүзеге асырылуына, екіншіден, бұл адамдардың әлеуметтік-құқықтық көмек алуына жәрдемдесуді білдіреді.

Пробация туралы заңның 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында:

- 1) сотқа дейінгі пробация;
- 2) үкімдік пробация;
- 3) пенитенциарлық пробация;
- 4) пенитенциарлықтан кейінгі пробация жүзеге асырылады [7].

Осы Заңның 13, 15, 16, 17-баптарына сәйкес, пробациялық бақылау тағайындалатын адамдар санаты да белгіленген. Осы ережелердің мазмұнына сәйкес, пробацияның әр түріне тоқталар болсақ, сотқа дейінгі пробация күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты ғана, яғни сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында және ерікті негізде қолданылатындығына көз жеткіземіз. Сотқа дейінгі пробацияға тек кәмелетке толмағандар, мүгедектер, 58 жастағы және одан асқан әйелдер, 3 жасқа дейінгі жас балалары бар жүкті әйелдер, сондай-ақ алпыс үш жастағы және одан асқан ерлер мен 3 жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлерге қолданылады. Жеке бағдарламаларды іске асыру қорытындылары бойынша одан әрі сот отырысына ұсыну үшін сотқа дейінгі баяндама жасалады.

Үкімдік пробация шартты түрде сотталған және бас бостандығын шектеуге сотталған адамдарға қатысты ғана қолданылады. Үкімдік пробацияның ұзақтығы сот үкімімен немесе қаулысымен айқындалады. Сот пробациялық бақылау жүктелген адамға белгілі бір міндеттемелер жүктейді. Мысалы: жазаны өтеудің шарттары мен тәртібін сақтау, белгіленген күндері пробация қызметіне келу, сотпен жүктелген міндеттерді орындау, жұмыс орнының өзгергені туралы хабарлау және т.б.. Осы міндеттер сақталмаған жағдайда сотталғандарға жазбаша ескерту түріндегі жаза қолданылады, ал жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда сотқа мерзімді ұзарту немесе осы жаза түрін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру туралы материал жіберіледі. Сотталған адамның есепте болған бүкіл кезеңі ішінде пробация қызметі оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді.

Пенитенциарлық пробация ҚАЖ мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қатысты қолданылады.

Пробация қызметі жаза өтеу орындарынан босап шығуға дайындалып жатқан сотталғандарға қажет. Өйткені бұл санаттағы адамдар моральдық және ұйымдастырушылық қолдауға, әлеуметтік оңалтуға мұқтаж болады. Босатылғаннан кейінгі алғашқы уақытта сотталғандардың көбінде отбасылық байланыстарының әлсіреуі, жұмысқа және тұрмыста орналасу проблемалары сияқты жаңа өмір жағдайларына бейімделуде қиындықтар туындайды, әлеуметтік рөлі мен белсенділігі төмендейді. Әлеуметтік пайдалы байланыстары үзіліп, жеке тұлға деформацияға түседі [8, б. 147], қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жаза өтеудің режимдік жағдайына тәуелділік пайда болып, ол адамның ықтиярын, еркін және әлеуметтік-пайдалы бейімделу қабілетін басады [9, б. 446]. Адамның қоғамнан 5-7 жыл шамасында үздіксіз оқшаулануы оның психикасындағы қайтымсыз үдерістерге әкеледі. Сондықтан пенитенциарлық пробацияның басты міндеті - сотталғанның осы қиындықтарының алдын алу болып табылады.

Пенитенциарлықтан кейінгі пробация бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға, ББА орындарынан босап шыққанда сот тарапынан әкімшілік қадағалау белгілеген адамдарға, бас бостандығынан айыру жазасы бас бостандығын шектеуге ауыстырылғандарға, бас бостандығынан айыру жазасы айыппұлға ауыстырылғандарға қатысты қолданылады.

Жалпы, пробацияның қай түрінің тағайындалғанына қарамастан, пробациялық есепте тұрған барлық адамдарға қатысты пробация қызметі әзірлейтін жеке бағдарламаға сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіледі. Заңгерлік және психологиялық кеңестер де қажетті жағдайда барлық сотталғандарға беріледі.

Сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі қылмыстық-атқару заңнамасы нормаларымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы №1131 қаулысымен

бекітілген. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету туралы Қағидасымен (бұдан әрі – әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету туралы Қағида) реттеледі [10]. Пробациялық бақылау тағайындалған адамды есепке қойғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде адам мен оның өмір жағдайын зерделеп болған соң, соның нәтижесі бойынша жеке бағдарлама жасалады. Сотталғанның әлеуметтік-құқықтық көмек алудан бас тарту құқығы бар. Ол бас тартқан жағдайда пробация қызметінің қызметкері тиісті акті жасайды. Жеке бағдарламаға сотталғанға білім мен мамандық алуына, жұмысқа орналасуына, емделуіне және құқықтық көмекті қамтамасыз ету болып табылатын әлеуметтік-құқықтық көмек алу қажеттілігі туралы ақпарат енгізіледі. Жеке бағдарламаның бірінші данасы пробациялық бақылауда тұрған сотталғанның жеке ісіне қосылып, екіншісі – қолы қойылған түрде сотталғанның қолына беріледі. Егер пробациялық бақылауда жүрген кезінде адам басқа немесе қосымша көмек алуға ниет білдірсе өзара келісім бойынша оның жеке бағдарламасына тиісті өзгертулер енгізіледі. Жергілікті органдар мен қоғамдық бірлестіктер және басқа да ұйымдар пробациялық бақылауда тұрған адамдарға пробация қызметі әзірлеген жеке бағдарламаларына сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге міндетті. Оларға тегін медициналық көмек кепілдендірілген көлем шеңберінде беріледі. Медициналық көмек көрсету үшін пробация қызметі олардың жеке бағдарламалары көшірмесін сотталғанның тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымына жібереді [4].

Пробация қызметі аяқталмаған орта білімі бар сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша оқу орындарына жібереді. Құқықтық көмек алу үшін пробация қызметі жеке бағдарлама көшірмесін жергілікті атқару органдарына бағыттайды.

Сотталғандардың жұмыспен қамтылуына көмектесу үшін жергілікті атқару органдары жұмыссыздарды уәкілетті органның жұмыспен қамту орталығының бос орындар базасында бар бос жұмыс орындарына, әлеуметтік жұмыс орындарына, олардың келісімімен қоғамдық жұмыстарға, еңбек нарығындағы қажеттіліктерге сәйкес әрі қарай жұмысқа орналасуларына жәрдемдесумен кәсіптік даярлық, қайта даярлық пен біліктілігін арттыруға жібереді немесе жұмыс орындары квотасы бойынша жұмысқа орналастырады.

Пробациялық бақылауда тұрған адамның басқа көмек түрін алу қажеттілігі туындаған жағдайда пробация қызметі оның тұрғылықты жері бойынша тиісті ұйымға жеке бағдарлама көшірмесін жібереді. Жеке бағдарлама көшірмесін жергілікті атқару органдарына, денсаулық сақтау органдарына, білім беру және басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға жіберу жеке бағдарлама жасалғаннан кейінгі 3 күн ішінде жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар жеке бағдарлама көшірмесін алған соң 15 күн ішінде көрсетілетін көмектері жайлы немесе ондай көмек көрсету мүмкіндіктерінің жоқтығы туралы хабардар етеді. Әлеуметтік көмек көрсетуші пробация қызметі, жергілікті атқару органдары, қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйым қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне заңмен белгіленген тәртіпте шағымдануға болады [4].

Пробациялық бақылау жасауға байланысты пробация қызметі мен ішкі істер органдары қызметі Қазақстан Республикасы ҚАК нормалары мен пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету ережелерінен басқа бірқатар Қағидалармен реттеледі.

Осы мақала шеңберінде жалпы шолу жасап өтуді жөн көріп отырған әлеуметтік бақылаудың екінші нысаны - әкімшілік қадағалау. Ол бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларын өтеуден босаған адамдардың белгілі бір санатының мінез-құлқына бақылау қою түріндегі мәжбүрлеу шарасын білдіреді.

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» №28 Заңының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының әкімшілік қадағалау туралы заңы) 1-бабында: «Әкімшілік қадағалау кәнігі қылмыстың алдын алу нысаны болып табылады, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңдармен белгілі бір шектеулер қойылған осындай адамдардың мінез-құлқын байқау түріндегі мәжбүр ету шарасы ретінде судьяның қаулысы негізінде ішкі істер органдары жүзеге асырады», – деп көрсетілген [11]. Яғни, бұл заңнамалық анықтаманың мәні – әкімшілік қадағалау тағайындалған «адамның мінез-құлқына бақылау жасау» болып табылады. Ал ҚАК-нің 172-бабының 5-бөлігіне сәйкес ішкі істер органдары сотпен қадағалау жасау белгіленген адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін оның пробация қызметіне келуін қамтамасыз етіп, сот қаулысының көшірмесін пробация қызметіне жібереді [6]. Пробация қызметі сот қаулысының көшірмесін алған соң әкімшілік қадағалау белгіленген адамды өзінің есебіне қойып, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, жеке басын зерделейді және оған ұсынылатын әлеуметтік-

құқықтық көмектің көлемін айқындауға қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды. Оған әлеуметтік-құқықтық көмек ұсыну тәртібін түсіндірген соң, қадағалаудағы адамның жеке басын және өмірлік жағдайын зерделеу нәтижелері бойынша пробация қызметі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды (ҚР ҚАК-нің 172-бабының 6, 7-бөлігі) [4].

Қорытынды

Қазір әкімшілік қадағалау жасау мәні әкімшілік қадағалау тағайындалған «адамның мінез-құлқына бақылау жасау» ғана емес, себебі ол – пробациялық бақылау сияқты әлеуметтік бақылау жасаудың бір түрі. Осыған байланысты әкімшілік қадағалау анықтамасына оның әкімшілік қадағалау тағайындалған адамдарға бақылау жасауды жүзеге асырып қана қоймай, ҚАЖ мекемелерінен босап шыққан адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуді де өз мақсаты етіп қоятындығы жайлы ереже енгізу қажет. Сондықтан, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік қадағалау туралы» Заңының 1-бабын төмендегідей редакцияда мазмұндау қажет деп ұсынамыз:

«1. Әкімшілік қадағалау – қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босап шыққан адамдардың белгілі бір санаттарына қатысты сот шешімі негізінде өкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын, осы адамдардың сот тағайындаған шектеулерді орындауларына және мінез-құлықтарына бақылау жасауға, сондай-ақ, оларға әлеуметтік-құқықтық және басқа да көмек көрсетуге бағытталған, олардың жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында жүзеге асырылатын рецидив қылмысты ескерту нысаны.

2. Әкімшілік қадағалау белгіленген адамның сот тағайындаған шектеулерді орындауына және мінез-құлықтарына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес оның тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдары қызметкерлері жүзеге асырады.

3. Әкімшілік қадағалау белгіленген адамға әлеуметтік-құқықтық және басқа да көмек алуларына жәрдемдесуді Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес оның тұрғылықты жері бойынша пробация қызметі жүзеге асырады».

Бұл толықтырулар енгізу нәтижесінде нормативтік құжаттар арасындағы қайшылықтардан арылып, заңнамалық ережелер өзара үйлесімді болып, құқық қолданушылар үшін түсінікті бірізділік бекітіліп, жұмыс тиімділігін арттырады деп пайымдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бобнева М.И. Социальные нормы и регуляция поведения. – М.: Наука, 1978. – 311 с.
- 2 Щепанский Я. Элементарные понятия социологии. – М.: Просвещение, 1969. – 240 с.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2020. – 260 б.
- 4 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №234-V ҚРЗ Қылмыстық-атқару кодексі. – Алматы: Норма-К, 2020. – 96 б.
- 5 Эксперты предлагают усилить службу пробации в Казахстане // [http:// www.prisonforum.kz/](http://www.prisonforum.kz/) (кірген уақыты: 25.11.2020 ж.).
- 6 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000556> (кірген уақыты: 23.05.2020 ж.).
- 7 Пробация туралы: Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы // [http:// www.adilet.zan.kz/](http://www.adilet.zan.kz/) (кірген уақыты: 08.02.2021 ж.).
- 8 Маликов Б.З. Лишение свободы в политике наказания и законодательстве России. – Самара, 2003. – 230 с.
- 9 Ушатиков А.И., Казак Б.Б. Пенитенциарная психология. – Рязань, 2003. – 758 с.
- 10 Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету туралы Қағидасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы №1131 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000556> (кірген уақыты: 21.11.20120 ж.).
- 11 Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы: Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі №28 Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000028_ (кірген уақыты: 08.02.2021 ж.).

REFERENCES

- 1 Bobneva M.I. Social'nye normy i regulyaciya povedeniya. – M.: Nauka, 1978. – 311 s.
- 2 SHepan'skij YA. Elementarnye ponyatiya sociologii. – M.: Prosveshchenie, 1969. – 240 s.
- 3 Kazakstan Respublikasynyn kilmystyk kodeksi. – Almaty: ZHSHS «Izdatel'stvo «Norma-K», 2020. – 260 b.
- 4 Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylygy 5 shildedegi №234-V KRZ kilmystyk-atkaru kodeksi. – Almaty: Norma-K, 2020. – 96 b.
- 5 Eksperty predlagayut usilit' sluzhbu probacii v Kazahstane // [http:// www.prisonforum.kz/](http://www.prisonforum.kz/) (kirgen uakyty: 25.11.2020 zh.).
- 6 Kazakstan Respublikasynyn kejbir zannamalyk aktilerine probaciya kyzmeti maseleleri bojynsha ozgerister men tolyktyrular engizu turaly: Kazakstan Respublikasynyn 2012 zhylygy 15 akpandagy Zany // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000556> (kirgen uakyty: 23.05.2020 zh.).

7 Probaciya turaly: Kazakstan Respublikasynyn 2016 zhylgy 30 zheltoksandagy Zany // [http:// www.adilet.zan.kz/](http://www.adilet.zan.kz/) (kirgen uakyty: 08.02.2021 zh.).

8 Malikov B.Z. Lishenie svobody v politike nakazaniya i zakonodatel'stve Rossii. – Samara, 2003. – 230 s.

9 Ushatkov A.I., Kazak B.B. Penitenciarnaya psihologiya. – Ryazan', 2003. – 758 s.

10 Probaciya kyzmetinin esebinde tyrgan adamdarga aleumettik-kykyktyk komek kjrsetu turaly kagidasy: Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2014 zhylgy 23 kazandagy №1131 kaulysy // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000556> (kirgen uakyty: 21.11.20120 zh.).

11 Bas bostandygynan aju ru oryndarynan bosatylgan adamdardy akimshilik kadagalau turaly: Kazakstan Respublikasynyn 1996 zhylgy 15 shildedegi №28 Zany // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000028_ (kirgen uakyty: 08.02.2021 zh.).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Майгүл Егеубайқызы Балгожина – философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті. Қарағанды қ., Ермеков қ., 124. E-mail: maigul.balgozhina@mai.ru

Даулет Құмарбекұлы Райбаев – философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жалпы заң пәндері кафедрасы бастығының орынбасары. Қарағанды қ., Ермеков қ., 124. E-mail: doul_zare4ka@mail.ru

Дархан Амангелдіұлы Амангелдиев – философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы ИМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қылмыстық құқық және жазаны орындауды ұйымдастыру кафедрасының бастығы. Қостанай қ., Абай даңғ., 11. E-mail: darkhanKVSH1979@mail.ru

Балгожина Майгуль Егеубаевна – доктор философии (PhD), доцент кафедры уголовного права и криминологии Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова. г. Караганда, ул. Ермекова, 124. E-mail: maigul.balgozhina@mai.ru

Райбаев Даулет Кумарбекович – доктор философии (PhD), заместитель начальника кафедры общеправовых дисциплин Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова. г. Караганда, ул. Ермекова, 124. E-mail: doul_zare4ka@mail.ru

Амангелдиев Дархан Амангелдиевич – доктор философии (PhD), начальник кафедры уголовного права и организации исполнения наказания Костанайской академии МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева. г. Костанай, пр. Абая, 11. E-mail: darkhanKVSH1979@mail.ru

Maigul E. Balgozhina – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Department of Criminal Law and Criminology of the Karaganda academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan after B. Beisenov. Karaganda, Yermekov str., 124. E-mail: maigul.balgozhina@mai.ru

Daulet K. Raibaev – Doctor of Philosophy (PhD), Deputy Head of the Department of General Legal Disciplines of the Karaganda academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan after B. Beisenov. Karaganda, Yermekov str., 124. E-mail: doul_zare4ka@mail.ru

Darkhan A. Amangeldiyev – Doctor of Philosophy (PhD), Head of the Department of Criminal Law and Organization of Execution of Punishment of the Kostanay academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan after Sh. Kabylbaev. Kostanay, 11 Abay Avenue. E-mail: darkhanKVSH1979@mail.ru

METHODOLOGICAL BASIS OF THE PERSON'S EXTERNAL APPEARANCE STUDY USING VIDEO MATERIALS

Saidamarova V.V.

master in Law

Karaganda academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov

Annotation. The work considers the modern possibilities of fixing the criminal activity of a person with the help of CCTV cameras where the external appearance of a person is widely displayed. The use of human appearance from video systems materials as information sources of forensic examination opens up new opportunities for obtaining complete and objective information. This information will allow solving forensic tasks while obtaining evidence during the new type of forensic investigation of a person's appearance from video images. The research results made it possible to develop and substantiate the methodology of this type of forensic research. The author proposes a new integrated approach of studying the appearance of a person displayed in video materials on the basis of anatomical (static) and functional (dynamic) features. The methodological approach of the new type of study proposed by the author allows focusing attention on forensically significant information from all sides, not only within the framework of a forensic portrait research. The subject of forensic research of the appearance of a person by video images will be displayed in the features of solving forensic problems, in the amount of using special knowledge as well as in the means and methods used for this.

Keywords: human appearance, video materials, video recording, video surveillance, anatomical (static) features, functional (dynamic) features, forensic portrait examination, forensic study of the human appearance, special scientific knowledge, scientific and technical means, identity, identification.

БЕЙНЕТҮСІРІЛІМДЕР БОЙЫНША АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

В.В. Сайдамарова

заң ғылымдарының магистрі

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Аңдатпа. Мақалада бейнебақылау камераларын қолдана отырып, адамның қылмыстық әрекетін бекіту құралдарының заманауи мүмкіндіктері қарастырылған, онда ол адамның сыртқы келбетін кеңінен көрсетеді. Бейне жүйелерінің материалдарынан адамның сыртқы келбетін сот сараптамасының ақпараттық көзі ретінде пайдалану, толық және объективті ақпарат алуға жаңа мүмкіндіктер ашады, бұл бейнесуреттер бойынша адамның сыртқы келбетін криминалистикалық зертеудің жаңа түрін жүргізу барысында дәлелдемелер алу кезінде криминалистикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері криминалистикалық зерттеудің осы түрінің әдіснамасын жасауға және негіздеуге мүмкіндік берді. Автор анатомиялық (статикалық) және функционалды (динамикалық) белгілері негізінде бейнематериалдарда бейнеленген адамның сыртқы келбетін зерттеудің жаңа кешенді тәсілін ұсынады. Автормен ұсынылған зерттеудің жаңа түрінің әдіснамалық тәсілі сот-портреттік зерттеуді жүргізу аясында ғана емес, сондай-ақ барлық жағынан криминалистикалық маңызды ақпаратқа назар аударуға мүмкіндік береді. Бейнесуреттер бойынша адамның сыртқы келбетін криминалистикалық зерттеудің заты шешілетін криминалистикалық міндеттердің ерекшеліктерінде, қолданылатын арнайы білім көлемінде, сондай-ақ ол үшін қолданылатын құралдар мен әдістерде бейнеленетін болады.

Түйін сөздер: адамның сыртқы келбеті, бейнематериалдар, бейнетіркеу, бейнебақылау, анатомиялық (статикалық) белгілер, функционалдық (динамикалық) белгілер, сот-портреттік сараптама, адамның сыртқы келбетін криминалистикалық зерттеу, арнайы ғылыми білім, ғылыми-техникалық құралдар, ұқсастық, сәйкестендіру.

МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ИССЛЕДОВАНИЯ ВНЕШНЕГО ОБЛИКА ЧЕЛОВЕКА ПО ВИДЕОИЗОБРАЖЕНИЯМ

Сайдамарова В.В.

магистр юридических наук

Карагандинская академия МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова

Аннотация. В работе рассмотрены современные возможности средств фиксации криминальной деятельности человека с помощью камер видеонаблюдения, где находит свое широкое отображение внешний облик человека. Использование внешнего облика человека с материалов видеосистем в качестве информационных источников судебной экспертизы, открывает новые возможности получения полной и объективной информации, которая

позволит решать криминалистические задачи при получении доказательств в ходе проведения нового вида криминалистического исследования внешнего облика человека по видеоизображениям. Результаты исследования позволили разработать и обосновать методологию данного вида криминалистического исследования. Автором предложен новый комплексный подход изучения внешнего облика человека отобразившегося в видеоматериалах на основе анатомических (статических) и функционально (динамических) признаков. Предлагаемый автором методологический подход нового вида исследования позволяет акцентировать внимание на криминалистически значимой информации со всех сторон не только в рамках проведения судебно-портретного исследования. Предмет криминалистического исследования внешнего облика человека по видеоизображениям будет отображаться в особенностях решаемых криминалистических задач, в объеме используемых специальных знаний, а также в применяемых для этого средствах и методах.

Ключевые слова: внешний облик человека, видеоматериалы, видеофиксация, видеонаблюдение, анатомические (статические) признаки, функционально (динамические) признаки, судебно-портретная экспертиза, криминалистическое исследование внешнего облика человека, специальные научные знания, научно-технические средства, тождество, идентификация.

Introduction

Under the conditions of modern development of Kazakhstan crime remains one of the negative factors affecting the life of society. Although the number of outdoor surveillance cameras is increasing a large number of crimes are committed in public places today. In order to establish the circumstances, the method of committing the offense and the person who committed it as soon as possible it is necessary to use new scientific and methodological approaches. Thus, the solution of these issues can include the development of tools for the introduction of modern scientific and technical means for detecting offenses using video recording and video surveillance.

Modern possibilities of using video systems are aimed at recording information which contains: the activities of people committing crimes; the way they committed the crime; external signs of people participating in a crime, which can reflect not only the external characteristics of a person with its elements and signs but also the features of his gait. Over the past two years, statistical analysis of the number of uncovered offences with the help of external surveillance cameras of the Center for Operational Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan showed that 8,216 criminal and 848,932 administrative offences were detected with the help of video surveillance cameras. The dynamics of detection of criminal offenses indicates a steady increase in solving crime using CCTV cameras. The increase of detection of criminal offenses level is observed almost in all regions and cities of republican importance. Among the identified criminal offenses the following are dominating - theft offence – 41,6 %, hooliganism – 16,9 % , loot – 7,5 % , robbery – 0,3 % , assassination – 0,15 % , other criminal infractions – 33,3 % (see figure No. 1).




Figure No. 1

The results of the analysis show the effectiveness of using CCTV cameras in cities and megalopolises both in the prevention of offenses and in their disclosure.

In this regard, we would like to note that today there is a detection of offenses using video surveillance cameras, so there is a demand for obtaining evidence by conducting research (expertise) on materials obtained from video surveillance cameras.

Literature review

Today, the identification of a person based on external signs by anatomical (static) and functional (dynamic) signs has a lot of attention from the media and from forensic scientists because these signs have the following properties: individuality, relative stability, selective variability, reflexivity. These properties are the basis for solving the issue of human identification according to a set of individualizing signs.

In forensic science, for a long time there has been a direction of studying and researching various aspects of the manifestation of a person's identity according to anatomical (static) signs and manifestations of his appearance, both in forensic science, the section of forensic technology and various other areas of knowledge: forensic psychology, forensic medicine, criminal science etc. Many scientific works are devoted to the methods of conducting forensic portrait research based on external signs of a person.

The formation and development of these areas of forensic science were greatly contributed by national and foreign scientists such as: A.F. Aubakirov, P. A. Almagambetov, R. S. Belkin, A. Bertillon, V. G. Bulgakov, K. B. Brushkovsky, A. Ya. Ginzburg, G. Gross, J. R. Dilbarkhanova, Yu. P. Dubyagin, V. A. Zhibankov, A. M. Zinin, V. P. Lavrov, N. P. Makarenko, V. A. Obraztsov, G. I. Povreznyuk, B. A. Salayev, V. A. Snetkov, V. N. Chulakhov, I. N. Yakimov and many others.

However, the theoretical and practical aspects of forensic identification and diagnosis of a person according to his dynamic signs (gait, facial expressions, gesticulation, etc.) remained without the attention of criminalist. A small number of papers that address this issue have been published today.

Basically, the means and methods of human forensic research are focused on working with anatomical (static) traces. There are no modern scientific and technical means with which it would be possible to fix and analyze the dynamic characteristics of a person [1, p. 4].

Main part

One of the most pressing issues in the theory and practice of forensic portrait examination is the development of methods and means. These methods and tools increase the efficiency of using information about the signs of a person's appearance displayed on video images in order to establish his identity in the disclosure and investigation of crimes. This is due to the fact that traditionally photos were used in forensic identification of a person. The existing method of carrying out portrait examination on photographs is intended primarily for working with photographic images of signs of anatomical elements of a person's external appearance. Therefore, it cannot be fully used in the identification of video image materials.

Thanks to computer hardware and software systems, modern video recording and video reproducing equipment, in the practice of bodies carrying out pre-trial investigation, every year there is a demand for forensic identification of a person by video images. After analyzing the statistical data provided by the operational and forensic divisions of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, the use of materials obtained from CCTV cameras based on the results of forensic portrait studies, it became clear that in: Almaty, Aktobe, Nur-Sultan, Pavlodar, as well as in the East Kazakhstan and West Kazakhstan units, portrait studies were carried out, exclusively on the basis of anatomical features of appearance, regardless of what material was provided for the study (photograph or video). However, for the specified period the portrait research was not carried in Taldykorgan, Atyrau, Zhambyl, Kostanay, Kyzylorda, Mangistau, North Kazakhstan region, Turkistan, Shymkent.

An analysis of the number of forensic portraiture studies conducted states that this type of study is unclaimed. This is dictated by the fact that the video material presented for the study is examined only for the identification of anatomical (static) signs of human appearance, through the method of forensic portrait examination (stop frame). Thus, the most common problem when conducting portrait research on video images is the actual distortion of a person's face in a stop frame. That makes it difficult to recognize and identify the person. With a more detailed study of the materials provided for portrait studies we noted that the methodology for conducting the study is different. There is no equivalence in its conduct. The predominant majority of conclusions are "negative" and "impossible". Based on the video recording materials, which show the external characteristics of a person both anatomical (static) and functional (dynamic), forensic studies are carried out in accordance with the method presented in literary sources for forensic portrait research.

In order to identify the reason for the lack of demand for this type of study, we conducted a survey of employees engaged in pre-trial investigation.

In the course of a survey conducted by officers of the operational-forensic units of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, 39% indicated that portrait studies were conducted by them no more than several times a year, and 32% of respondents never conducted such studies in their practical activities, and the remaining 25% conducted portrait research a little more than several times a month. However, 52% of forensic specialists note that the conclusions issued by them on portrait-identification studies carried

probabilistic conclusions. The conclusions of 35% of respondents spoke about the impossibility of giving a categorical answer or conducting a comparative study. 18% forensic scientists mostly gave positive and 8% negative conclusions about identity (see figure No. 2).

According to the results of the survey, the investigative and inquiry officers indicated that they assigned portrait studies based on the video images and obtained the following results: for example, 43% of the respondents received probabilistic results from specialists or experts; 34% of respondents noted that most often the answer prevails in the conclusions of the study that it was not possible for a specialist or expert or the material is not suitable for personal identification; 18% of investigators answered that positive results about identity in conclusions prevailed; for 5% of the respondents the result was mostly negative (see figure No. 2).




Figure No. 2

According to the results of the survey it was found that comparative studies both from photographs and from surveillance cameras video recordings are carried out as part of a forensic portrait study.

However, it should be noted that not all forensic specialists have special scientific knowledge in the field of forensic portrait research and a certificate for conducting this type of research.

In the course of our analytical work, the following reasons for the decrease in the number of portrait studies carried out and their low effectiveness were identified:

1) there is no unified developed methodology and requirements for video materials submitted for forensic research on the use of anatomical (static) signs of human appearance;

2) most of the materials provided for research are unsuitable due to the low quality of the resolution of video cameras, which does not allow comparison based on anatomical (static) characteristics of a person;

3) sending video material as an object of forensic research, criminalists rely only on anatomical (static) features of a person's appearance. This has a negative impact on the use of data on functional (dynamic) characteristics of a person in their identification;

4) there is no theoretical and practical development in the field of collecting, researching and using of information contained in the functional (dynamic) characteristics of a person in a pre-trial investigation. This leads to the loss of criminally significant information, both about the offender and about the event that occurred;

5) most forensic specialists do not have special scientific knowledge in the field of forensic portrait research.

Researching, we have studied the available theoretical and practical experience in the field of forensic research of anatomical (static) and functional (dynamic) signs of a person captured on video materials. We wondered what type of forensic research should include video recording materials where questions of identification, diagnostic or classification direction will be solved during researching not only anatomical (static) but also functionally (dynamic) features of a person.

The most important conditions for applying the appearance of a person in forensic practice are: definiteness; appropriateness; completeness [2, p. 30].

N.N. Ilyin, in his work cites the opinion of the following authors: Blokhin A.S., Zotov A.B., Kaganov A.Sh., Nazin L.F. The above authors classify portrait and video technical expertise as one of the types of

forensic expertise of video recordings, during which issues related to the establishment of video recording equipment, the identity of the persons depicted in the video portraits, the time of year, day and date of the video recording, the geographical coordinates of the area, fixed on the media of video information, etc. However, N.N. Ilyin does not agree with this opinion in view of the fact that portrait and video technical expertise have different subjects, research methods and solve their own problems [3, p. 23].

Nevertheless, according to N.N. Ilyin, it is necessary to use high-quality video materials with video filming of a person which was carried out and realized according to the rules of signal (identification) photography under normal lighting conditions, in full growth, in statics and dynamics. At the same time, there should be a calm facial expression, as well as the size of the display of a person's head in the frame, which allows further portrait identification (1/5 - 1/6 of the video frame area). A sufficient number of signs of anatomical elements of a person's external appearance are displayed on video images of this type. This allows conducting forensic identification (portrait examination). Video materials directly produced for carrying out portrait examination refer to such sources of information about a person [3, p. 107].

In this case, we disagree with the author. Because the author considers only the anatomical (static) signs of a person displayed in the video material as an object of forensic portrait research based on video materials. Of course, the video presented for the study must meet certain shooting conditions in order to be suitable for further identification of a person's appearance. However, in the video materials there are functional (dynamic) signs of a person's appearance such as: gait, facial expressions, gestures, voice, etc. These signs can be used both in a complex and separately in the forensic study of the appearance of a person based on functional and dynamic features.

Taken together, the signs of appearance allow to realize forensic identification of a person in order to establish an identity. The prerequisites (conditions) for the possibility of using signs of a person's appearance for identification are determined by the properties of the external appearance, its representations and methods of collecting, studying, evaluating and using data on the external appearance of a person [4, p. 5].

It should be agreed with the opinion of V.G. Bulgakov, who claims that during the forensic portrait examination of dynamic characteristics of a person not only identification issues are solved but also diagnostic ones. However, to date, there is no theoretical and methodological basis, no specialized software has been developed, as well as a method of sequential step-by-step expert research. The following have not been established yet: a set of group and individualizing dynamic human characteristics; conditions and factors affecting their display in the surrounding reality that would allow solving identification and diagnostic tasks taking into account age changes, the presence of clothing on a person and various video angles [1, p. 4, 5].

In our opinion, to date, the use of methods, means and techniques of identification by a person's appearance based on video recordings based on a portrait examination for the purpose of disclosing and investigating crimes does not correspond to the modern realities of the time. And to consider a new type of research, such as a forensic examination of the dynamic characteristics of a person, the research will be aimed only at studying and identifying a person by dynamic characteristics. So, in our view, it became necessary to revise and distinguish a separate type of forensic research in the system of the existing classification of forensic examinations as a forensic study of the appearance of a person by video images. This type of research is determined by the need to isolate it outside the scope of the traditional portrait examination because new objects of research of a person's appearance have appeared, recorded with the help of video recording means. In addition, the methods of their research are adapted for solving forensic problems. They are taken from various fields of science and technology such as: computer recording methods, methods of statistical data processing, frame-by-frame computer analysis of video images, etc. In order to consider and highlight a separate type of forensic study of a person's external appearance using video images, we considered it's subject, generic object, as well as a subspecies of research.

In his paper, R.S. Belkin comes to the opinion that the content of the subject of expert examination and the concept of a generic object can constantly undergo changes. Such authors as A.R. Shlyakhov, Yu.K. Orlov, N.A. Selivanov and others also have come to this point of view. All these changes are due to the development of basic sciences, the emergence of new methods and methodology of research and subjects categories, things, processes of differentiation and integration of scientific knowledge. These changes do not lead to the denial of the relative constancy of both the subject and the generic object of expertise sufficient for practical purposes and ensuring the correct use of expertise in legal proceedings. There are 2 types of forensic examination - generic and specific object. A generic object is a class and an object category that are combined by common characteristics. A concrete object is called a definite object that is subject to this expert study, and the subject of expertise and its ancestral object have a great importance in the classification of types of forensic expertise [5, p. 459].

The subject and subspecies of forensic research of a person's external appearance from video images will be based on the tasks solved by the study, using for this purpose special scientific knowledge, means and methods. The subspecies of forensic research will be determined depending on what signs of the appearance of a person are used: anatomical (static), functional (dynamic) or both in the complex. For example, if a person's gait, facial expressions or gestures are examined, then in this case, a type of forensic investigation of a person's external appearance from a video image will be a forensic study of functional (dynamic) signs. If it is necessary to resolve the issue of identifying a person on the basis of facial features as a whole (forehead, eyebrows, eyes, lips, ears, etc.), a type of forensic study of a person's external appearance by video image will be a forensic study of anatomical (static) signs.

Conclusions

The main feature of forensic examination of the appearance of a person by video images is that the main object is live faces, their display in video materials, which are carriers of external features of a person. We can refer video materials containing displays of anatomical (static) and functional (dynamic) features to the general object of forensic research of a person's external appearance from video images. Considering a special object, one should include video materials containing displays of certain anatomical (static) or functional (dynamic) manifestations of a person's external appearance, on the basis of which it is possible to solve, first of all, identification problems of the study. However, solving problems in the course of a forensic study of a person's external appearance using video images should not be limited to identification. Diagnostic and classification tasks are equally important.

Establishing the identity of a person in solving crimes is one of the most difficult tasks. A variety of data is collected and examined for personal identification. Properties that are informative in nature, by which the idea of a person's personality is compiled are subjected to research. Modern video surveillance systems are widely used as a means of fixing human criminal activity. Here, the reflection of the appearance of a person, in particular his anatomical (static) and functional (dynamic) features is reflected. Our research indicates that in order to establish an identity and formulate a categorical conclusion it is necessary to obtain the essential set of signs sufficient for identification. In this regard, the correct use of video surveillance systems as an information source of information and, above all, a source of evidence opens up new opportunities for obtaining complete and objective information when identifying a person's personality in the complex of displayed external signs. All this will make it possible to solve forensic problems during a new type of **forensic research of a person's external appearance from video images** more effectively.

REFERENCES

- 1 Bulgakov V.G. Methodical bases of forensic identification and diagnostics of a person according to the dynamic characteristics: monograph / ed. doct. jurid. sciences, prof. A.M. Zinina. - M.: JurLitform, 2014. - 144 p.
- 2 Zinin A.M. Habitoscopia and portrait examination, textbook / A.M. Zinin, I.N. Podvolotsky; ed. E.R. Rossinskaya. - M.: Norma: INFA - M, 2017. - 288 p.
- 3 Ilyin N.N. Forensic identification of a person by video images. Based on Russian Federation materials: dis. ... PhD in Law. - Moscow, 2015. - 214 p.
- 4 Snetov V.A., Habitoscopia. Volgograd: High School of the Ministry of Internal Affairs of the USSR, 1979. - 182 p.
- 5 Belkin R.S. Criminalistics Course: Study guide for universities. - 3rd ed., supplemented. - M.: UNITY-DANA, Law and Right, 2001. - 837 p.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Булгаков В.Г. Методические основы криминалистической идентификации и диагностики человека по его динамическим признакам: монография / под ред. докт. юрид. наук, проф. А.М. Зинина. - М.: Юрлитформ, 2014. - 144 с.
- 2 Зинин А.М. Габитоскопия и портретная экспертиза: учебник / А.М. Зинин, И.Н. Подволоцкий; под ред. Е.Р. Россинской. - М.: Норма: ИНФА - М., 2017. - 288 с.
- 3 Ильин Н.Н. Криминалистическая идентификация человека по видеоизображениям (по материалам Российской Федерации): дис. ... канд. юрид. наук. - М., 2015. - 214 с.
- 4 Снетов В.А. Габитоскопия. - Волгоград: ВСШ МВД СССР, 1979. - 182 с.
- 5 Белкин Р.С. Курс криминалистики: учеб. пособие для вузов. - 3-е изд., доп. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, Закон и право, 2001. - 837 с.

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ / INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Виктория Викторовна Сайдамарова - заң ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы ҒЗИ ІІО қызметін криминалистік қамтамасыз ету проблемаларын зерттеу орталығының бастығы, полиция полковнигі. Қарағанды қ., Ермеков к., 124. E-mail: v.iktoriya@mail.ru

Сайдарова Виктория Викторовна - магистр юридических наук, начальник Центра по исследованию проблем криминалистического обеспечения деятельности ОВД НИИ Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, полковник полиции. г.Караганда, ул. Ермакова, 124. E-mail: v.iktorya@mail.ru

Victoria V. Saidamirova - master in Law, head of the Center for research on the problems of forensic support for the activities of internal Affairs bodies of the Research Institute of the Karaganda academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov, police colonel. Karaganda, 124 Ermekov street. E-mail: v.iktorya@mail.ru

ӘДІЛДІК ПЕН ШЫНДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ – ЖАРИЯЛЫЛЫҚ**Ө.А. Тұрғанов**

заң ғылымдарының магистрі

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Д.А. Амангельдиев

философия докторы (PhD)

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Аңдатпа. Ғылыми мақалада қылмыстық процестегі жариялылық қағидасына қатысты сұрақтар қарастырылады. Авторлардың ойынша, қылмыстық процестің жариялылық қағидасы тек сотта істі қарау барысында ғана емес, сонымен қатар сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатыларында да іске асырылуы тиіс. Жариялылықты мемлекеттік басқару мен билік органдарының тиімді жұмыс жасауына халықтың сынауы мен ашық бақылау жүргізуі деп түсіндіріп көрсетеді. Сол себепті, мемлекеттік қызметтің барлық сатыларында жариялылықты кеңейтіп, көпшілік пікірімен танысып және санасып, туындаған мәселелерді жұрт алдында талқылауды қолданысқа енгізу қажеттілігі ұсынылған.

Жариялылық принципі процеске қатысушылардың істің барлық материалдарымен, соның ішінде жедел-ізвестіру шараларының барысында алынған деректермен және сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында берілген прокурор нұсқауларымен (заңда көзделген шектеуден басқа) танысуды көздейді. Сонымен қатар бұл принцип сот шешімінің көпшілікке жария етілуін, тараптардың процеске қатысушы басқа адамдардан түскен шағымдар туралы құлағдар болуды және танысу мүмкіндігін, кез келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орны туралы хабардар болуды, заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларының бірыңғай деректер базасын құруды және олармен, сот актілерінің орындалуы жөніндегі ақпаратпен еркін танысуды қамтиды.

Авторлардың көзқарасы бойынша, егер жариялылық үнемі жүзеге асырылатын болса, онда іс жүргізуге қатысушылардың барлығы заң талаптарын және өз міндеттерін адал орындайды. Сонымен қатар жариялылық арқылы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері сақталып, заңдар мен әділ соттардың беделі көтерілетіні айтылған.

Түйін сөздер: еркіндік, сенімділік, жариялылық, халық, мемлекет, қоғам, шынайы, толық, ақпарат, сыйластық, билік, деңгей, азаматтар.

ГЛАСНОСТЬ – ОТРАЖЕНИЕ СПРАВЕДЛИВОСТИ И ПРАВДЫ

Турғанов О.А.

магистр юридических наук

Карагандинская академия МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова

Амангельдиев Д.А.

доктор философии (PhD)

Костанайская академия МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова

Аннотация. В научной статье рассматриваются вопросы, касающиеся принципа гласности в уголовном процессе. По мнению авторов, принцип гласности уголовного процесса должен быть реализован не только в ходе судебного разбирательства, но и на стадиях досудебного расследования. Гласность трактуется как критика и открытый контроль со стороны населения за эффективной работой органов государственного управления и власти. Поэтому на всех этапах государственной службы предлагается расширить публичность, ознакомиться с мнением общественности и обсудить возникшие вопросы.

Принцип гласности предусматривает ознакомление участников процесса со всеми материалами дела, в том числе с данными, полученными в ходе оперативно-розыскных мероприятий, и указаниями прокурора, данными в ходе досудебного расследования (кроме ограничений, предусмотренных законом). Кроме того, данный принцип включает в себя публичность решения суда, наличие и возможность ознакомления сторон с жалобами, поступившими от других лиц, участвующих в процессе, информированность о времени и месте рассмотрения дела в любой судебной инстанции, создание единой базы данных вступивших в законную силу приговоров и постановлений суда и свободное ознакомление с ними, информацией по исполнению судебных актов.

По мнению авторов, если гласность всегда была в действии, то все участники производства указывали на добросовестное выполнение требований закона и своих обязанностей. Также отмечено, что посредством гласности соблюдаются права и законные интересы граждан, повышается авторитет законов и справедливых судов.

Ключевые слова: свобода, вера, гласность, народ, государство, общество, правда, полнота, информация, уважения, власть, уровень, граждане.

PUBLICITY IS A MIRROR OF JUSTICE AND TRUTH

Turganov O.A.

master in Law

Karaganda academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov

Amangeldiyev D.A.

Doctor of Philosophy (PhD)

Kostanay academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan after Sh. Kabyibaev

Annotation. The proposed scientific article deals with issues related to the principle of transparency in criminal proceedings. According to the authors, the principle of transparency of the criminal process should be implemented not only during the trial, but also at the stages of pre-trial investigation. Publicity is interpreted as criticism and open control on the part of the population over the effective work of public administration and government. Therefore, at all stages of the public service, it is proposed to expand the publicity, get acquainted with the public opinion and discuss the issues that have arisen.

The principle of transparency provides for familiarizing the participants in the process with all the materials of the case, including the data obtained during operational search activities, and the instructions of the prosecutor given during the pre-trial investigation (except for the restrictions provided for by law). In addition, this principle includes the publicity of a court decision, the availability and accessibility of the parties with complaints received from other persons involved in the process, awareness of time and place of the hearing in any court, the creation of a single database entered into force verdicts and decisions of the court and a free trial with them, information on the execution of judicial acts.

According to the authors, if the publicity was always in effect, then all participants in the proceedings pointed to the conscientious fulfillment of the requirements of the law and their duties. It is also noted that through publicity, the rights and legitimate interests of citizens are respected, the authority of laws and fair courts is increased.

Keywords: freedom, faith, glasnost, people, state, society, truth, completeness, information, respect, power, level, citizens.

Кіріспе

Бүгінгі таңда біздің елімізде сот талқылауының ашық жүргізілуі қылмыстық процестің қағидасы деңгейінде бекітілген. Бұл таң қаларлықтай жағдай емес, өйткені бүкіл әлемдік тәжірибе, сот өндірісінің ашық және жариялы түрде өтуін, сот қызметіне әлеуметтік қадағалаудың тиімді тәсілі екеніне сендіреді. Сот өндірісінің ашық жүргізілуі «Адамның құқығы мен негізгі бостандығын қорғау» туралы Европалық Конвенцияның 6-бабының 1-бөлігінде көзделген мақсатқа жетуге үлесін тигізеді.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы – қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық процестің заңын және жедел-іздікестіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық құралдарды әзірлеуді талап етеді.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңмен белгіленген тәртібінде – негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеулерден мүлтіксіз қорғауды қамтамасыз етуге, кінәсіз адамды айыптаған немесе соттаған жағдайда оны тез арада және толығымен ақтауға, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібінің нығаюына, қылмыстың алдын алуға, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етуге тиіс деп көрсетілген [1].

Негізгі бөлім

Тарихқа көңіл бөлетін болсақ, сот өндірісінің жариялылығына деген көзқарас, тек XIX ғасырдың 60-жылдарындағы соттық қайта құру барысында күрт өзгергенін байқаймыз. Революцияға дейінгі ғалым И.Я. Фойницкийдің өзі, «өндірістің құпиялылығы қатал жаза тәрізді, ол сотталушыға аяшылық пен үкімнің дұрыстығына сенімсіздік туғызады» - деп жазған болатын [2, б. 95]. Ал осы мәселе бойынша профессор В.К. Случевский өз еңбектерінде «жабық сотта кінәсіз, ешқашан толық ақталмайды» - деп атап өткен [3, б. 77].

Қылмыстық сот ісін жүргізудің жариялылығы қылмыстық процес құқығындағы қағидалар жүйесінде басты орындардың бірін алатындығы анық. Ежелгі Римнің өзінде қылмыстық сот ісін жүргізу халық алдында ашық жиналыс ретінде өткізілген. Ал кейіннен адамға айып тағу барысында халықтың қатысуын қамтамасыз ететін және іс жүргізудің барлық сатыларының жариялы түрде өтуін қадағалайтын тұрақты комиссиялар құрылған болатын. Сол кезде Римнің әрбір азаматы өзіне қатысты шығарылған үкімге халық алдында апелляциялық шағым білдіруге құқылы болған [4].

Тәуелсіз еліміздің Конституциясы, сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріп, әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуына және таратуына құқық берген (Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабы).

Сөз еркіндік құқығына, сенімділік пен оларды еркін айтуға жариялылық кепілдік ретінде ұсынылады. Халық мемлекет пен қоғамдық өмір туралы шынайы, толық және уақытылы ақпарат алатын болса, бұл адамдарға деген сенімділік пен сыйластықты білдіріп, адамдардың мемлекет билігіне деген сенімділігін арттырады. Біз тек осыған ғана ұмтылуымыз қажет, өйткені бұл күшті және дамыған құқықтық мемлекеттің белгісі болып табылады. Жариялылық, азаматтарға заңдылық, атқарушылық және соттық билікті бақылауға мүмкіншілік береді, олар туралы пікірлер білдіріп, билікті органдар мен олардың қызметінің құрылуына әсерін тигізеді. Қылмыстық қудалау органы қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін тапқан әрбір жағдайда өз құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын белгілеу, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу, оларды жазалау үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға, сол сияқты кінәсіз адамды ақтау үшін шаралар қолдануға міндетті (ҚР ҚПК-нің 34-бабы).

Қазіргі таңда біздің елімізде кез келген істің әділ және заңды шешілуі туралы азаматтар қызығушылық білдіруде және ол туралы білуге құқылы. Осыған байланысты қылмыстық істің тергелу және қарастырылу барысындағы қорытындыларды жарыққа шығару, яғни сот өндірісінің жариялылығы кез келген құқықтық мемлекеттің бар болуына қажетті ықпалын тигізеді.

Белгілі ғалым З.В. Макарованың тұжырымдауы бойынша, қылмыстық іс жүргізудің жариялылығы, әлеуметтік жариялылықтың бір түрі болып табылады [5, б. 22].

Ал, А.Я. Сухареваның тұрғысынан жариялылық, қылмыстық іс жүргізудегі ашық сот талқылауы ретінде қарастырылған [6, б. 62]. Бұл жағдай бойынша И.Л. Петрухин, жариялылықтың мазмұны ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін есептемеген [7, б. 172], ал келесі авторлар: М.А. Чельцов, И.И. Мартинович, А.А. Шушанишвилли болса, ондай қызметті жариялылықтың қажетті элементі болып табылады деп санаған [8, б. 10].

Қайта құру кезеңінде демократиялау мен жариялылықтың шынайы түсінігін қалпына келтіруге және қоғамдық өмірдің барлық саласын жақсартуға күш жұмсалған болатын. Кеңес Одағының Коммунистік Партиясының XIX бүкіл одақтық конференциясында сөз сөйлеген М.С. Горбачев: «Бүгінгі күнгі жариялылық – қоғамдағы моральдық және қарапайым рухани қатынастың ажырамайтын бөлігі. Барлық басқару органдар қызметін, бүкіл халықтық бақылаудың әсерлі түрі мен кемшіліктерді түзеуге күшті серпіліс болады» - деген. Аталған конференцияда «Жариялылық – құқық қорғау органдар қызметіне халықтық бақылаудың міндетті жағы» - деген еді [9].

Жариялылыққа бір жақты қарауға болмайды. Себебі, жариялылық күнделікті өмірде кездесетін, үнемі адамзатқа қажет болатын шаралардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін алғаннан кейін тәуелсіз мемлекет ретінде қылмыстық процестік кодексі бірнеше рет өзгертулер мен толықтыруларға ұшырады. 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған Қылмыстық процестік кодекстің 29-бабында, сотта істі қараудың жариялылығы қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін айқындайтын қылмыстық процестің қағидасы ретінде бекітілген. Аталған жариялылық қағидасында, барлық соттар мен барлық сот сатыларындағы қылмыстық істерді талқылаудың ашық жүргізілуі міндеттелген (ҚР ҚПК-нің 29-б. 1-бөлігі). Қылмыстық сот ісін жүргізудегі жариялылық қағидасының маңыздылығы сот барлық істерді ашық сот мәжілісінде халықтың қатысуымен қарастыруында. Яғни, кез келген 16 жасқа толған есі дұрыс азамат сот мәжіліс залына еркін кіріп, сот тергеуіне қатыса алады (ҚР ҚПК-нің 345-б. 5-бөлімі). ҚР ҚПК-нің бұл қағидасы қылмыстық сот ісін жүргізуде демократиялық және жариялылық бастамасын күшейтуге арналған деуге болады.

Тергеу органдарымен ұсынылған істің барлық құжаттарын сотта ашық қарау барысында сот қарауына қатысушы азаматтардың қарастырылған істің мән-жайы туралы өз ойларын білдіріп, іс жүргізудің әділдігі мен оның қорытындысына баға беру арқылы қылмыстық сот ісін жүргізу туралы оң қоғамдық ой-пікір қалыптастыруына ықпалын тигізеді анық. Оның үстіне жариялы іс жүргізу азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне кепілдікті бекітіп қана қоймай, соттардың жауапкершіліктерін арттырады сөзсіз.

Біздің ойымызша, сот талқылауының ашықтығы мен жариялылық түсініктерінің ортақтастығы болғанымен, олар біріне бірі ұқсас емес. Өйткені ашықтық деп барлық азаматтарға қылмыстық процес барысына жол ашып әрбіреуінің сот мәжіліс залына кіріп онда істі тыңдау жүргізу барысында қатысуын айтамыз. Ал, жариялылық болса аса кең түсінікті қамтып, іс жүргізу барысына тек жол ашып қана қоймай, сонымен қатар азаматтардың қылмыстық процесс пен оның қорытындыларын талқылауға, яғни көпшілік өз ойларын білдіруге және сот пен құқық қорғау органы қызметкерлерінің қызметіне баға берулеріне мүмкіндік береді. Сот өндірісінің жариялылық мазмұнының басты элементі болып, ашық сот талқылауы табылады. Ашық сот талқылауынан бөлек жариялылық мазмұнына басқа да элементтер кіреді. Осы элементтер қылмыстық сот өндірісімен азаматтардың танысуға және талқылауға

жол береді. Оған соттың үкімі және іс бойынша қабылданған қаулылар барлық жағдайларда көпшілік алдында жарияланады, тек жабық сот отырысында қаралған істер бойынша үкімнің кіріспе және қарар бөліктері ғана көпшілік алдында жария етілетіндігін айта кетсек болады (ҚР ҚПК-нің 29-б. 3-б).

Қылмыстық процестің жариялылығы іс жүргізуге қатысушы барлық адамдардың заң талаптары мен өздеріне жүктелген міндеттерін адал орындауларына, заңдар мен әділ соттардың беделінің көтерілуіне ықпалын тигізеді. Заңның сақталмауы, адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы, тек жариялылық қағидасын дұрыс қолдану барысында айқын көрінеді. Сол себепті жариялылық заңдылық пен жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге кепіл болады.

Бүгінгі біздің тәуелсіз елімізде орын алған бәсекелестік бастамаларындағы жариялылық белгілерін сотта істі қарауда ғана емес, қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында қолдануға бағытталған құқықтық шаралар жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында жариялылық қағидасының қаншалықты қолданылатындығы туралы сұрақтар туындайды. Қылмыстық процестің жариялылық қағидаларының талаптарына сәйкес, заңмен қорғалуды құрайтын құпия мәліметтерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қолдану мүмкіншіліктеріне қатысты туындайтын сұрақтарға осы жұмыс шеңберінде жауап берсек дейміз.

Егеменді еліміздегі қылмыстық процес қызметі конституциялық талаптарды қатаң сақтай отырып іске асырылуы қажет. Осы тұрғыда мемлекет пен әр азаматтың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің негізгі кепілі заңдылық, айыпталушының қорғалу құқығы, іс жүргізудің ашықтығы мен жариялылығы және т.б.

Қорытынды

Осы ғылыми мақаламызда біз жоғарыда айтылғандардың бірі – қылмыстық процестің жариялылығын талдап көрелік. Біздің ойымызша, қылмыстық процестің жариялылық қағидасы тек сотта істі қарау барысында ғана емес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатыларында да іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты жариялылықты мемлекеттік басқару мен билік органдарының тиімді жұмыс жасауына халықтың сынауы мен ашық бақылау жүргізуі деп түсінеміз. Сол себепті мемлекеттік қызметтің барлық сатыларында жариялылықты кеңейтіп, көпшілік пікірімен танысып және санасып, туындаған мәселелерді жұрт алдында талқылауды қолданысқа енгізу қажет деп есептейміз.

Осы жерде А.Ф. Конидің айтқанын айтпай кетуге болмайды, себебі ол, «жариялылық – бұл әділдіктің түбірлік бастамасы» [10, б. 33-34] – деп көрсеткен. Біз осы айтылғандармен келісе келе, жариялылық жағдайында заңсыздық, әділетсіздік, зорлық-зомбылық, қиянаттылыққа жол берілмейді және сот пен құқық қорғау органдарына деген халықтың сенімін одан әрі арттыратынына толық сенеміз. Алайда жариялылық тек қағаз бетінде қалдырылып, не болмаса сөзбен айтылып қана қоймай, ол үнемі әрекетте болуы қажет.

Егер жариялылық үнемі әрекетте болатын болса, онда іс жүргізуге қатысушылардың барлығы заң талаптарын және өз міндеттерін адал орындайтындарына кепілдік береміз. Бұл дегеніңіз азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын, заңдар мен әділ соттардың беделінің көтерілуін қамтамасыз етеді. Бір сөзбен айтқанда жариялылық, әділдік пен шындықтың айнасы деп есептейміз.

Себебі, жариялылық жарығымен заңның сақталмауы, адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы анық көрінеді. Соның салдарынан жариялылық, заңдылық пен жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге кепіл болады.

ӘДЕБИТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы №858 Жарлығы.
- 2 Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства. Т. 1. - СПб., 1996.
- 3 Случевский В.К. Учебник русского уголовного процесса. Судостроительство-судопроизводство // Цит. по: Хрестоматия по уголовному процессу России / авт.-сост. Куцова Э.Ф. - М., 1999.
- 4 Чельцов-Бебутов М.А. Курс уголовно-процессуального права. - СПб., 1995.
- 5 Макарова З.В. Гласность в уголовном процессе. - Челябинск: ЧГТУ, 1993.
- 6 Юридический энциклопедический словарь / под ред. А.Я. Сухарева. - М., 1984.
- 7 Петрухин И.Л. Гласность судопроизводства. Конституционные основы правосудия в СССР / под. ред. В.Я. Сазитского. - М., 1981.
- 8 Шушанишвилли А.А. Гласность в советском уголовном судопроизводстве. - Тбилиси, 1969.
- 9 Резолюция XIX всесоюзной конференции КПСС. - М., 1986.
- 10 Кони А.Ф. Собрание сочинений. - М., 1967.

REFERENCES

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn 2010 zhyldan 2020 zhylyfa dejingi kezenge arналган Kukykytk sayasat tuzhyrymdamasy:

Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2009 zhylgy №858 Zharlygy.

2 Fojnickij I.Ya. Kurs ugovnogo sudoproizvodstva. T. 1. - SPb., 1996.

3 Sluchevskij V.K. Uchebnik russkogo ugovnogo processa. Sudoustrojstvo-sudoproizvodstvo // Cit. po: Hrestomatiya po ugovnomu processu Rossii / avt.-sost. Kucova E.F. - M., 1999.

4 Chel'cov-Bebutov M.A. Kurs ugovno-processual'nogo prava. - SPb., 1995.

5 Makarova Z.V. Glasnost' v ugovnom processe. - Chelyabinsk: CHGTU, 1993.

6 Yuridicheskij enciklopedicheskiy slovar' / pod red. A.YA. Suhareva. - M., 1984.

7 Petruhin I.L. Glasnost' sudoproizvodstva. Konstitucionnye osnovy pravosudiya v SSSR / . pod red. V.YA. Sazitskogo. - M., 1981.

8 Shushanishvili A.A. Glasnost' v sovetskom ugovnom udoproizvodstve. - Tbilisi, 1969.

9 Rezolyuciya XIX vsesoyuznoj konferencii KPSS. - M., 1986.

10 Koni A.F. Sobranie sochinenij. - M., 1967.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Өмірзақ Асылтайұлы Тұрғанов – заң ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан, Қарағанды қ., Ермеков к., 124. E-mail: omirzak_t@mail.ru

Дархан Амангелдіұлы Амангелдиев – философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қылмыстық құқық және жазаны орындауды ұйымдастыру кафедрасының бастығы. Қазақстан, Қостанай қ., Абай даңғ., 11. E-mail: darkhanKVSH1979@mail.ru

Турганов Омирзақ Асылтаевич – магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры уголовного права и криминологии Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова. Казахстан, г. Караганда, ул. Ермекова, 124. E-mail: omirzak_t@mail.ru

Амангельдиев Дархан Амангельдиевич – доктор философии (PhD), начальник кафедры уголовного права и организации исполнения наказания Костанайской академии МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева. Казахстан, г. Костанай, пр. Абая, 11. E-mail: darkhanKVSH1979@mail.ru

Omirzak A. Turganov – master in Law, Senior Lecturer of the Department of Criminal Law and Criminology of the Karaganda academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov. Kazakhstan, Karaganda, Yermekov str., 124. E-mail: omirzak_t@mail.ru

Darkhan A. Amangeldiyev – Doctor of Philosophy (PhD), Head of the Department of Criminal Law and Organization of Execution of Punishment of the Kostanay academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after Sh. Kabylbaev. Kazakhstan, Kostanay, 11 Abay Avenue. E-mail: darkhanKVSH1979@mail.ru

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАСЫН ӨТЕП ШЫҚҚАН ТҮЛҒАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУДЕГІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

А.Ж. Садықов

заң ғылымдарының магистрі

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Аңдатпа. Ғылыми мақалада, бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеудегі құқық қорғау органдарының қызметін реттеуші, қазіргі уақытта әрекет ететін нормалардың, еліміздің бүгінгі күнгі әлеуметтік-экономикалық жағдайын және халықаралық стандарттар талабын ескере отырып өзгертілуі және толықтырылуы керек екендігі, сондай-ақ, осы саладағы қызметті тиімді ұйымдастыру үшін шетелдік озық тәжірибелердің жан-жақты зерттелуінің тиімділігі қарастырылған. Жазасын өтеуден босатылған тұлғалардың әлеуметтік ортаға бейімделу мәселесі қылмыстылықпен күресудің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады, ол криминология мен қылмыстық жазаны атқару құқығының және құқық қорғау қызметінің түйісінде орын алады. Криминологиялық тұрғыдан алғанда, ол рецидивтік қылмыстылықтың алдын алудың негізгі бағыттарының бірі болып саналады.

Рецидивтік қылмыстылықты қысқарту міндеті қазіргі таңда аса өткір қойылып отыр. Сондықтан әлеуметтік бейімдеудің жалпы теориясын жасақтауға деген қажеттілік барынша айқын сезілуде. Әңгіме жазасын өтеуден босатылғандарды әлеуметтік бейімдеудің құрылымын кешенді түрде зерттеу, олардың әлеуметтік ортамен өзара әрекеттестігінің механизмі, жазадан босатылғандардың қоғамға қарсы әрекеттерімен күресудің жаңа әдістері мен нысандары, тұлғалардың жекелеген санаттарының әлеуметтік бейімделу үрдісінің жүзеге асырылуына тән болатын сипатты ерекшеліктер туралы болып отыр.

Жеке адамның жазасын өтегеннен кейінгі мінез-құлқы жазалау-тәрбиелік ықпал ету нәтижелеріне ғана емес, оған пенитенциарлықтан кейінгі бейімделу факторларының әсеріне де байланысты. Олардың кейбіреулері білім беру әсерінің қол жеткізілген нәтижелерін шоғырландыруға ықпал етуі мүмкін, ал басқалары, керісінше, жаңа қылмыстар жасауға итермелейді. Пенитенциарлықтан кейінгі қорғаншылықтың отандық жүйесі елеулі заңнамалық, әкімшілік және қаржылық қамтамасыз етуді талап ететіні анық. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу проблемасын құқық қорғау органдарының күш — жігерінің есебінен ғана толық көлемде шешу мүмкін емес-бұған қоғам, тұтастай мемлекет мүдделі болуға тиіс. Қазақстандық пенитенциарлықтан кейінгі қорғаншылық жүйесін құру және реттеу ісінде шет мемлекеттердің тәжірибесі өте құнды болып табылады.

Түйін сөздер: қылмыстық-атқару жүйесі, әлеуметтік-құқықтық көмек, әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік орта.

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ В СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ ЛИЦ, ОТБЫВШИХ УГОЛОВНЫЕ НАКАЗАНИЯ

Садықов А.Ж.

магистр юридических наук

Костанайская академия МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева

Аннотация. В научной статье рассмотрено, что регуляторы деятельности правоохранительных органов в адаптации лиц, отбывших уголовное наказание в виде лишения свободы, к условиям жизни на свободе, действующие в настоящее время нормы должны быть изменены и дополнены с учетом современного социально-экономического положения страны и требований международных стандартов, а также необходимость всестороннего изучения передового зарубежного опыта для эффективной организации деятельности на данном направлении. Проблема адаптации лиц, освобожденных от отбывания наказания, к социальной среде является одной из основных проблем борьбы с преступностью, которая имеет место на стыке криминологии и права исполнения уголовного наказания и правоохранительной службы. С криминологической точки зрения она считается одним из основных направлений профилактики рецидивной преступности.

Задача сокращения рецидивной преступности в настоящее время ставится наиболее остро. Поэтому наиболее ярко ощущается потребность в разработке общей теории социальной адаптации. Речь идет о комплексном изучении структуры социальной адаптации освобожденных от отбывания наказания, механизме их взаимодействия с социальной средой, новых методах и формах борьбы с антиобщественной деятельностью освобожденных от наказания, характерных особенностях осуществления процесса социальной адаптации отдельных категорий лиц.

Поведение отдельного человека после отбытия наказания зависит не только и не столько от результатов карательно-воспитательного воздействия, сколько от влияния на него факторов постпенитенциарной адаптации. Одни из них могут способствовать закреплению достигнутых результатов воспитательного воздействия, а другие, наоборот, провоцируют совершение новых преступлений. Очевидно, что отечественная система постпенитенциарной опеки требует серьезного законодательного, административного и финансового обеспечения. В полной мере решить проблему социальной адаптации лиц, освобожденных из мест лишения свободы, невоз-

можно только за счет усилий правоохранительных органов — в этом должно быть заинтересовано общество, в целом государство. И в деле построения и регулирования казахстанской системы постпенитенциарной опеки чрезвычайно ценным является опыт зарубежных государств.

Ключевые слова: уголовно-исполнительная система, социально-правовая помощь, социальная адаптация, социальная среда.

INTERNATIONAL EXPERIENCE OF LAW ENFORCEMENT AGENCIES IN THE SOCIAL ADAPTATION OF PERSONS WHO HAVE SERVED CRIMINAL SENTENCES

Sadykov A.Zh.

master in Law

Kostanay academy of the MIA of the Republic Kazakhstan named after Sh. Kabylbayev

Annotation. In this scientific article describes that controls activities of law enforcement agencies in the adaptation of persons who served a criminal sentence of imprisonment to the conditions of life at large, the current rules should be amended and supplemented taking into account the current socio-economic situation of the country and requirements of international standards, and the need for a comprehensive study of best international practices for the effective organization of activities in this field. The problem of adaptation of persons released from serving a sentence to the social environment is one of the main problems of the fight against crime, which takes place at the intersection of criminology and the law of the execution of criminal sentences and law enforcement services. From a criminological point of view, it is considered one of the main areas of prevention of recidivism.

The goal is to reduce recidivism at the present time is most acute. Therefore, the need to develop a general theory of social adaptation is most clearly felt. We are talking about an integrated study of the structure of social adaptation of the released from punishment, the mechanism of their interaction with the social environment, new methods and forms of combating anti-social activities exempted from punishment, the salient features of the process of social adaptation of certain categories of persons.

The behavior of an individual after serving a sentence depends not only and not so much on the results of punitive and educational influence, but on the influence of factors of post-penitentiary adaptation on him. Some of them can help to consolidate the achieved results of educational influence, while others, on the contrary, provoke the commission of new crimes. It is obvious that the domestic system of post-penitentiary guardianship requires serious legislative, administrative and financial support. It is impossible to fully solve the problem of social adaptation of persons released from prison only through the efforts of law enforcement agencies — this should be in the interest of society and the state as a whole. And the experience of foreign countries is extremely valuable in the construction and regulation of Kazakhstan's system of post-penitentiary guardianship.

Keywords: penal enforcement system, social and legal assistance, social adaptation, social environment.

Кіріспе

Сотталғандарды түзету және әлеуметтік ортаға қайта бейімдеу өрісіндегі халықаралық тәжірибені зерттеуді, асылы әр түрлі мемлекеттердегі криминогендік жағдайдың дамуының себептерінен бастаған дұрыс деп санаймыз, себебі ол әрбір елде белгілі бір айырмашылықтарға ие және де осы аталған жағдай, өз кезегінде сотталғандарды бейімдеудің әдістері мен мазмұнын айқындаудың негізі болып табылады.

Осыған байланысты, бостандыққа шыққан адамдардың аталған санаттарына нақты көмек көрсету мақсатында олардың әлеуметтік мәселелерін шешудің жаңа нысандарын қарастырған дұрыс. Осы тұрғыдан алғанда, шет елдерде жүзеге асырылып, өзінің тиімділігін нақты дәлелдеген тәжірибелерді біздің еліміздің жағдайларына икемдеп, үлгі ретінде пайдаланған әбден дұрыс болар еді деп ойлаймыз.

Негізгі бөлім (әдістеме, нәтижелер)

1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде әлемнің саяси картасында пайда болған жаңа мемлекеттерде түбегейлі өзгерістер орын алды. Ол өзгерістер тек экономиканы ғана қамтымай, сонымен қатар саясат, қоғамдық құрылыс, қоғамдық сана өрісін де терең қамтыған болатын. Тоқсаныншы жылдардың басынан етек алған экономикалық құлдырау, соның салдарынан туындаған жаппай жұмыссыздық, халықтың басым көпшілігінің тұрмыс деңгейінің күрт төмендеуі сол жылдардағы қылмыстылықтың өршуіне алып келген негізгі факторлар болып табылатын.

Сотталғандардың мәселелерімен айналысатын бірқатар халықаралық ұйымдардың, мәселен, түрме зерттеулерінің халықаралық орталығының жариялаған мәліметтеріне жүгінсек, әлемдегі мемлекеттердің әрбір жүз мың тұрғынына шаққандағы түрмедегі адамдар саны ТМД мемлекеттерінде төмендегідей көрсеткішке ие. Әзірбайжанда әрбір 100 мың тұрғынға шаққанда - 198, Арменияда - 92, Тәжікстанда - 159, Грузияда - 165, Қазақстанда - 386, Эстонияда - 389, Қырғызстанда - 390, Украинада - 417, Түрікменстан мен Өзбекстанда - 489 адамнан келеді екен. Аталған көрсеткіш бойынша алда Беларусь және Ресей Федерациясы, оларда тиісінше 532 адамды құрап отыр. Салыстыру үшін алыс шетелдерді мысал ретінде алатын болсақ, түрме индексі Польшада - 209, Голландияда - 123, Италияда - 98, Жа-

понияда - 58, Қытайда - 118, Индияда - 29 адамнан келеді.

1989 жылы құрылып, Нидерландыда тіркелген PRI [Penal Reform International] (халықаралық түрме реформасы) үкіметтік емес ұйымының атқарушы директоры Пол Инглиш мырзаның пайымдауынша, ТМД елдерінің қылмыстық-атқару жүйесінде жалпы алғандағы құқық қорғау қызметінде көптеген оң өзгерістер орын алған.

2016 жылғы мәліметтерге қарағанда Ресей Федерациясының түзеу мекемелері мен түрмедегілеріндегі адам саны 1 млн. 150 мың адамнан 850 мың адамға дейін азайған. 2017 жылдың 1 желтоқсанына қарай қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде 888,2 мың адам ұсталған, олардың 719,6 мыңы түзеу колонияларында, тергеу абақтылары мен түрмелерде 157,7 адам, кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу колонияларында 10,7 мың адам болған. Ресей бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің өндірістік әлеуетіне 602 кәсіпорын кіреді (қазіргі уақытта олардың қатарындағы 549 кәсіпорын таратылып олардың негізінде еңбекке бейімдеу орталықтары, өндірістік шеберханалар ұйымдастырылуда). Бостандыққа шыққан тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеудегі құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты озық тәжірибелер көптеген елдерде баршылық.

Мәселен, Польшада түзелу жолына қасарысып түскісі келмейтін тұлғаларға сақтандыру шараларын алу үшін құрылған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының іс-тәжірибесі белгілі бір қызығушылықты туындатады.

Польшаның Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес жазадан босатылғандарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу және олардың тарапынан жаңадан қылмыстар жасалуының алдын алу мақсаттарында Польшада бас бостандығынан айыру орны болып табылмайтын, әлеуметтік бейімдеу орталықтары ұйымдастырылған. Бұл орталықтарға соттың шешімі бойынша бұрын қасақаналық қылмыстары үшін екіден кем емес сотталған, бір жылдан кем емес мерзімінде бас бостандығынан айыру жазасын өтеген, жазасын өтегеннен кейін бес жылдың ішінде бір тектес қылмысты қайталап жасаған және жазаны өтеу тәртібін кәнігі және жүйелі түрде бұзатын тұлғалар жіберіледі. Сонымен бірге онда олар қоғамдық тәртіпті бұзып, оларға белгіленген шектеулерді сақтамайтын болса жіберілуі мүмкін. Әлеуметтік бейімдеу орталықтарында болудың ең жоғарғы мерзімі бес жылдан аспайды.

Шектеулі бостандық жағдайында жазасын өтеп шыққандарға қосымша тәрбиелік ықпал ету, бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуінің дәрежесін тексеру және қоғамды орын алуы мүмкін құқық бұзушылықтардан қорғау әлеуметтік бейімдеу орталықтарының тікелей міндеті болып табылады. Жазасын өтеп шыққан тұлғаларға көмек көрсетуді ұйымдастырудың міндеттілігі Польшаның Қылмыстық-атқару кодексінің нормаларымен жергілікті билік органдарына (воеводалар) және қоғамдық ұйымдарға жүктелген [1, б. 67].

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу процесін реттеуге арналған заңдар бірқатар шетелдерде қабылданған. Мысалы, Жапонияда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешу 1950 жылғы «Постпенитенциарлық қамқорлық туралы» Заңмен реттеледі. Оған сәйкес бейімделуге көмек көрсету міндеттілігі үкіметке, атап айтқанда құрамында сыннан өту қызметі бөлімі бар әділет министрлігіне жүктеледі. Сыннан өту қызметі бөлімінің бастығы бостандыққа шыққан адамға көмек көрсетуді аталған тұлғаларға тапсыра алады: 1) бөлімінің штаттағы қызметкеріне; 2) қоғамдық ұйымның өкіліне; 3) тиісті рұқсаты бар жеке тұлғаға. Көмек көрсету бостандыққа шыққан адам ол туралы өтініш жасаған кезде көрсетіледі. Заңда жұмысқа орналасу, емделу, бос ұйымдастыру, материалдық көмек көрсету және басқа түріндегі көмек көрсетудің мүмкіндігі қарастырылған. Қайта бейімдеу бағытындағы көмек бас бостандығынан айыру орнынан босатылған күннен бастап алты ай бойына көрсетіледі [2, б. 71].

Чехия және Словакияда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға көмек көрсету «Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару туралы» Заңмен реттеледі, онда көмектің нақ осындай түрі «сотталғандарды түзетуді аяқтау бойынша шаралар» ретінде қарастырылған.

Берілген заңдарда түзеу-тәрбиелеу мекемелерінің, жергілікті билік органдарының және шаруашылық ұйымдардың міндеттері барынша айқын белгіленген. Ол бойынша сотталғандарды түзетуді аяқтау үшін қажетті жағдайларды (жұмыспен және уақытша тұрын үймен қамтамасыз ету, тәрбиелеу мақсатындағы шаралары жүргізу) қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып қалыптастыру (мемлекеттік басқару нысанындағы) міндеті егер еңбек қызметін атқару «азаматтық кіршіксіздікті» талап етпейтін болса жұмысқа қабылдау барысында бостандыққа шыққан адамдар мен басқа тұлғалар арасында айырма жасауға құқықсыз болуымен айқындалады. Аудандық ұлттық комитетінің ұсынысы бойынша шаруашылық ұйымы бос орын болған жағдайда жұмысқа бостандыққа шыққан адамды қабылдауға, сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып оған қамқорлық жасауға міндетті [3, б. 96].

Бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққан тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу мәселелері көптеген шетелдік мемлекеттерде әр түрлі нысандарда жүзеге

асырылып шешілетіндігін жоғарыда көрсетілген мысалдардан-ақ байқауға болады. Сонымен бірге әр түрлі «алыс» және «жақын» шетелдердегі аталған мәселені шешудегі жинақталған іс-тәжірибелер зерттеу жұмыстарында, заң әдебиеттерінде біршама толық қарастырылған сол себепті оларды толықтай қайталап жатудың қажеті бола қоймас деп ойлаймыз.

Сондай-ақ біздің елімізде қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың арнайы санаттары үшін әлеуметтік бейімдеу орталықтарын ашу туралы ұсыныстар да жаңалық емес, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ұйымдастырылуы мен қызмет атқаруының қағидасы жағынан барынша ұқсас келетін мекемелердің шетелдерде көп уақыттардан бері біршама табысты түрде жұмыс жасап келе жатқандығын біз анық аңғардық. Атап айтар болсақ, Англияда және басқа да бірқатар елдерде сотталғандарды мерзімінен бұрын-шартты босатуға дайындау кезінде ашық түріндегі түзеу мекемелері барынша кеңнен пайдаланылады. Оларда сотталған адамдарға түзеу мекемесінің аумағынан шығуға рұқсат етіледі. Сотталған адамның болашақтағы бостандық өмір жағдайларына дағдылануының мақсатын көздейтін өзге да режимдік жұмсартулар қолданылады. Осыған ұқсас «ашық» бөлімдер Германияның, Чехия мен Словакияның түзеу мекемелерінде қызмет жасайды.

Қазіргі таңда Америка Құрама Штаттарында 2,5 млн. адам темір торға қамалған. Елдің әрбір 100 мың тұрғынан шаққанда түрмедегілердің санының 686 адамнан келуі бұл мемлекетті аталған көрсеткіш бойынша әлемдегі ең алдыңғы орынға шығарып отыр. Құқық бұзушылық үшін жазаны қаталдандыру өз кезегінде қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдардың аса көп контингентінің елдегі криминогендік жағдайды айтарлықтай шамада ушықтыруының мәселесін пайда қылып отыр.

АҚШ-та жаза мерзімінің белгілі бір бөлігін өтеген (үштен бірінен кем емес) және мерзімінен бұрын-шартты түрде бостандыққа шығу құқығына ие болғандар бостандықтағы өмір жағдайларына дайындалуы үшін қоғамдық түзету орталықтарына жіберіледі. Сотталған адамдар орталық түрін толықтай бостандыққа шыққанға дейін дұрыс өмір жағдайларын қалыптастыру мақсатында өздеріне жұмыс іздестіреді, туыстары және таныстарымен байланыс орнатады. Бастапқы кезеңде олар әлі жұмысқа орналаспаған кезде олар орталықтан күніне екі рет тамақтандырылады. Жұмысқа орналасқан сотталғандар өздерін-өзі асырауға көшіріледі. Сотталғандар әдетте қоғамдық түзету орталықтарынан тыс жерде жұмыс жасайды орталықтың қызметкерлері жұмыс күнінің бойында олардың жүріс-тұрыстарын мезгіл-мезгіл тексеріп тұрады. Сотталған адамдар орталықтың әкімшілігінің рұқсатымен өздерінің туыстары мен таныстарына барып тұруға құқылы.

Сонымен бірге аталған орталықтарда мадақтаулар мен тәртіптік шаралар жүйесі бар. Жағымды жүріс-тұрыстары үшін сотталған адамның жалпы жатын бөлмеден екі орындық бөлмеге ауысуға мүмкіндігі қарастырылған. Жазаны өтеудің бекітілген тәртібін бұзушылар үшін үш рет ескертуден кейін бас бостандығынан айыру орындарына қайтару туралы мәселе қарастырылады. Сотталғандарды әлеуметтік ортаға қайта бейімдеу мәселесінде америкалықтардың қызықты тәжірибелерінің бар екендігі рас. Сондықтан оларға арнайы тоқталудың артықтығы болмас деп санаймыз.

Сотталған адамды әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қайта бейімдеу жалпы алғанда, ол тұлғаның әлеумет арасында қалыпты тіршілік кешу қабілетін қайтадан қалпына келтіру болып табылатындығы анық. Алайда көптеген қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдар үшін қалыпты жағдайда өмір сүру мәселесі бірталай қиындықтарды да пайда қылатыны белгілі. Сондықтан америкалықтар жаңа өмір тәжірибесін алып, жаңа қасиеттерді игеруді, әлеуметтік ортада өмір сүрудің бұрын болмаған тәлімдерін дамытуды қарастыратын «абилитация» терминін қолданады.

Осы тұрғыдан алғанда абилитация адамның жеке басын, қарым қатынас жүйесін сапалық жағынан өзгертіп, құндылықтық құрылымдарын тәртіпке келтіреді, әлеуметтік ынтымақтастықты, эмпатияны (қарсы тараптың эмоционалдық жай-күйін түсіне білу, оларды өзінің жүріс-тұрысында ескеру) дамытады.

АҚШ-тың Нэшвил қаласындағы түзеу мекемесінің директорының орынбасары Боб Кеннингтон сотталғандарды абилитациялаудың «Өмір жолы» атты авторлық бағдарламасын ұсынған. Ол өзі бұрынғы өмірінде жеті жылдық өтілі бар героиндық нашақор болған. Он жылға жуық АҚШ-тың түзеу мекемелерінде ұсталған. Аталған мекемелердің бірінде ол осыған ұқсас бағдарламалардың қатысушысы болып, кейіннен кеңесшілер курсынан өткен. 1986 жылы маскүнемдік пен нашақорлықпен ауыратын сотталғандар арасында түзеу жұмыстарын жүргізу өрісіндегі жетістіктері үшін оның соттылығы алынған.

«Өмір жолы» бағдарламасы АҚШ-та 1993 жылы басталып қазіргі уақытта 16 түзеу мекемесінің жұмыс тәжірибесіне енгізілген. Сотталғандарды түзету жұмыстарында тың тәсілдерді қолдану АҚШ үшін өте өзекті болып табылады себебі соңғы он жылда сотталғандардың жалпы саны екі есеге өскен. Статистикалық мәліметтерге қарағанда маскүнемдік пен нашақорлыққа салыну қылмыс қарқындылығында негізгі рөл атқарады (сотталғандардың 82%-ы сондай адамдар). Америка Құрама

Штаттарында қылмыс рецидиві 65% құраған болса, «Өмір жолы» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде қылмыстың қайталануы екі есеге (34% -ға дейін) азайып, сотталғандарды бейімдеудің ең тиімді бағдарламасы ретінде танылған.

Жалпы алғанда сотталғандарды әлеуметтік ортаға бейімдеудің көптеген үлгілері алыс-жақын шет елдерде жұмыс жасап, жүзеге асырылуда олардың кейбіреулеріне арнайы тоқталған дұрыс та болар.

Швецияда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін қайта бейімдеу орталықтары құрылған. Оларда бұрын сотталған адамдар белгілі бір шамадағы болмашы ақы үшін өздерінің еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешкенге дейін тұрғын үй, тамақ ала алады. Бұл мемлекетте қоғамнан оқшауланған адамдарды бейімдеу мәселесі негізінен алғанда, оларды әртүрлі кәсіптік дайындықтан өткізуге, жалпы білім алуды жалғастыруға негізделген. Бір жылдан артық мерзімге сотталғандар бостандыққа шығардың алдында алдын ала бейімделу мерзімінен өту үшін ұлттық түрмелерден жергілікті түрмелерге ауыстырылады [4, б. 52].

Баспасөз беттерінде соңғы уақыттарда жарияланған мәліметтерге қарағанда, қазіргі таңда Швецияның түзету жүйесіне 140 зауыттық және 25 агроөнімдік және ормандық бірлестіктер біріктірілген оларда әр түрлі өнімдер шығарылып, ағаш дайындау мен орман жұмыстары ұйымдастырылып жүзеге асырылады. Қайта бейімдеу бағдарламаларында сотталған адамдардың тұрақты түрде 2-3 тәулікке түрмеден шығу және бостандыққа шығардың алдында қысқа мерзімді демалысқа шығу мүмкіндіктері қарастырылған. Жалпы айтқанда сотталған адамдарға бостандыққа шығардың алдында қоғамға тығыз кірігуге дайындалуға уақыт беріледі.

Қорытынды

Жоғарыда көрсетілген шетелдік тәжірибелерді үлгі ете отырып, соларға ұқсас қайта бейімдеу орталықтары Санкт-Петербург, Бұқара, Самара, Ярославль және тағы басқа қалаларда ашылып, өздерінің тиімділіктерін іс жүзінде дәлелдей білген. Сондай-ақ Ресейдің Кемерово облысында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған жасы егде тартқан қылмыскерлерге арналған арнайы интернаттың жұмыс тәжірибесі де белгілі қызығушылықты туғызуы тиіс деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Стручков Н.А., Шупилов В.П. Исполнение уголовного наказания в капиталистических странах. – М.: Академия МВД СССР, 1979. – 87 с.
- 2 Пенитенциарные системы зарубежных стран. – Киев: Ред. издат. отдел МВД Украины, 1993. – 104 б.
- 3 Шмаров В.И. Исправительно-трудовое право. – М.: Наука, 1966. – 268 б.
- 4 Яковлев А.М. Об эффективности исполнения наказания // Сов.гос-во и право. – 1964. – № 1. – 120 с.

REFERENCES

- 1 Struchkov N.A., Shupilov V. P. Execution of criminal punishment in capitalist countries. - M.: Academy of the Ministry of Internal Affairs of the USSR, 1979. - 87 p.
- 2 Penitentiary systems of foreign countries. – Kyiv: Ed. Izdat. Department of the Ministry of Internal Affairs of Ukraine, 1993. - 104 p.
- 3 Shmarov V.I. Correctional and labor law. - M.: Nauka, 1966. - 268 p.
- 4 Yakovlev A.M. On the effectiveness of the execution of punishment.state and law. – 1964. – №1. – 120 p.

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ / INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Аскар Жармабаевич Садыков - заң ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ІІО-да әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының оқытушысы. Қостанай қ., Абай даңғ., 11. E-mail: askar.sadykov.87@inbox.ru

Садыков Аскар Жармабаевич - магистр юридических наук, преподаватель кафедры организации социальной работы в ОВД Костанайской академии МВД Республики Казахстан. г. Костанай, пр. Абая, 11. E-mail: askar.sadykov.87@inbox.ru

Askar Zh. Sadykov - master in Law, lecturer of the Department of social work organization in the department of internal affairs of Kostanay academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after Sh. Kabylybayev. Kostanay, 11 Abay avenue. E-mail: askar.sadykov.87@inbox.ru

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДА АСА ҚАТЫГЕЗДІК БЕЛГІЛЕРІН АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАЗАНЫ ТАҒАЙЫНДАУДАҒЫ АЛАР ОРНЫ

Т.Ж. Қаратаев

заң ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Момышұлы атындағы оқу орталығы (Шымкент қ.)

Аннотация. Ғылыми мақалада қылмыстық-құқықтық маңызы бар психологиялық құбылыстар ретінде қатыгездік пен аса қатыгездіктің мазмұны мен белгілері сараланады. Аса қатыгездік белгілері қылмыстық заңнамаларға сай қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде бағаланады. Жұмыста аса қатыгездік белгілеріне жатқызылатын іс-әрекеттер және оның жасалу тәсілдері мен жолдары қаралады.

Аса қатыгездікпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алу себептері және оған әсер ететін негізгі факторлар анықталынады. Автор сот және тергеу тәжірибесін зерделей келе күдікті мен айыпталушылардың мінезінде қатыгездік белгілерінің пайда болу ерекшеліктерін айқындаудың маңызды екендігін дәлелдей отырып, жазасын өтеу барысында сотталушылардың осы ерекшеліктеріне тікелей назар аудару керек екендігіне тоқталады.

Автор аса қатыгездік белгілерінің жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан бөлек өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін жасау барысында да кездесетіндігін көрсетеді. Бұзақылық үшін аса қатыгездік белгісі қаралған. Бұзақылық қоғамдық тәртіпке және қауіпсіздікке қарсы жасалынған құқық бұзушылықтарға жатқызылады. Жануарларға қатыгездік жасаудың жануарларға олардың өлуіне немесе мертігуіне әкеп соққан іс-әрекеттер, егер бұл іс-әрекет бұзақылық ниетпен немесе садистік әдістерді қолдана отырып жас балалардың көз алдында жасалған жағдайда қатыгездік болып есептелінетіндігі айқындалады.

Мақалада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты және қылмыстық істер бойынша жергілікті соттарда қаралған қылмыстық істерге шолу жасалынған.

Сондықтан, әрбір жасалынған қылмыстық әрекет және әрекетсіздіктерді саралау барысында аса қатыгездік белгілерін айқындауда оған елеулі түрде мән беру керек.

Түйін сөздер: Қылмыстық кодекс, қылмыстық жауаптылық, қылмыстық жаза, қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау, қылмыстық құқық бұзушылықтар, аса қатыгездік белгісі, қылмыстық іс-әрекет және әрекетсіздік, сот тәжірибесі, жазаны тағайындау.

СУЩНОСТЬ ВЫЯВЛЕНИЯ ПРИЗНАКОВ ОСОБОЙ ЖЕСТОКОСТИ В КВАЛИФИКАЦИИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ И ЕЕ РОЛЬ ПРИ НАЗНАЧЕНИИ НАКАЗАНИЯ

Каратаев Т.Ж.

кандидат юридических наук

Учебный центр МВД Республики Казахстан им. Б. Момышұлы (г. Шымкент)

Аннотация. В научной статье квалифицируются содержание и признаки жестокости и крайней жестокости как психологических явлений, имеющих уголовно-правовое значение. Признаки особой жестокости квалифицируются как обстоятельства, отягчающие уголовную ответственность и наказание в соответствии с уголовным законодательством. В работе рассматриваются действия, относящиеся к признакам особой жестокости, способы ее совершения.

Устанавливаются причины совершения уголовных правонарушений, совершенных с особой жестокостью, и основные факторы, влияющие на них. Автор, изучая судебную и следственную практику, доказывает важность выявления особенностей проявления признаков жестокости в характере подозреваемых и обвиняемых, подчеркивает, что в процессе отбывания наказания следует обращать непосредственное внимание на эти особенности подсудимых.

Автор указывает на то, что признаки особой жестокости встречаются и при совершении иных видов уголовных правонарушений, помимо уголовных правонарушений против личности. За хулиганство предусмотрен признак особой жестокости. Хулиганство относится к правонарушениям, совершенным против общественного порядка и безопасности. Определяется, что жестокое обращение с животными считается жестоким в случае, если это деяние совершено в присутствии малолетних детей из хулиганских побуждений или с применением садистских методов.

В статье представлен обзор уголовных дел, рассмотренных Верховным Судом Республики Казахстан и местными судами по уголовным делам.

Поэтому при квалификации каждого совершенного преступного действия и бездействия следует уделять ему существенное значение в выявлении признаков особой жестокости.

Ключевые слова: Уголовный кодекс, уголовная ответственность, уголовное наказание, квалификация уголовных правонарушений, уголовные правонарушения, признаки особой жестокости, преступные действия и бездействие, судебная практика, назначение наказания.

**THE ESSENCE OF IDENTIFYING SIGNS OF SPECIAL CRUELTY IN THE QUALIFICATION
OF CRIMINAL OFFENSES AND ITS ROLE IN SENTENCING**

Karataev T.Zh.
PhD in Law

Training Center of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Momysuly (Shymkent)

Annotation. This scientific article qualifies the content and signs of cruelty and extreme cruelty as psychological phenomena that have criminal legal significance. Signs of special cruelty are qualified as circumstances that aggravate criminal responsibility and punishment in accordance with criminal law. The article deals with actions related to the signs of special cruelty, methods and methods of its commission. The reasons for the commission of criminal offenses committed with special cruelty, and the main factors affecting them, are established. The author, studying judicial and investigative practice, proves the importance of identifying the features of the manifestation of signs of cruelty in the character of suspects and accused, emphasizes that in the process of serving a sentence, one should pay direct attention to these features of the defendants.

The author points out that signs of special cruelty are also found in the commission of other types of criminal offenses, in addition to criminal offenses against the person. For hooliganism, a sign of special cruelty is provided. Hooliganism refers to offenses committed against public order and security. It is determined that cruelty to animals is considered cruel if this act is committed in the presence of young children from hooligan motives or with the use of sadistic methods.

The article presents an overview of criminal cases considered by the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan and local criminal courts.

Therefore, when qualifying each criminal act and omission committed, it should be given significant importance in identifying signs of special cruelty.

Keywords: Criminal code, criminal liability, criminal punishment, qualification of criminal offenses, criminal offenses, signs of special cruelty, criminal actions and inaction, judicial practice, sentencing.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [1, б. 1] - деп айқын көрсеткен.

Сондықтан, адамдардың құқықтары мен бостандықтары, өмірі мен денсаулығы қолданыстағы барлық заңдармен қорғалады. Егер олардың құқықтарына қатысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасалынса онда аталған адамдар жауаптылыққа тартылады. Жауаптылық бірнеше түрлерге бөлінеді (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және тәртіптік). Соның бірі қылмыстық жауаптылық, оның өзіне тән ерекшеліктері бар.

Кез-келген тұлғаға қатысты жасалынған құқық бұзушылықтардың ең ауыр түрі қылмыстық іс-әрекеттер арқылы жасалынады. Себебі, ол адамның өмірі мен денсаулығына елеулі түрде зиян келтіреді.

Қылмыстық жауаптылық қылмыстық жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет және әрекетсіздік жасалынғанда ғана белгіленеді. Тұлғалар қылмыстық жауаптылыққа, өздерінің істеген іс-әрекеттері үшін қолданыстағы қылмыстық заңнамаларда қарастырылған нақты қылмыстық құрамның белгілері болған жағдайларда тартылады. Мысалы, қарақшылық, ұрлық, ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру, бұзақылық және т.б. Оның өзінде қылмыстық жауаптылық адамдарға нақты қылмыс құрамын түзейтін қылмыстық құқылық нормаларды кінәлі түрде ғана бұзғанда белгіленеді.

Яғни, қылмыстық жауаптылық бұл қылмыстық құқылық норманы бұзудың нәтижесі, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі. Қылмыстық құқық бұзушылықтар орын алмаса қылмыстық жауаптылық та болмайды. Қолданыстағы қылмыстық заңнамалардың шеңберінде жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық тек жасалынған қылмыстық құқық бұзушылықтармен келтірілген зиянның көлеміне, қылмыстың жасалу тәсіліне, кінәнің нысанына, қылмыскердің тұлғасының ерекшеліктерін ескере отырып қана жүргізіледі.

Негізгі бөлім

Барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар іс-әрекеттер мен әрекетсіздік арқылы, қасақана немесе абайсызда жасалынады. Қылмыстық құқық бұзушылықтар әр түрлі жолдармен және әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылды.

Қылмыстық құқық бұзушылардың жасалу белгілерінің бірі - аса қатыгездікпен, садизммен, сондай-ақ жәбірленушіні қинаумен орындалады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 54-бабына сай аталған іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде бағаланады [1, б. 36].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне сүйенсек, аса қатыгездікпен жасалынатын іс-

әрекеттерге келесідей құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады: Адам өлтіру (ҚР ҚК-нің 99-бабы); Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК-нің 106-бабы); Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (ҚР ҚК-нің 107-бабы); Зорлау (ҚР ҚК-нің 120-бабы); Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚР ҚК-нің 121-бабы). Аталған құқық бұзушылықтардың барлығы «жеке адамдарға қарсы жасалынған» қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарына жатады. Яғни, адам өлтіру, басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату; денсаулыққа қасақана ауыр және орташа зиян келтіру; жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау; күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы, жәбірленушіге немесе басқа адамдарға жасалған сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер үшін Кодексте аса қатыгездік белгілері қаралған.

Сонымен қатар, бұзақылық (ҚР ҚК-нің 293-бабы) үшін аса қатыгездік белгісі қаралған. Бұзақылық қоғамдық тәртіпке және қауіпсіздікке қарсы жасалынған құқық бұзушылықтарға жатқызыла ды. Яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу арқылы жүзеге асырылады.

Жануарларға қатыгездік жасау (ҚР ҚК-нің 316-бабы) жануарларға олардың өлуіне немесе мертігуіне әкеп соққан іс-әрекеттер, егер бұл іс-әрекет бұзақылық ниетпен немесе садистік әдістерді қолдана отырып жас балалардың көз алдында жасалса қатыгездік болып есептелінеді.

Қолданыстағы нормативтік актілерге, сот тәжірибесі мен әдебиеттерге саралау жасасак, «аса қатыгездік» белгісіне қатысты біркелкі ұғым жоқ.

Мысалы, «аса қажеттілік» ұғымын талдауға қатысты отандық түсіндірме сөздік кітаптарға саралау жасағанда, «аса қатыгездік» ұғымына нақты түсіндірме берілмегендігін білуге болады. Ал, «қатыгездік» ұғымын алсақ ол «қаталдық, аяусыз, мейірімсіздік» деген мағыналарды береді. «Аса» деген сөздің мағынасы «айрықша, өзгеге ұқсамайтын, жекелей, өзгеше» деген ұғымдарды қамтиды.

Осыдан шығатын болсақ, аса қатыгездікпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар айрықша өшпенділікпен, мейірімсіздікпен жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқықтық әдебиеттерінде «аса қатыгездік» пен «қатыгездік» ұғымы бірдей деп есептелінеді, сондықтан ерекшеліктер көрсетілмеген.

Аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинай отырып қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау, көбінесе жеке адамдарға, олардың өміріне, денсаулығына, бостандығына қарсы жасалады. Адам өлтіру, зорлау, қарақшылық, бұзақылық кейбір жағдайларда аса қатыгездікпен жасалынады, сонымен қатар өзге де аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарда бұл белгілер көрініс беруі мүмкін. Оған балаларының көзінше анасын азаптауды, сабау немесе жәбірленушіні жанын қинап өлтіру, ерекше қаталдықпен мүлікті қорқытып талап ету сияқты іс-әрекеттерді жатқызамыз. Яғни, қылмыскерлер осы көрсетілген тәсілдер арқылы жәбірленушіні қинап, оны азаптап, жанын, тәнін ауыртып, оған аса ауыр материалдық және моральдық ауырлықты келтіру арқылы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасайды. Жәбірленушіні қинап, қорлық көрсету дегеніміз кінәлінің жәбірленушіге қарсы шектен шыққан арсыздықпен қылмыс істеуі, оның ар-намысын, адамгершілігін аяққа басу арқылы моральдық немесе материалдық зардап келтіруін айтамыз. Аталған белгілерді жауаптылықты ауырлататын мән-жайларға жатқызу үшін, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, соттың кінәлінің ерекше қаталдықпен немесе жәбірленушіге қорлық көрсетіп қылмыстық құқық бұзушылық істеу тәсілін қолдануды сезгенін сот тәжірибесінде анықтау аса қажет [3, б. 112].

«Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 Нормативтік қаулысының 10 тармағына сүйенсек [4, б. 76], «Қаза келтіру тәсіліне қатысты мән-жайларды бағалаған кезде қылмыскердің жәбірленушіге қатысты аса қатыгездік жасағанда тән немесе жан күйзелісі қасіретін келтіретін әрекеттерді қасақана жасайтындығын ескеру керек. Яғни, аса қатыгездік белгілері келесідей жағдайларда көрініс береді: қылмыскер адам өлтірудің алдында немесе оны орындау кезеңінде жәбірленушіні азаптау, қинау немесе оны қорлау әрекеттерін жасайды; кінәлі кісі өлтіру кезеңінде жәбірленушіге ерекше күйзелістер мен қасіреттер (жәбірленушіні өлер алдында ұрып-соғу немесе оған аса ауыр жарақаттар келтіру; оны ұзақ уақыт бойы моральдық тұрғыдан азаптау, аса қиналыс тудыратын улы заттарды пайдалану; жәбірленушіні тірідей өртеу; аязда жылы киімсіз қалдыру; адамды астан, судан айыру және т.б.) келтіретін тәсілдерді жүзеге асырады».

Аталған іс-әрекеттер зорлық жасаумен де сәйкес келеді. Зорлық дегеніміз – бір адамның екінші бір адамға оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тән және психикалық тұрғыдан жаса-

латын іс-әрекеті. Зорлық тән және жан азабын шектірген зорлық болып екіге бөлінеді. Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету арқылы ұрып-соғу, денесіне, денсаулығына зиян келтіру, түрлі тәсілдермен азаптап қинау арқылы жасалынады. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына аса ауыр зиян келтіріледі. Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік-жігерін жасыту мақсатында қорқыту, өлтіремін деп қоқан-лоққы жасау жолымен адамның психикасына әсер ету арқылы іске асырылады. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Зорлық мән-жайына: қылмыстың айрықша қатыгездікпен немесе жәбірленушіні қорлап азаптаумен жасалуын; қылмыстың жасалу тәсіліне: кісі өлтіру, әуе кемесін айдап әкетуді; қылмыс құрамын айқындаушы белгіге: зорлау кезін жатқызуға болады. Аталған белгілер жауаптылықты ауырлатуы мүмкін. Зорлықпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамдық қауіпті сипатқа ие болады.

«Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 4 Нормативтік қаулысының 10 тармағына сай [5, б. 67], «Жәбірленушілерді қорлау және мазақтау, оларды зорлау немесе өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері барысында азаптау, сондай-ақ оларды қинап, ауру және қасірет шектіру мақсатында қасақана дене жарақаттарын келтіруді аса қатыгездік деп түсіну керек. Осы саралау белгісі бойынша жәбірленушілерді қинауды және зардап келтіруді тілеген немесе саналы түрде жәбірленушілерге немесе басқа адамдарға дене немесе моральдық қиналуды және күйзелісті келтірген кінәлілер жауапқа тартылуға жатады. Басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасалған деп мысалы, анасын балаларының алдында зорлау, күйеуінің алдында әйеліне нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану және тағыда басқа әрекеттерді жасау танылуы мүмкін».

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 110-бабына сай «Қинау - азаптауды қолдану арқылы» жасалынады.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңында [6, б. 39] «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаларға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі» деп айқындалған. Зорлық-зомбылық, егер: жұбайлар; бұрынғы жұбайлар; бірге тұратын немесе тұрған адамдар; жақын туыстар; ортақ балалары бар адамдар арасында отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында жасалса «тұрмыстық» ретінде сараланады.

Осы нормативтік-құқықтық актілерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 4 түрі көзделген:

1. Күш көрсету – дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.
2. Психологиялық тұрғыдан – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.
3. Сексуалдық – адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.
4. Экономикалық – адамды заңда көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

Қорытынды

Жоғарыда көрсетілгендерді саралай келе келесідей қорытындыға келеміз: , аса қатыгездік - жәбірленушіге аса тән немесе жан күйзелісі мен қасіретін келтіретін қасақана жасалатын іс-әрекеттер мен әрекетсіздік. Аса қатігездік белгілеріне: адам өлтіру алдында немесе оны орындау процесінде жәбірленушіні азаптау, қинау немесе оны қорлауы; кісі өлтіру барысында жәбірленушіге ерекше күйзелістер мен қасіреттер әкелуі жатқызылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған // <http://adilet.zan.kz> (жүгіну күні: 03.02.2021).
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі кодексі // <http://adilet.zan.kz> (жүгіну күні: 03.02.2021).
- 3 Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. - 768 б.
- 4 Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz>

zan.kz (жүгіну күні: 03.02.2021).

5 Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 4 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz> (жүгіну күні: 01.02.2021).

6 Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы: Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P04000018S_/history (жүгіну күні: 04.08.2020).

REFERENCES

1 Constitution of the Republic of Kazakhstan: adopted on August 30, 1995 // <http://adilet.zan.kz> (date of application: 03.02.2021).

2 Criminal Code of the Republic of Kazakhstan: code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014 // <http://adilet.zan.kz> (date of application: 03.02.2021).

3 Agybayev A. N. explanation of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. General and special parts. - Almaty: Zheti Zhargy, 2015. - 768 p.

4 On the qualification of certain criminal offenses against the life and health of a person: normative resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated May 11, 2007 N 1 // <http://adilet.zan.kz> (date of application: 03.02.2021).

5 On certain issues of qualification of crimes related to rape and other acts of violence of a sexual nature: normative resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated May 11, 2007 No. 4 // <http://adilet.zan.kz> (date of application: 01.02.2021).

6 On the Prevention of domestic violence: law of the Republic of Kazakhstan dated December 4, 2009 // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P04000018S_/history (application date: 04.08.2020).

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ / INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Тұрдалы Жақсылықұлы Қаратаев - заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Момышұлы атындағы оқу орталығы. Шымкент қ., Адырбеков к., 139А. E-mail: karataev_80@mail.ru

Каратаев Турдалы Жаксылыкович - кандидат юридических наук, подполковник полиции, Учебный центр МВД Республики Казахстан им. Б. Момышулы. г. Шымкент, ул. Адырбекова 139А. E-mail: karataev_80@mail.ru

Turdaly Zh. Karataev – PhD in Law, Police Lieutenant Colonel, Training Center of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Momyshuly. Shymkent, 139A Adyrbekov street. E-mail: karataev_80@mail.ru

ОТДЕЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЙ РЕГЛАМЕНТАЦИИ И ОПЕРИРОВАНИЯ ЮРИДИЧЕСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИЕЙ В СОВРЕМЕННОМ УГОЛОВНОМ И АДМИНИСТРАТИВНОМ ПРОЦЕССЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

С.Н. Бачурин

кандидат юридических наук, ассоциированный профессор (доцент)
Казахско-Русский международный университет, Казахстан, г. Актобе

Аннотация. В научной статье рассматриваются отдельные вопросы законодательной регламентации и оперирования юридической терминологией в современном уголовном и административном процессе Республики Казахстан. Анализу подвергается дефиниция «ночное время», которая присутствует как в УПК Республики Казахстан, так и в КРКоАП, причем в последнем законодательном акте ее содержание как минимум законодательно вызывает споры. Анализу и критике подвергаются и законодательные решения, связанные с регулированием дефиниции «ночное время», констатирующие их логическую незавершенность. Поднимается теоретическая проблема законодательной регламентации заимствованных из зарубежного законодательства юридических терминов, обличенных в действующее законодательство Республики Казахстан под новыми названиями, порождая ситуацию слабого их понимания и усвоения, поскольку искажается их первоначальный смысл. Описывается ситуация, при которой затрудняется изучение юридической терминологии, вызываемой ее неконтролируемой законодательной рецепцией из зарубежного законодательства. Предлагаются отдельные авторские решения при оперировании терминологией и законодательной ее регламентации.

Ключевые слова: термин, дефиниция, регламентация, уголовный процесс, административный процесс, «ночное время», «ассоциированный свидетель», «свидетель, имеющий право на защиту», «административное и уголовное правонарушение, рецепция, плагиат, закон, совершенствование, права и законные интересы граждан.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСІНДЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ЗАҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.Н. Бачурин

заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)
Қазақ-Орыс халықаралық университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

Аңдатпа. Осы ғылыми мақалада заңнамалық регламенттеудің және Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы қылмыстық және әкімшілік процесінде заң терминологиясын пайдаланудың жекелеген мәселелері қарастырылады. «Түнгі уақыт» дефинициясы талдауға алынады, ол Қазақстан Республикасының ҚІЖК-де де, ҚР ӘҚБК-де де бар, оның үстіне соңғы заңнамалық актіде оның мазмұны, кем дегенде, заңнамалық түрде дау туғызады. «Түнгі уақыт» дефинициясын реттеуге байланысты заңнамалық шешімдер де талданады және сынға алынады, бұл олардың логикалық аяқталмауын көрсетеді. Шетелдік заңнамадан алынған, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына жаңа атаулармен жіктелген заң терминдерін заңнамалық реттеудің теориялық проблемасы көтеріліп, олардың бастапқы мағынасы бұрмаланғандықтан, оларды түсіну мен игерудің әлсіз жағдайын туғызады. Шетелдік заңнамадан бақыланбайтын заңнамалық қабылдау нәтижесінде туындаған құқықтық терминологияны зерттеу қиын болатын жағдай сипатталады. Терминологияны қолдану және оны заңнамалық реттеу кезінде жеке авторлық шешімдер ұсынылады.

Түйін сөздер: термин, анықтама, реттеу, қылмыстық процесс, әкімшілік процесс, «түнгі уақыт», «қауымдастырылған куә», «қорғауға құқығы бар куә», «әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық, қабылдау, плагиат, заң, жетілдіру, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері.

CERTAIN ISSUES OF LEGISLATIVE REGULATION AND OPERATION OF LEGAL TERMINOLOGY IN THE MODERN CRIMINAL AND ADMINISTRATIVE PROCESS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Bachurin S.N.

PhD in Law, Associate Professor (docent)
Kazakh-Russian international university, Kazakhstan, Aktobe

Annotation. This scientific article deals with certain issues of legislative regulation and operation of legal terminology in the modern criminal and administrative process of the Republic of Kazakhstan. The definition of “night time” is analyzed, which is present both in the Code of Criminal Procedure of the Republic of Kazakhstan and in the KRKobAP, and in the last legislative act its content is at least legally controversial. Legislative decisions related to the regulation of the definition of “night time” are also analyzed and criticized, stating their logical incompleteness. The theoretical problem of legal regulation of legal terms borrowed from foreign legislation, exposed in the current legislation of the Republic of Kazakhstan under new names, is raised, giving rise to a situation of weak understanding

and assimilation, since their original meaning is distorted. The article describes a situation in which it is difficult to study legal terminology caused by its uncontrolled legislative reception from foreign legislation. Separate author's solutions are offered when operating with terminology and its legislative regulation.

Keywords: term, definition, regulation, criminal process, administrative process, "night time", "associated witness", "witness entitled to defense", "administrative and criminal offense, reception, plagiarism, law, improvement, rights and legitimate interests of citizens.

Введение

01 сентября 2020 года Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием народу Казахстан «Казахстан в новой реальности: время действий», в котором прозвучали конкретные указания по дальнейшему развитию уголовно-процессуального законодательства, на основе существующих недостатков и критики Главы государства о несостоятельности существующей модели правоохранительной деятельности, с точки зрения эффективной реализации прав и законных интересов человека и гражданина. Не обошел стороной Президент и вопросы юридической терминологии, поручив выработать новые понятия «административного» и «уголовного» правонарушений. «Обществу и юридической общественности станет понятной логика установления наказания за правонарушения» [1].

Действительно, как для юристов, так и для основной массы населения страны, чрезвычайно важно, какой смысл вкладывается в каждую дефиницию и термин, поскольку от этого зависит и исход окончательного процессуального решения, принимаемого государственными органами, а также и соблюдение прав и законных интересов человека и гражданина.

Несомненно, поэтому автор настоящей статьи затронул вопросы законодательной регламентации и оперирования отдельной юридической терминологией, применительно к уголовному и административному процессу Республики Казахстан.

Основная часть

На сегодняшний день имеет место неоднозначное понимание и использование такой вроде бы изученной дефиниции, как «ночное время».

Например, в пункте 51 статьи 7 УПК Республики Казахстан оговаривается, что «ночное время» - промежуток с двадцати двух до шести часов по местному времени.

В то же время, в соответствии с Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях, начиная с момента его обновления, данная дефиниция (именно дефиниция, поскольку ей дается законодательное определение в УПК РК – прим. С.Б.), а точнее ее содержание, менялось трижды.

Рассмотрим ее содержание в диспозициях статьи 437 КРКобАП подробнее.

Статья 437. Нарушение тишины

(В редакции Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях от 05 июля 2014 года № 235-V) [2].

1. Нарушение тишины в ночное время (с 23 до 6 часов утра), в том числе проведение в жилых помещениях и вне их сопровождаемых шумом работ, не связанных с неотложной необходимостью, препятствующее нормальному отдыху и спокойствию физических лиц, - влечет штраф на физических лиц в размере пяти, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации - в размере десяти, на субъектов среднего предпринимательства - в размере пятнадцати, на субъектов крупного предпринимательства - в размере пятидесяти месячных расчетных показателей.

Статья 437. Нарушение тишины

(В редакции Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» от 30 декабря 2019 года № 300-VI) [3].

1. Нарушение тишины в ночное время (с 23 до 6 часов утра), в том числе проведение в жилых помещениях и вне их сопровождаемых шумом работ, не связанных с неотложной необходимостью, препятствующее нормальному отдыху и спокойствию физических лиц, - влечет штраф на физических лиц в размере пяти, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации - в размере двадцати, на субъектов среднего предпринимательства - в размере тридцати, на субъектов крупного предпринимательства - в размере ста месячных расчетных показателей.

Статья 437. Нарушение тишины

(В редакции Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам здравоохранения» от 07 июля 2020 года № 361-VI) [4].

1. Нарушение тишины с 22 до 9 часов утра, в том числе проведение в жилище и вне его работ, сопровождаемых шумом, не связанных с неотложной необходимостью, препятствующее нормальному

отдыху и спокойствию физических лиц, а равно нарушение тишины развлекательными заведениями, расположенными в жилых зданиях и на территориях жилой застройки, с 22 до 9 часов утра в будние, с 23 до 10 часов утра в выходные и праздничные дни - влечет штраф на физических лиц в размере пяти, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации - в размере двадцати, на субъектов среднего предпринимательства - в размере тридцати, на субъектов крупного предпринимательства - в размере ста месячных расчетных показателей.

Как мы видим, в первых двух случаях законодатель лишь изменял ответственность за нарушение тишины в ночное время в сторону ее усиления, и лишь в последнем принял весьма оригинальное, возможно в целом и логичное и правильное, решение, указав в диспозиции статьи 437 КРКоАП нарушение тишины в определенный период времени, исключив вообще дефиницию «ночное время».

Тем самым, исключил имевшие место ранее расхождения с действующим УПК Республики Казахстан по вопросу понимания и содержания временного промежутка времени при употреблении дефиниции «ночное время».

Насколько законодатель поступил системно в данном случае, остается сомневаться и догадываться, так как, решив локальную проблему в статье 437 КРКоАП, не исключается ситуация, которая вызовет определенные вопросы логического присутствия этой дефиниции в других статьях.

Например, статья 132 КРКоАП «Допущение нахождения несовершеннолетних в развлекательных заведениях в ночное время» как в самом названии статьи, так и в диспозиции ее части первой, законодатель четко все-таки делает акцент на присутствие данной дефиниции «ночное время», указывая промежуток времени с 22 до 6 часов утра, что в принципе, почти аналогично промежутку времени по УПК Республики Казахстан.

С одной стороны, отлично, что данная дефиниция унифицирована по времени как в КРКоАП и УПК, и больше разночтений при ее толковании не возникнет. В данном случае можно сказать, что законодатель унифицировал содержание рассматриваемой дефиниции в законодательстве в целом.

В идеале, конечно, логично было и предположить, что в КРКоАП должно быть отражено содержание дефиниции «ночное время» не формально – по содержанию текста отдельных статей, а как это сделано в УПК, поскольку законодатель в данном случае применяет аналогию, но при этом юристы по-прежнему оценивают эти нормы интуитивно, что не всегда оправдано.

Ну и наконец, самое сомнительное решение законодателя состоит в том, что произведя совершенствование этих норм, непозволительно допускает, на мой взгляд, редкостную и непозволительную оплошность.

Для чего законодатель в Кодексе Республики Казахстан об административных правонарушениях акцентирует в диспозиции статей время «с 22 до 6, 9 и 10 часов утра»? Читатель, возможно, сразу и не поймет, о чем хотел сказать автор настоящей научной статьи. Поясню.

Дело в том, что в тексте диспозиций статей излишне указывать слово «утра», поскольку и так понятно, какую часть суток определяет промежуток времени «до 6, 9 и 10 часов».

С 22 до 06 часов - это ночное время, с 06 до 9, 10 – это утро. Если, конечно, ориентироваться на дефиницию «ночное время» в УПК Республики Казахстан, поскольку содержание рассматриваемой дефиниции в КРКоБАП не раскрывается.

Чтобы до конца быть логичным и последовательным в своих действиях, законодатель должен был взять за основу дефиницию «ночное время», существовавшую и существующую в уголовном процессе, лишь адаптировав ее к административному законодательству.

Пункт 51) статьи 7 УПК Республики Казахстан. «Ночное время» - промежуток времени с двадцати двух до шести часов по местному времени. Поскольку не делая акцент на дефиницию «ночное время», законодатель хотя бы с точки зрения законодательной техники поступил более рационально – в конструкции всех статей вполне можно либо исключить вообще употребление дефиниции «ночное время», оставив лишь часовой промежуток времени, либо, взяв за основу ее понимание в уголовном процессе, отразил бы рационально в диспозиции статей за нарушение тишины и других наказуемых деяниях, как в ночное время, так и утренние часы, как это и выглядит сейчас, в действующей редакции статей КРКоАП, но «додумываемой» как юристами, так и простыми гражданами.

Наконец, автор хотел бы и поднять такую важную, на мой взгляд, теоретическую проблему использования юридической терминологии в уголовном процессе, как заимствованные термины из зарубежного законодательства. (подчеркнуто мной - С.Б.). При изучении уголовно-процессуального права часто возникают вопросы у студентов, откуда появились ранее не имевшие место в законодательстве термины.

В учебниках по уголовно-процессуальному праву Республики Казахстан об этих терминах практически вообще не упоминается. Что они означают? Какое содержание в них вложил казахстанский

законодатель? Какое содержание первично используемых дефиниций?

Я сразу вынужден констатировать, что студенты столкнутся при изучении этих терминов со следующей проблемой – отсутствия в словарях, в том числе и юридических, первичного понимания и содержания отдельных дефиниций.

Такая ситуация вызвана тем, что введенные или предполагаемые к введению в уголовно-процессуальное законодательство Республики Казахстан дефиниции «родом» из-за границы, а их первоначальное название трансформировано законодателями Республики Казахстан с помощью хаотичного и неразумного приспособления к национальному законодательству. Тем самым повышая «значимость» действий законодателя по введенным изменениям.

Чтобы было понятнее, я приведу читателям два следующих примера, рассмотрение которых создаст понимание наличия проблемы по изучению отдельных терминов, которые ввел в действующее уголовно-процессуальное законодательство Республики Казахстана законодатель в последние годы.

В начале 2010 года законодатель Республики Казахстан муссировал вопрос об объединении процессуальных полномочий следователя и оперативного сотрудника, на фоне разрабатываемого нового УПК Республики Казахстан, беря за основу практику США. На примере США, законодатель предполагал появление новой процессуальной фигуры «следственный офицер». Между тем, в США такой процессуальной фигурой является детектив.

В данном случае, законодатель Республики Казахстан, видимо преследовал цель исключить прямую очевидную законодательную рецепцию названия американской дефиниции, придав ему «национальный колорит». Причем, по моему мнению, данные решения законодателя лично у автора вызывает минимум непонимание, а максимум – неспособность государства просто признать очередной факт рецепции зарубежного законодательства, маскируя появление заимствованных юридических терминов и дефиниций в законодательстве Республики Казахстан, абсолютно идентичным по содержанию, но «новым» по названию.

В последующем, по аналогичной схеме и принципу законодатель Республики Казахстан законодательно реализовал свои «оригинальные» подходы по вживлению юридической терминологии, заимствованной из зарубежного законодательства – в национальное.

Так, в уголовно-процессуальном законодательстве Республики Казахстан появилась новый термин «Свидетель, имеющий право на защиту». Что самое интересное, этот термин в Республике Казахстан введен исходя из опыта Франции, заимствован именно оттуда [5]. Как Вы думаете, если Вы обратитесь к действующему законодательству Франции, найдете ли в нем такой термин? Отвечу Вам, что бы не теряли время – его в законодательстве Франции Вы не найдете, поскольку его там нет.

Во Франции употребляется термин «ассоциированный свидетель». Возникает вопрос, зачем законодатель Республики Казахстан интерпретировать по новому юридический термин, который заимствован из зарубежного законодательства? Чтобы препарировать его в национальное, дав ему новую интерпретацию? Если нет, то действия лишены логики, даже минимальной.

На данный вопрос следует дать следующий ответ. Осуществляя рецепцию юридической терминологии из зарубежного законодательства в национальное, не следует искусственно порождать ситуацию по возникновению новой терминологии, поскольку не меняя ее содержание, а лишь название можно вообще ставить вопрос о «законодательном плагиате», явно отрицательно влияющий на авторитет Республики Казахстан.

Право Республики Казахстан во многом и так заимствовано из законодательства зарубежных стран, а научные труды ученых в области права Казахстана в большинстве случаев и не представляют интерес для мирового научного сообщества. Эта ситуация характерна не только для Казахстана.

Например, в той же Литве аналог «ассоциированного свидетеля» назван «специальным свидетелем» [6]. А для начинающего юриста в целом, возникают лишь дополнительные затруднения в оперировании юридической терминологией, поскольку в истории Республики Казахстан в разные периоды ее развития, которой просто не существовало.

Аналогичные примеры можно приводить многочисленное количество раз, а последние из них, например, по введению практики американских шерифов в Казахстане не раз становились объектом бурного обсуждения не только юристами, но и населением нашей страны. Об этом читатель может сам изучить дополнительно, благо этого материала в свободном доступе предостаточно.

Заключение

Следовательно, в уголовном процессе (и других отраслях права Республики Казахстан - прим. С.Б.) проблема употребления терминологии, ее заимствования, унификации стоит особенно остро, последствия ее неправильного понимания и применения могут быть намного опаснее, чем в других отраслях права, поскольку могут влечь и влекут сейчас негативные последствия, вплоть до ущемле-

ния законных интересов, в отдельных случаях – приводят к нарушению прав человека и гражданина.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Казахстан в новой реальности: время действий: Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 01 сентября 2020 года // https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasymzhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g(дата обращения: 14.05.2021).

2 Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях: кодекс Республики Казахстан от 05 июля 2014 года № 235-V // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31577399&doc_id2=38558667#(дата обращения: 14.05.2021).

3 О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях: Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2019 года № 300-VI // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31577399&doc_id2=38558667#activate_ (дата обращения: 14.05.2021)

4 О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам здравоохранения: Закон Республики Казахстан от 07 июля 2020 года № 361-VI // (дата обращения: 14.05.2021)

5 Новый УПК РК содержит нормы защиты бизнеса // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31676499 (дата обращения: 14.05.2021)

6 Орманова Ш.Ш. Правоохранительная реформа – важная часть общегосударственной политики Казахстана по установлению верховенства права // <http://astanazan.kz/?p=532>(дата обращения: 14.05.2021).

REFERENCES

1 The message of the head of state Kassym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan dated 01 September 2020 “Kazakhstan in a new reality: the time of action” // https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g(date accessed: 14.05.2021).

2 Code of the Republic of Kazakhstan on administrative offenses on July 05, 2014, № 235-V // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31577399&doc_id2=38558667#(accessed: 14.05.2021).

3 Law of the Republic of Kazakhstan “On Amendments and Additions to the Code of the Republic of Kazakhstan on Administrative Offenses” dated December 30, 2019 No. 300-VI// https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31577399&doc_id2=38558667#activate_ (accessed: 14.05.2021)

4 Law of the Republic of Kazakhstan “On Amendments and Additions to certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Health Issues” dated July 07, 2020 No. 361-VI// (accessed: 14.05.2021)

5 The new Code of Criminal Procedure of the Republic of Kazakhstan contains business protection standards// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31676499 (accessed: 14.05.2021).;

6 Ormanova Sh. Sh. Law enforcement reform – an important part of the national policy of Kazakhstan to establish the rule of law//<http://astanazan.kz/?p=532>(accessed: 14.05.2021).

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ / INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Сергей Николаевич Бачурин - заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Қазақ-Орыс халықаралық университеті «Құқық» кафедрасының профессоры (Ақтөбе қ.). Қазақстан, Қарағанды қ., Нұркен Әбдіров даңғылы, 25-үй, 19-п. E-mail: bachurin_s@mail.ru.

Бачурин Сергей Николаевич - кандидат юридических наук, ассоциированный профессор (доцент), профессор кафедры «Право» Казахско-Русского международного университета (г. Актөбе). Казахстан, г. Караганда, пр. Нуркена Абдирова, д. 25, кв. 19. E-mail: bachurin_s@mail.ru.

Sergey Bachurin – PhD in Law, Associate Professor, Professor of the Department of law of the Kazakh-Russian international university (Aktobe). Kazakhstan, Karaganda, Nurken Abdirov Ave., 25-19. E-mail: bachurin_s@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР ЗАҢНАМАСЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Е.И. Исибаева

тарих ғылымдарының кандидаты

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан

З.З. Нұрыш

құқық магистрі

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты

Аңдатпа. Мақалада қазіргі Қазақстандағы жер заңнамасын дамытудың негізгі тенденциялары мен перспективалары туралы баяндалған. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер құқықтық қатынастардың объектісі ретінде тиісінше пайдаланылмаған кезде сарқылатын және олардың құнарлылығын қалпына келтіруге үлкен шығындарды талап ететін бірегей табиғи ресурс болып табылады. Сондықтан ауылшаруашылық жерлерін дұрыс пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету мұндай жерлерге қатысты жеке және қоғамдық мүдделердің болуын ескеруге, олардың тепе-теңдігін қамтамасыз етуге арналған. Жер заңнамасының жекелеген нормаларын қолдануға мораторий жағдайындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құқықтық ережелері де қарастырылған.

Во-первых, это отсутствие системы единой идеологической установки на природу и сущность государства, его роли и предназначения в обществе. Для легитимного восприятия властвующего субъекта необходима единая концепция, которая должна формировать адекватное восприятие со стороны общества. При этом теоретическая модель данной концепции, заявляемая государством, должна быть стабильной, последовательной и не иметь двойных стандартов при реализации на практике.

Во-вторых, это непродуманная и непоследовательная рецепция зарубежного опыта управленческих реформ. Характерные для демократических цивилизованных государств такие принципы, как политическая и экономическая конкуренция, клиентоориентированность, приоритетность частной собственности, технократичность, последовательность финансового менеджмента, развитость гражданского общества, политической демократии – не могут одновременно и оперативно быть реализованы в условиях реальной действительности многих государств, имеющих сильные исторические традиции (так, для российского государства достаточно сильны следующие: архаичность, самодержавность (монархичность), патернализм, централизация государственной власти, общинность).

В-третьих, формирующийся диссонанс между заложенными в основном акте государства (например, Конституция РФ) основополагающих ключевых положений и конкретных решений, принимаемых в практической деятельности. Имеющиеся проявления – двойные стандарты в реализации политики, усиление и централизация власти, монополизм государственных структур и крупного бизнеса, проблематика в реализации социальной политики государства, личное вмешательство главы государства (ручное управление) в деятельность органов власти различного уровня – способны не только исказить заложенные фундаментальные ценности демократизма, они существенно меняют правосознание и правовые установки большинства граждан в обществе.

В-четвертых, формирующиеся противоречия в органах публичной власти, обусловленные интересами различных финансовых и политических групп, ведомств, министерств, служб, могут оказывать

диссоциирующее воздействие на выработку единых, консолидированных решений. Деформации субординационных (вертикальных) и координационных (горизонтальных) внутривидовых связей, рассогласование деятельности ветвей и уровней государственной власти, политическая борьба, складывающаяся между различными игроками, могут оказать негативное воздействие не только на оппонентов, но и на более широкую общественную аудиторию.

В-пятых, злоупотребления властью, выраженные в виде аппаратного разбухания, бюрократизации, коррупционности, отождествления государственного интереса с общественным, политизация права могут оказывать серьезное негативное воздействие на статус должностных лиц органов власти и на осуществляемую ими управленческую деятельность. Указанные проявления непосредственно касаются всех ключевых сфер функционирования государства, служат индикатором социально-экономического и политического климата в государстве, являются показателем инвестиционной привлекательности.

В-шестых, реформирование структурных компонентов механизма публичной власти, выраженное в неадекватности структуры государственных органов задачам и функциям социально-организационной практики

Отсутствие стабильности в аппарате государства может приводить к негативным проявлениям как внутри самой структуры власти, так и со стороны общества, не успевающим отслеживать и адаптироваться ко всем «совершенствованиям» органов власти, сопутствующим политике того или иного лидера.

Указанные факторы являются основными причинами, порождающими деформацию или полное отсутствие реализации основных направлений деятельности субъектов публичного управления. Дисфункции государства вносят деструктивные явления в организационные процессы, снижают эффективность и качество управления.

Имеющиеся на практике проявления дисфункций государства, позволяют выделить их виды.

Дисфункциональность государства может проявляться в разных пространственных границах и иметь локальный, региональный и общегосударственный характер.

Принимаемые решения со стороны органов власти распространяются на определенные территориальные пределы, в связи с чем могут затрагивать всё пространство государства или же его частей.

Так, например, осуществленное со стороны центральной власти решение о поддержке представителей строительного бизнеса посредством льготного кредитования на приобретение недвижимости вызвало в отдельных регионах ажиотажный спрос на приобретение квартир в строящихся домах, и спровоцировало рост на недвижимость вторичного сегмента, что существенно оказало влияние на покупательскую способность российских граждан.

В зависимости от временных пределов дисфункции государства могут быть как продолжительными, так и краткосрочными. При этом важно понимать, что последствия негативных проявлений функций государства также будут иметь разный временной период, и как следствие требовать различных мер по их нейтрализации. Особенно ярко и болезненно это касается непродуманных экономических решений, негативные последствия которых в дальнейшем преодолеваются годами.

Следующим критерием, который позволяет дифференцировать дисфункции государства, может быть масштаб охвата органов власти. В связи с этим, дисфункциональность может затрагивать деятельность какого-то одного органа власти (законодательной, судебной) либо охватывать все органы публичной власти (государственной, муниципальной).

Выделяемая в теории права классификация функций государства на правовые и неправовые, в рассматриваемом контексте также имеет определенный интерес. Это связано с тем, что данные функции могут приобрести аномальный характер и трансформироваться в дисфункции. А именно, дисфункциональность может присуща таким функциям как правозащитная, правоохранительная, правосудная, законодательная, административная и правообеспечительная.

Среди неправовых функций, которые могут подвергнуться деформациям, можно выделить организационную, идеологическую, экономическую, экологическую и политическую.

Заключение

Представленный анализ видов дисфункций государства носит условный характер, но подчеркивает их вполне реальное и ощутимое воздействие на многие стороны жизни общества. При этом важно отметить взаимообусловленность и взаимосвязь протекающих процессов в обществе, способствующих негативному влиянию дисфункций государства на иные «здоровые» и «функционирующие» процессы управления.

Существование и проявление дисфункций государства обусловлено природой самого государства, как организации власти, а возникающие искажения детерминированы рассмотренными выше причинами и проявляются в представленных видах. Плановая, последовательная и ответственная работа

по их устранению позволит если не устранить, то хотя бы снизить проявления дисфункциональности органов власти, снизить их значимость и не допустить негативного влияния на нормальное развитие общественных отношений.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Байрамов Ф.Д., Аббасов Ф.Н. К вопросу о понятии «функции государства» // История государства и права. - 2013. - № 5. - С. 8-11.
- 2 Морозова Л.А. Функции Российского государства на современном этапе // Государство и право. - 1993. - № 6. - С. 98.
- 3 Нерсисянц В.С. Общая теория права и государства. - М., 2012. - С. 560.
- 4 Комаров С.А. Общая теория государства и права: курс лекций. - М., 1996. - С. 314.
5. Теория государства и права / под ред. В.М. Корельского и В.Д. Перевалова. – М.: НОРМА-ИНФРА-М, 1998. - С. 457.
- 6 Джери Д., Джери Дж. Большой толковый социологический словарь. В 2 т. Т.1. А–О. М.: Вече, 1999. С. 185.
- 7 Социологический словарь: пер. с англ. / Н. Аберкромби, С. Хилл, Б.С. Тернер. - М.: Экономика, 2004. - С. 124-125.
- 8 Городецкий А.Е. Государственное управление и экономическая безопасность. О дисфункциях государственного управления // Аудит и финансовый анализ. - 2016. - № 6. - С. 426-436.

REFERENCES

- 1 Vajramov F.D., Abbasov F.N. K voprosu o ponjatii «funkcii gosudarstva» // Istorija gosudarstva i prava. - 2013. - № 5. - S. 8-11.
- 2 Morozova L.A. Funkcii Rossijskogo gosudarstva na sovremennom jetape // Gosudarstvo i pravo. - 1993. - № 6. - S. 98.
- 3 Nersesjanc V.S. Obshhaja teorija prava i gosudarstva. - M., 2012. - S. 560.
- 4 Komarov S.A. Obshhaja teorija gosudarstva i prava: kurs lekcij. - M., 1996. - S. 314.
5. Teorija gosudarstva i prava / pod red. V.M. Korel'skogo i V.D. Perevalova. – M.: NORMA-INFRA-M, 1998. - S. 457.
- 6 Dzheri D., Dzheri Dzh. Bol'shoj tolkovyj sociologicheskij slovar'. V 2 t. T.1. A–O. M.: Veche, 1999. S. 185.
- 7 Sociologicheskij slovar': per. s angl. / N. Aberkrombi, S. Hill, B.S. Turner. - M.: Jekonomika, 2004. - S. 124-125.
- 8 Gorodeckij A.E. Gosudarstvennoe upravlenie i jekonomicheskaja bezopasnost'. O disfunkcijah gosudarstvennogo upravlenija // Audit i finansovyj analiz. - 2016. - № 6. - S. 426-436.

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ / INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Кирилл Александрович Орлов - заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Ресей ПМ Урал заң институты. Ресей Федерациясы, Екатеринбург қ., Шаумян к., 107-25. E-mail: orlov.82@mail.ru

Орлов Кирилл Александрович - кандидат юридических наук, доцент, Уральский юридический институт МВД России. Российская Федерация, г. Екатеринбург, ул. Шаумяна, 107-25. E-mail: orlov.82@mail.ru

Kirill A. Orlov - PhD in Law, Associate Professor, Ural Law Institute of the MIA of Russia. Russian Federation, Yekaterinburg, 107-25 Shahumyan Street. E-mail: orlov.82@mail.ru



ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕРІ

ТРИБУНА МОЛОДОГО УЧЕНОГО

ӨОЖ 343.241.2

DOI: 10.47450/2306-451X-2021-69-2-104-110

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ТАҒАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДА ЕСКЕРІЛЕТІН МӘН-ЖАЙЛАР

Т.Қ. Акимжанов

заң ғылымдарының докторы, профессор

Г.Ж. Османова

құқық ғылымдарының магистрі, докторант
«Тұран» Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Соңғы жылдары елімізде бірқатар жаңа заңдардың, соның ішінде кодификацияланған заңдардың қабылдануы Қазақстан Республикасының ұлттық құқықтық жүйесінің жағдайы мен құрылымын талдауға негіз болып табылады. Қазақстан Республикасындағы қарастырылып отырған аспектіде жағдайды талдау, қылмыстық құқықты одан әрі жетілдірудің маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Қылмыстық жаза тағайындау барысында ескерілетін мән-жайларды жан-жақты қарастыру орынды, өйткені, ол бір ғана мәселемен шектелмейді. Осы тұрғыда бас бостандығынан айыру жазасы бойынша Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген қылмыстардағы бас бостандығынан айыру жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды қарастыра отырып, жазаның неғұрлым тиімді тұстарын анықтау маңызды болып отыр. Қылмыстық заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер осы бағытта айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп жатқандығын көрсетіп отыр. Мақалада қылмыстық заңнаманы ізгілендіру тенденциясын басшылыққа ала отырып, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау барысында жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескеру мәселесі бүгінгі күні тәжірибелік мәнге ие болып отырғандығы туралы баяндалады. Авторлармен ұсынылып отырған, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауда, қылмыстарды жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар туралы сұрақты шешу, қылмыс бойынша жасалған іс-әрекетті бағалауға әсер ететін бірқатар жағдайларға байланысты екендігі қарастырылады. Сонымен қатар бұл мәселенің басқа да кейбір мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында қарастырылуы жөнінде тоқталып өткен. Қылмыстық жазаның дұрыс тағайындалуы, оған қойылған мақсаттарға жетуде өте маңызды екендігін айта келе, бірқатар авторлардың ой-пікірлерін, заңнамаларды талдай отырып, бас бостандығынан айыру жазасын қылмыскерді түзетуді көздейтін жағдайда ғана тағайындау жөнінде, бас бостандығынан айыру жазасын қолданудың өзіне кейбір шектеулер қою қажеттігі туралы жекелеген пікірлер мен ұсыныстар келтірілген.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық, қылмыс, жаза, жазаланушылық, бас бостандығынан айыру, қылмысты ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар.

ОБСТОЯТЕЛЬСТВА, УЧИТЫВАЕМЫЕ ПРИ НАЗНАЧЕНИИ НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ

Акимжанов Т.К.

доктор юридических наук, профессор

Османова Г.Ж.

магистр юридических наук, докторант
Университет «Тұран», Казахстан, г. Алматы

Аннотация. Принятие в последние годы в стране ряда новых законов, в том числе кодифицированных, является основанием для анализа состояния и структуры национальной правовой системы Республики Казахстан. Анализ ситуации в рассматриваемом аспекте в Республике Казахстан свидетельствует о важности дальнейшего совершенствования уголовного права.

Целесообразно всестороннее рассмотрение обстоятельств, учитываемых при назначении уголовного наказания, поскольку оно не ограничивается одним вопросом. В данном контексте важное значение имеет определение наиболее эффективных сторон наказания, учитывая смягчающие и отягчающие обстоятельства преступлений, за совершение которых статьями Особенной части Уголовного кодекса предусмотрено наказание в виде лишения свободы. Последние изменения в уголовном законодательстве показывают, что в этом направлении ведется значительная работа. В статье говорится о том, что, руководствуясь тенденцией гуманизации уголовного законодательства, вопрос учета

смягчающих и отягчающих обстоятельств, при назначении наказания в виде лишения свободы на сегодняшний день приобретает практическое значение. Рассмотрено, что предлагаемое авторами решение вопроса учета смягчающих и отягчающих обстоятельств при назначении наказания в виде лишения свободы зависит от ряда обстоятельств, влияющих на оценку содеянного преступления. Также было отмечено, что данный вопрос рассматривается также в уголовном законодательстве некоторых других государств. Отмечая важность правильного назначения уголовного наказания для достижения поставленных целей, анализируя мнения ряда авторов и законодательство, приводятся отдельные мнения и предложения о назначении наказания в виде лишения свободы только в том случае, если оно предусматривает возможность исправления преступника, о необходимости некоторых ограничений на само применение наказания в виде лишения свободы.

Ключевые слова: уголовное право, преступление, наказание, наказуемость, лишение свободы, отягчающие и смягчающие обстоятельства.

CIRCUMSTANCES TO BE TAKEN INTO ACCOUNT WHEN IMPOSING A PUNISHMENT IN THE FORM DEPRIVATION OF LIBERTY

Akimzhanov T.K.

Doctor of Law, Professor

Osmanova G.Zh.

master in Law, doctoral student

University «Turan», Kazakhstan, Almaty

Annotation. The adoption of a number of new laws in the country in recent years, including codified laws, is the basis for the analysis of the state and structure of the national legal system of the Republic of Kazakhstan. Analysis of the situation in the Republic of Kazakhstan shows the importance of further improvement of criminal law.

It is appropriate to consider in detail the circumstances that are taken into account in the imposition of criminal penalties, as it is not limited to one issue. In this context, it is important to determine the most effective aspects of punishment, taking into account the mitigating and aggravating circumstances of the offenses provided for in the articles of the special section of the Criminal Code on deprivation of liberty. Recent changes in the criminal legislation show that significant work is being done in this direction. The article states that guided by the humanizing tendency of the criminal legislation, the issue of taking into account mitigating and aggravating circumstances in the imposition of imprisonment is of practical importance today. It is considered that the solution of the question of mitigating and aggravating circumstances in the imposition of imprisonment, proposed by the authors, depends on a number of factors that affect the assessment of the crime. It was also noted that this issue is considered in the criminal law of some other countries. Discussing the correct imposition of criminal punishment, and noting that the correct imposition of criminal punishment is very important in achieving its goals, and analyzing the opinions of some authors, and the legislation, some opinions, and suggestions are given about the imposition of imprisonment only in the case of correction of the offender, and the need to impose some restrictions on the use of imprisonment.

Keywords: criminal law, crime, punishment, punishability, imprisonment, aggravating and mitigating circumstances.

Кіріспе

Қылмыстық жазаның түрі ретінде бас бостандығынан айыру жаза түрлерінің ішінде өлім жазасынан кейінгі қатаң жазалардың бірі болып табылатындықтан, оны тағайындау барысында жазаның басқа түрлері жаза мақсатының жүзеге асырылуына мүмкіндік болмаған кезде ғана, соңғы шара ретінде өте тыңғылықты түрде қарай отырып тағайындалу қажет. Елімізде бас бостандығынан айыру жазасы жиі қолданыс табуда. Деректерге сүйенсек, 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, елімізде бас бостандығынан айыру орындарында 31632 сотталушы жазасын өтеуде [1]. Бас бостандығынан айыру, егер басқа жаза түрлері арқылы жаза мақсатына толық көлемде жетуге мүмкін болмаған кезде, айрықша жағдайда ғана қолданылу керек. Бұл жаза тағайындау мәселелеріне көбірек көңіл бөлу қажеттігін айқындайды.

Сондықтан да зерттеліп отырған қылмыстық жазаның сипаттамасы мен тағайындалуы мәселесі теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да маңызды мәнге ие және өзекті болып отыр.

Әдебиеттерге шолу

Соңғы жылдары қылмыстық құқықтағы жаза мәселелеріне арналған отандық Т.Қ. Акимжанов, Е.О. Алауханов, А.Н. Ағыбаев, И.Ш. Борчашвили, З.О. Ашитов, Е.И. Каиржанов, И.И. Рогов, Г.Р. Рустемова, М.И. Бажанов, Б.К. Шнарбаев және басқа да ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады.

Негізгі бөлім (әдіснама, нәтижелер)

Бізге белгілі болып отырғандай, қылмыстық құқықта қылмыс және жаза санаттары басты орын алады және қоғам дамуының барлық кезеңдерінде элеуметтік, моральдық, құқықтық және философиялық тұрғыдан елеулі түрде күрделі, маңызды проблемалардың бірі болды. Қылмыс пен жазаның өзара байланысы мен тәуелділігіне қарамастан, олардың арасында бірқатар айырмашылықтар бар.

Мысалы, жазаланушылық қылмыстың қажетті салдары және жаза қылмыс санаттарының негізінде жатыр (ҚР ҚК-нің 11-бабы), ал қылмыс болса жазаның сол не басқа да түрін тағайындау үшін бірден бір негізі болып табылады (ҚР ҚК-нің 4-бабы).

«Мемлекеттің міндеті бір жағынан жасаған қылмысы үшін жазадан құтылмаушылықты қамтамасыз ететін болса, екінші жағынан сол жазаны мемлекет үшін де сотталушы үшін де әділетті, тиімді, әлеуметтік салдарын мейлінше азайту», - болып табылады [2, б. 294-295]. Қылмысқа қарсы күрес үдерісі үнемі жаңартылып, жетілдіріліп, өзгеріп отыруы керек. Ол заңды да!

Қылмыстың алдын алу негізіне, оның қаталдығы емес, жазадан құтыла алмаушылық принципі қамтылуы тиіс [3, б. 301].

Ал, біздің ел үшін «Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы» Жарлығы өлім жазасына мораторий енгізілуіне байланысты бұл ереже тым өзекті болып көрінді. Осы Жарлықта соттармен тағайындалған өлім жазасы үкімдерінің орындалуы тоқтатылып, өлім жазасына балама болып табылатын өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілді [4].

Судьяларға жаза тағайындау кезінде өте күрделі және жауапты міндеттер қойылады, өйткені «заңды, негізделген, әділ және тәрбиелік мәнге ие тиімді үкім шығару процесі судьялардың терең талдау қызметін қажет етеді. Олар сол адамның әлеуметтік маңызы бар психикалық кемшіліктерінің, тағайындалатын жаза шараларының нақты түзету мүмкіндіктерімен арақатынасын айқындай білу керек» [5, б. 306].

Басқаша айтқанда, біз әділ жазаны тағайындаудың шарттарының бірі ретінде, сотталушының жеке басына егжей-тегжейлі сараптама жасау туралы айтып отырмыз.

В.К. Дуюнов: «Заң шығарушымен ұсынылған мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары ретінде жаза анықтамасы нақты емес», - деген пікірде, оған негіз де жоқ емес. Оның пікірінше, мәжбүрлеу сондай-ақ қылмыстық жазаның негізгі емес, қосымша бір белгісі болып келеді. Одан басқа, «жазаланушылық» және «жаза» түсініктері көлемі мен мазмұны жағынан бір-біріне жақын болса да, оларды синонимдер ретінде анықтауға болмайды.

Автордың пікірінше, жазаланушылық жазаның көрініс табатын нысандарының бірі және сәйкесінше, жасалған іс-әрекет үшін кінәлі адамның жауапкершілігін жүзеге асыру нысаны ретінде санайды. «Жазаланушылық» – бұл қылмыстық жазаның ішкі мәні, соңғы мақсаты – әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және жаңа қылмыстардың алдын алу мақсатында қылмыскерге жазалау (кек алу) ықпалының нысаны болу» [6, б.66].

Сонымен, кез келген жаза жасалған істің «қайтарымы» болып келеді, өйткені ол қылмыс жасаған адамның құқықтары мен бостандығының шектеуімен байланысты болады, белгілі моралдық және физикалық азап шегулерді келтіреді (немесе келтіруі мүмкін) және оның белгілі бір пайдасынан айырады. Сондай-ақ жазаның осындай қасиеттеріне көңіл аудару керек, өйткені сотталушыға, негізсіз немесе әділетсіз азап шекпеу үшін, сонымен қатар тәртібін, мүмкіндігінше оның өзін өзгертіп түзу жолға түсуі үшін оңтайлы пайдалану үшін ескерілуі керек.

Сондықтан, жазаның түрін таңдаған кезде қылмыстық жазалаудың ауырлық дәрежесіне, қылмыскердің жеке басын ескере отырып, үкім шығару кезінде де жеңілдетілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып шығарған жөн.

Қазақстан Республикасында қылмыстық жазалардың қолданылу тиімділігін анықтау үшін көптеген аспектілерді ескеру қажет.

2014 жылы қабылданған, қазіргі заң күші бар ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігінің баптары санкцияларында ізгілендіру тұрғысынан белгілі бір өзгерістер болды, оқшауланумен байланысты емес жазалардың түрлерін қолдану көбейді (айыппұлдар 140-қа; түзеу жұмыстары 26-ға; қоғамдық жұмыстарға қатысу 76-ға, түзеу 302-ге).

Сонымен бірге, ҚР ҚК Ерекше бөлігіндегі баптарының санкцияларында бас бостандығынан айыру сынды оқшаулаумен байланысты жазаларды қолдану 86 және қамау 150 жағдайға көбейді.

ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігінің санкциясының 30% бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның баламалы түрлері қарастырылуы, соттармен бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау кезінде баламалы жаза түрін қолдану қиындық туғызады.

Бізбен, ҚР қолданыстағы қылмыстық заңнамасының Ерекше бөлігіне талдау жүргізілді. Қылмыстық теріс қылықтар саны – 116, қылмыстар – 590 (онша ауыр емес қылмыстар – 138; ауырлығы орташа қылмыстар – 205; ауыр қылмыстар – 181; аса ауыр қылмыстар – 66) анықталды.

Бұл арақатынас бас бостандығынан айыру сияқты жаза түрін азайту және адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін ұлғайту жолымен өзгертілуі тиіс, оның үстіне бұл Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдар кезеңіне арналған құқықтық саясат тұжырымдамасынан туындап отырғандығын атап өткен жөн [7].

Жазаның мазмұны мен түрлері туралы қолданыстағы қылмыстық заңнамаға түзетулер енгізу кезінде түзеу мекемелеріне жіберілетін адамдардың санын барынша азайту мүмкіндігі сынды аспектіге де назар аударған жөн. Бұл тұста, азаматтардың қылмыстық сот төрелігіне қатысуын азайту туралы айтылып отыр. Түзеу мекемесінде болған кезінде, әртүрлі факторлардың әсерінен сотталушының жеке басының күрделі деформациясы орын алатыны жасырын емес.

Қылмыстық заңдарда белгіленген жазалардың барлық түрлерінің спектрін таңдау кезінде қылмыскердің жеке басына қылмыстық немқұрайды қарау жағдайын, жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілігін ескеру қажет.

Қылмыстық құқықта жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп, қылмыстық құқық бұзушылықтың және оны жасаған адамның қоғамдық қауіптілігін азайтатын, демек, оның жауапкершілік дәрежесін төмендететін, сондай-ақ жазаға әсер ететін, кінәлінің жеке басына және ол жасаған қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты әртүрлі факторлар түсініледі.

Бұл жағдайлардың болуы, ең алдымен, қылмыстық істі өндіріске алудан бас тарту, сотқа дейінгі іс жүргізуді тоқтату туралы мәселені шешуге әсер етуі мүмкін. Сондықтан аталған мән-жайлар қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар деп аталады.

Бұдан келіп шығатыны, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары, прокурор және сот қылмыстық жаза тағайындау кезінде ғана емес, сондай-ақ адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе босату туралы мәселені шешу кезінде қылмыстық процестің неғұрлым ерте сатыларында да қолданады.

Сондықтан, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары көрсетілген мән-жайларға сілтеме жасай отырып, тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық бойынша тергеп-тексеруді тоқтата алады.

Егер қылмыстық іс сотқа жіберілсе, жеңілдететін мән-жайларды есепке алу сотқа: а) баламалы санкция кезінде жазаның неғұрлым қатаң түрін белгілеу; б) қылмыстық құқық бұзушылық сараланған ҚР ҚК бабының санкциясымен белгіленген ең төменгі деңгейге тең немесе оған жақын мөлшердегі жазаны айқындау; в) ҚР ҚК 55-бабына сәйкес сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза қолдану; г) қылмыстық жауаптылықтан босатудың бір түрін, шартты түрде соттауды, жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдануға құқық береді.

ҚР ҚК-нің 53-бабының 1-бөлігінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар тізімі айқындалып, берілген. Заңмен белгіленген жеңілдететін мән-жайлардың тізбесі түпкілікті емес екендігін тікелей көрсетеді [8].

ҚР ҚК-нің 53-бабының 3-бөлігіне сәйкес қылмыстың белгісі ретінде Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің нормаларында көзделген жеңілдететін мән-жайлар ретінде назарға алуға тыйым салынады. Мысалы, ҚР ҚК-нің 102-бабы бойынша адамға жаза тағайындау кезінде (қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру) сот қылмыстық кодекстің 53-бабы 1-бөлігінің 9-тармағына жеңілдететін мән-жай ретінде сілтеме жасай алмайды, өйткені қажетті қорғану шегінен шығу ҚР ҚК-нің 102-бабында көзделген қылмыс құрамының қажетті белгісі болып табылады. Осы белгіні ескере отырып, ҚР ҚК-нің 102-бабының санкциясы салыстырмалы түрде жеңіл жазаны қарастырады. Сондықтан жаза тағайындау кезінде бұл жағдайда қолдануға тыйым салынады.

Келесі жағдайда ҚР ҚК-нің 53-бабын қолдану кезінде проблемалар бар. Бұл жағдайлардың барлығының жиынтығын немесе олардың кем дегенде біреуін пайдалану қажет пе деген заңды сұрақ туындап отыр.

Шетелдік заңнаманы қорыту, ішкі заңнама үшін дәстүрлі болып табылмайтын жағдайларды ескеруге мүмкіндік береді. Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексінің 78-бабы бойынша кінәні және жауапкершілікті жеңілдететін отырып: бас бостандығынан айыру орындарында немесе одан тыс жерлерде дайындалып жатқан, тексеру кезінде расталатын ауыр қылмыс туралы хабарлама; инновациялар немесе техникалық жақсартулар ойлап табу; қарапайым өмірде немесе жұмыста жанқиярлықтың көрінісі; табиғи апаттардан немесе жазатайым оқиғалардан кейінгі батырлықтың көрінісін жатқызады [9].

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 61-бабы жеңілдететін мән-жайлар ретінде: мұндай мән-жайлардың он түрі ғана көрсетілген. Бірақ олардың тізімі толық емес, өйткені берілген басқа жағдайларды ескеру мүмкіндігі қарастырылған. Сот өз қалауы бойынша нақты іске байланысты жеңілдететін басқа мән-жайларды қарастыра алады [10].

Жауапкершілік пен жазаны ауырлататын жағдайлар кезінде қылмыстың қоғамға қауіптілігін және оны жасаған адамның жауаптылық дәрежесін арттыратын, сонымен қатар жазаға әсер ететін, кінәлінің жеке басы және жасаған қылмысымен байланысты әр түрлі мән-жайларды түсіну қабылданған.

Бұл мән-жайлардың болуы, ең алдымен, қылмыстық істі өндіріске алудан бас тарту туралы, басталған істің сотқа дейінгі іс жүргізуді тоқтату туралы шешімге кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан да, бұл мән-жайлар қылмыстық жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар деп аталады. Бұдан келіп шығатыны,

қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары, прокурор және сот қылмыстық жаза тағайындау кезінде ғана емес, сондай-ақ адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе босату туралы мәселені шешу кезінде қылмыстық процестің неғұрлым ерте сатыларында да қолданады. Сондықтан қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары көрсетілген мән-жайларға сілтеме жасай отырып, көбінесе тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтата алмайды.

ҚР ҚК-нің 54-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар тізбесі берілген. ҚР ҚК-нің 53-бабындағы тізбеге қарағанда, аталған тізбе түпкілікті болып табылады (ҚР ҚК-нің 54-бабының 3-бөлігі). Бұл дегеніміз, сот жаза тағайындау барысында ҚР ҚК-нің 54-бабының 1-бөлігінде көрсетілмеген мән-жайларды ауырлататын мән-жайлар деп тани алмайды. Бұл еліміздің қылмыстық заңнамасы гуманизмінің тағы бір дәлелі болып табылады.

ҚР ҚК-нің 54-бабының бірінші бөлігінде көзделген жауапкершілік пен жазаны ауырлататын мән-жайлардың кез келгенін (12-бөліктегі көрсетілгенді қоспағанда) оларды белгілеу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу кезінде және сот жаза тағайындау кезінде ескеруге тиіс, яғни олар ескерілмеуге, жоғарыда аталған органдар мен соттың назарынан тыс қалмау керек. Мұндай қорытынды ҚК-нің 54-бабының 12-бөлігіндегі мынадай мазмұндағы ескертпеге қатысты туындайды: «Сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауға құқылы».

Өкінішке орай, іс жүзінде сот шешімдерінде айыпталушылардың кінәсін мойындамауы, іс бойынша жағымсыз мінездемелердің болуы, жалдамалы, бұзақылық немесе басқа да негізгі себептер бойынша қылмыс жасау және т.б. жағдайларда ауырлататын мән-жайлар ретінде сілтемелер бар. Бұндай мән-жайлар ауырлататын мән-жайлар тізбесіне енгізілмегендіктен, оларды есепке алу барысында сот, ҚР ҚК-нің 54-бабының 3-бөлігіне қайшы келетін жаза тағайындаған болса, оны заңсыз деп тану қажет.

Алдыңғы жағдайдағыдай, егер ҚР ҚК-нің 54-бабының 1-бөлігінде көрсетілген мән-жай Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігі бабының белгісі ретінде көзделген болса, оған сәйкес кінәлінің іс-әрекеті сараланған болса, ол жаза тағайындау кезінде ауырлататын мән-жай ретінде қайта ескерілмейді (ҚР ҚК-нің 54-бабының 2-бөлігі). Мысалы, адам, аса қатыгездікпен адам өлтіргені үшін сотталды (ҚР ҚК-нің 99-бабы 2-бөлімінің 5-тармағы). Жазаны тағайындау кезінде сот ҚР-нің ҚК 54-бабының 1-бөлігінің 9-тармағын ауырлататын мән-жай ретінде есепке ала алмайды, өйткені аса қатыгездік ҚР ҚК-нің 99-бабының 2-бөлігінің дәрежелік ерекшеліктерінің бірі болып табылады және бұл факт осы қылмыстық заңның санкциясында ескерілген.

Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 2-тармақшасына сәйкес, соттармен жаза тағайындау кезінде жасалған іс-әрекеттің мән-жайларының (жасау тәсілі, кінәнің түрі, себептер мен мақсаттар, іс-әрекеттің аяқталу кезеңі, туындаған зардаптардың қоғамға қауіптілік дәрежесі және т.б.) жиынтығын ескеру керек [11].

Сот-тергеу тәжірибесінде тек жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайлар болады. Алайда, бір мезетте адамның іс-әрекетінде жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар болуы мүмкін. Сот барлық мән-жайларды барынша толық ескеруге тиіс, бұл жазаның нақты түрі мен мөлшерін таңдау үшін негіз болып табылады.

Қорытынды

Әрине, қылмысты соның ішінде бас бостандығынан айыру жазасына қатысты шешілетін мән-жайлар қатарына қылмыстарды дұрыс дәрежелі де аса маңызға ие. Себебі, жаза тағайындау барысында жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты ескерілмей қалып отыр. Бұл құқық қолдану тәжірибесін елеулі түрде қиындатып отырғандықтан ең алдымен ҚР ҚК-нің 11 бабының мазмұнын қайта қарауды қажет етіп отыр.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігінің жекелеген баптарынан жазаның осы түрін қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың басқа түрлерімен алмастыра отырып, қоғамға елеулі қауіп төндірмейтін қылмыстық іс-әрекеттер үшін жазаның осы түрін барынша азайту бойынша жұмыс одан әрі жалғасуы керек.

Айта кететін жайт, бас бостандығынан айыру жазасын қолданудың өзіне кейбір шектеулерді ұсынған жөн болар еді. Атап айтқанда, ҚР ҚК-нің 46-бабына бас бостандығынан айыру зейнет жасынан асқан не өзінің өмірлік кезеңінде әр түрлі құқық бұзушылықтарға жол бермеген адамдарға, бірінші және екінші топтағы мүгедек адамдарға және басқа да санаттарға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындалмайтын тармақ енгізу орынды деп санаймыз.

Әрине бұл жерде барлық жасалған қылмыстар жөнінде айтуға болмайды. Мұнда адам өлтіру, зорлау, мемлекетке опасыздық, терроризм, яғни қоғамға аса қауіпті қылмыстар қатарын енгізуге болмайды

[12, б.10].

Әрине, барлық құқық бұзушыларды олардың бойындағы тұлғалық ізгілік қасиеттерін оята отырып, ақыл-ойына жүгіну арқылы түзету дұрыс болар еді. Алайда, қоғамға қауіптілік тұрғысынан аса ауыр қылмыс жасаған адамды не қайта қылмыс жасаған адамды бостандықта қалдырудың ешбір мәні жоқ. Өйткені, оның қоғамға, адамға жаңа зиян келтіруі әбден мүмкін. Сондықтан да мұндай адамдар қоғамнан оқшаулануы және басқа да зиян келтіру мүмкіндігі болмау керек.

Демек, бас бостандығынан айыру, қылмыскердің жасаған іс-әрекеті, оны түзету мүддесін көздейтін лайықты жазасын алуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жалпы және арнайы алдын алу міндеттерін шешетін жағдайда ғана тағайындалатын «жаза» болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдар туралы мәліметтер (2021 жылғы 1-қаңтардағы жағдайы бойынша) // <https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim/documents/>.

2 Акимжанов Т.К. Поиск новых путей противодействия преступности – важное условие построения правового государства // Обеспечение национальной безопасности – приоритетное направление уголовно-правовой, криминологической и уголовно-исполнительной политики: материалы XI Российского Конгресса уголовного права, посв. памяти д-ра юрид. наук, проф. В.С. Комиссарова. 31 мая-1 июня 2018 г. - М.: Юрлитинформ, 2018. – С. 294-295.

3 Уголовное право. Общая часть: учебник / под ред. Л.Д. Гаухмана, С.В.Максимова. - М.: Эксмо, 2005. – С. 301.

4 Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 желтоқсандағы N 1251 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

5 Антонян Ю.М., Еникеев М.И., Эминов В.Е. Психология преступления и наказания. - М.: «Пенатес - Пенаты», 2000. – С. 306.

6 Дуюнов В.К. Наказание в уголовном праве России - принуждение или кара? // Государство и право. - 1997. - №11. – С. 66.

7 Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года: Указ Президента РК от 24 августа 2009 года №858 // Казахстанская правда. – 2009. – 28 августа.

8 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K140000226>

9 Уголовный Кодекс Китайской Народной Республики: принят на 5-й сессии Всекитайского собрания народных представителей шестого созыва 14 марта 1997 г. // <http://ru.china-embassy.org/rus/zfhz/zgflyd/>

10 Уголовный кодекс Российской Федерации: Федеральный закон от 13.06.1996 N 63-ФЗ // <http://oukrf.ru/st61>

11 Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P150000004S>

12 Акимжанов Т.К. О некоторых инновационных подходах построения уголовной политики в новой концепции правовой политики Республики Казахстан // Ғылым – Наука. – 2020. - №3 (66). – С. 10.

REFERENCES

1 Bas bostandıgınan ayıru orındarında ustalatın adamdar turalı malimetter (2021 zhylygı 1-kantardagy zhagdaıy boıyınsha) // <https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim/documents/>.

2 Akimzhanov T.K. Poisk novykh putey protivodeystviya prestupnosti – vazhnoye usloviye postroyeniya pravovogo gosudarstva // Obespecheniye natsional'noy bezopasnosti –prioritetnoye napravleniye ugolovno-pravovoy, kriminologicheskoy i ugolovno-ispolnitel'noy politiki: materialy KHI Rossiyskogo Kongressa ugolovnogo prava, posv. pamyati d-ra yurid. nauk, prof. V.S. Komissarova. 31 maya-1 iyunya 2018 g. - M.: Yurлитinform, 2018. – S. 294-295.

3 Ugolovnoye pravo. Obshchaya chast': uchebnik / pod red. L.D. Gaukhmana, S.V. Maksimova. - M.: Eksmo, 2005. - S. 301.

4 Kazakhstan Respublikasında olım jazasyna moratorii engizu turalı: Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2003 zhylygı 17 zheltoksandagy N 1251 Zharlygy // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

5 Antonyan YU.M., Yenikeev M.I., Eminov V.Ye. Psikhologiya prestuplenika i nakazaniya. - M.: «Penates - Penaty», 2000. - S. 306.

6 Duyunov V.K. Nakazaniye po rossiyskomu ugolovnomu pravu - prinuzhdeniye ili chernoye? // Gosudarstvo i pravo. - 1997. - №11. - S. 66.

7 Kontseptsiya pravovoy politiki Respubliki Kazakhstan na period s 2010 po 2020 gody: Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 24 avgusta 2009 goda №858 // Kazakhstanskaya pravda. - 2009. - 28 avgusta.

8 Kazakhstan Respublikasynın Kylmystyk kodeksi: Kazakhstan Respublikasynın 2014 zhylygı 3 shildedegi № 226-V KRZ Zany // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K140000226>

9 Ugolovnyy Kodeks Kitayskoy Narodnoy Respubliki: prinyat na 5-y sessii Vsekitayskogo sobraniya narodnykh predstavitel'ey shestogo sozyva 14 marta 1997 g. // <http://ru.china-embassy.org/rus/zfhz/zgflyd/>

10 Ugolovnyy kodeks Rossiyskoy Federatsii: Federalnyi zakon ot 13.06.1996 N 63-FZ // <http://oukrf.ru/st61>

11 Kylmystyk zhaza tagaiyındaudın keibir maseleleri turalı: Kazakhstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn 2015 zhylygı 25 mausymdagı № 4 normativtik kaulysy // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P150000004S>

12 Akimzhanov T.K. O nekotorykh innovatsionnykh podkhodakh postroyeniya ugolovnoy politiki v novoy kontseptsii pravovoy politiki Respubliki Kazakhstan // Gylım – Nauka. – 2020. - №3 (66). – S. 10.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Талғат Құрманұлы Акимжанов - заң ғылымдарының докторы, профессор, Заң ғылыми-зерттеу институтының директоры, «Тұран» университетінің заңтану және халықаралық құқық кафедрасының профессоры (Алматы қ.), ҚР ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, отставкадағы әділет полковнигі. Қазақстан, Алматы қ., Сатпаев к., 16. E-mail: akimzhanovtk@mail.ru

Гулайна Жалалыевна Османова - құқық ғылымының магистрі. «Тұран» Университетінің докторанты,. Қазақстан, Алматы қ., Сәтпаев к., 16. E-mail: gulaina.78@mail.ru

Акимжанов Талғат Курманович - доктор юридических наук, профессор, директор НИИ права, профессор кафедры юриспруденции и международного права университета «Турани» (г. Алматы), заслуженный работник МВД РК, полковник юстиции в отставке. Казахстан, г. Алматы, ул. Сатпаева, 16. E-mail: akimzhanovtk@mail.ru.

Османова Гулайна Жалалыевна – магистр юридических наук. докторант Университета «Турани». Казахстан, г. Алматы, ул. Сатпаева, 16. E-mail: gulaina.78@mail.ru

Talgat K. Akimzhanov - Doctor of Law, Professor, Director of the Research Institute of Law, Professor of the Department of Jurisprudence and International Law of the Turan University (Almaty), Honored Worker of the MIA of the RK, retired Colonel of Justice. Kazakhstan, Almaty, 16 Satpaev. E-mail: akimzhanovtk@mail.ru

Gulaina Osmanova - master in Law, doctoral student of the University «Turan». Kazakhstan, Almaty, 16 Satpaev street. E-mail: gulaina.78@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕР ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

А.Ә. Қуатова

докторант

Каспий қоғамдық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

С.П. Мороз

заң ғылымының докторы, профессор

«Әділет» Жоғары құқық мектебі, Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Құқықтары мен міндеттері айтарлықтай ерекшеленетін субъектілердің едәуір тобы қатысатын жер қатынастары көп қырлы және әр түрлі. Бұл ретте қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін басқа да материалдық объектілер арасында жердің ерекше орны жер пайдалану саласындағы әкімшілік-құқықтық реттеуді қажет етеді. Жер учаскелерін иеленуді және пайдалануды жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы жер учаскелерін иеленушілер мен пайдаланушылардың құқықтық өкілеттіктерінің көлеміне, жер учаскелерінің экономикалық тартымдылығына, оларды пайдаланғаны үшін төленетін ақының мөлшеріне және кейіннен осы мәселелерді Әкімшілік реттеу қажеттілігіне әсер етеді.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта жер қатынастарын құқықтық реттеуге қатысты көптеген мәселелерде, атап айтқанда, заңнамада жер пайдаланудың мазмұнын айқындауға, қолданыстағы заңнамада көзделмеген негіздер бойынша жер пайдалануды белгілеуге және т.б. қатысты біртұтастық жоқ, Қазақстанның Жер кодексі (20-бап) және басқа да нормативтік-құқықтық актілер жерге меншік құқығын, жерді пайдалану құқығын және жерге өзге де заттық құқықтарды бекітіп береді.

Алайда, жерді пайдалану мүмкіндігін бекітетін нормаларды талдау оларды жетілдіру қажеттілігін анықтауға негіз береді: тиісті нормалардың едәуір бөлігі нақтылауды және нақтылауды қажет етеді, кейбір жерлерде олардың арасында сәйкессіздік бар. Бұл, ең алдымен, «жер пайдалану» анықтамасын, жер учаскелеріне құқық түрлерін, оларды иеліктен шығару негіздерін, жер пайдалану кезіндегі субъектілік құрамы мен олардың өкілеттіктерін заңнамалық бекітуге, жер пайдалану тәртібін нақтылауға және т. б. қатысты.

Жер учаскелеріне құқықтарды иеліктен шығаруды заңнамалық айқындаудың белгіленген кемшіліктері оны практикада қолдануды қиындатады, бұл жер иеленушілер мен жер пайдаланушылар құқықтарының бұзылуына әкеп соғады, өйткені көбінесе жер учаскелеріне құқықтарды иеліктен шығару ұғымының мазмұнын, оның негіздері мен тәртібін түсінбестен, кейіннен азаматтық-құқықтық даулардың туындауына және зерттелетін ұғымды дұрыс түсіндіру мен түсіну кезінде негіздері туындамайтын сот талаптарын беруге әкеп соғатын заңдық тұрғыдан дұрыс емес (кейбір жағдайларда заңсыз) әрекеттер жасалады.

Қазіргі кезеңде жер қатынастары өте қарқынды дамуда. Бұл қатынастардың қатысушылары азаматтар да, мемлекеттік органдар да, жергілікті өзін-өзі басқару органдары да болады. Жер қатынастарының күрделенуі, жер учаскелерінің құнын арттыру әртүрлі жер дауларының, сондай-ақ белгілі бір құқық бұзушылықтардың пайда болуына әкеледі. Осыған байланысты жер қатынастары, сондай-ақ тиісті қатынастарға қатысушылар құқықтық қорғауды қажет етеді.

Түйін сөздер: жер заңнамасы, жер пайдаланушылар, Жер кодексі, ауыл шаруашылығы, жер кадастры, жер учаскелері, жер қатынастары, жер қоры, агроөнеркәсіптік кешен.

СТАНОВЛЕНИЕ ЗЕМЕЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В УСЛОВИЯХ РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

Куатова А.А.

докторант

Каспийский общественный университет, Казахстан, г.Алматы

Мороз С.П.

доктор юридических наук, профессор

Высшая школа права «Әділет», Казахстан, г. Алматы

Аннотация. Земельные отношения, в которых принимает участие значительный круг субъектов, права и обязанности которых существенно отличаются, являются многогранными и разнообразными. При этом особое место земли среди других материальных объектов для обеспечения общественных потребностей обуславливает необходимость административно-правового регулирования в сфере землепользования. Наличие возможности осуществлять владение и пользование земельными участками, влияет на объем правомочий владельцев и пользователей земельных участков, экономическую привлекательность земельных участков, размер платы за их использование и впоследствии на необходимость административного регулирования данных вопросов.

Вместе с тем в настоящее время отсутствует единство во многих вопросах относительно правового регулирования земельных отношений, в частности относительно определения содержания землепользования в законодательстве, установления землепользования по основаниям не предусмотренных действующим законо-

дательством, и т.п.

Земельный кодекс Казахстана (ст. 20) и другие нормативно-правовые акты закрепляют право собственности, право пользования землей и иные вещные права на землю. Однако анализ норм, закрепляющих возможность осуществления землепользования, дает основания констатировать необходимость их усовершенствования: значительная часть соответствующих норм требует уточнения и детализации, местами имеет место несогласованность между ними. Это касается, прежде всего, законодательного закрепления определения «землепользования», видов прав на земельные участки, оснований их отчуждения, субъектного состава и их полномочий при землепользовании, уточнения порядка землепользования и т.п.

Обозначенные недостатки законодательного определения отчуждения прав на земельные участки затрудняет применение его на практике, что приводит к нарушению прав землевладельцев и землепользователей, так как зачастую, не понимая содержания понятия отчуждения прав на земельные участки, его оснований и порядка, совершаются юридически неверные (в некоторых случаях неправомерные) действия, которые впоследствии ведут к возникновению гражданско-правовых споров и к подаче судебных исков, оснований для которых не возникло бы при правильном толковании и понимании исследуемого понятия.

В современный период земельные отношения достаточно интенсивно развиваются. Участниками рассматриваемых отношений становятся как граждане, так и органы государственной власти и местного самоуправления. Усложнение земельных отношений, повышение стоимости земельных участков влекут за собой возникновение различного рода земельных споров, а также тех или иных правонарушений. В этой связи земельные правоотношения, а также участники соответствующих отношений нуждаются в правовой охране.

Ключевые слова: земельное законодательство, землепользователи, Земельный кодекс, сельское хозяйство, земельный кадастр, земельные участки, земельные отношения, земельный фонд, агропромышленный комплекс.

ESTABLISHMENT OF LAND LEGISLATION IN THE CONDITIONS OF MARKET ECONOMY OF KAZAKHSTAN

Kuatova A.A.

doctoral student

Caspian public University, Kazakhstan, Almaty

Moroz S.P.

Doctor of Law, Professor

Higher School of Law «Adilet», Kazakhstan, Almaty

Annotation. Land relations, in which a significant number of subjects participate, whose rights and obligations differ significantly, are multi-faceted and diverse. At the same time, the special place of land among other material objects to meet public needs necessitates administrative and legal regulation in the field of land use. The availability of opportunities to own and use land plots affects the scope of rights of owners and users of land plots, the economic attractiveness of land plots, the amount of payment for their use, and subsequently the need for administrative regulation of these issues. However, currently there is no unity on many issues concerning the legal regulation of land relations, in particular regarding the determination of land use in the legislation, establish land use on the grounds not stipulated by law, etc.

The Land code of Kazakhstan (article 20) and other legal acts establish the right of ownership, the right to use land and other property rights to land. However, an analysis of the rules that establish the possibility of land use makes it possible to state the need for their improvement: a significant part of the relevant rules requires clarification and detail, and sometimes there is inconsistency between them. This applies, above all, legislative consolidation of the definition of “land use”, the types of land rights, grounds of their exclusion, the subject composition and their authority in land use, procedures on land use, etc.

The indicated shortcomings of the legislative definition of alienation of rights to land plots make it difficult to apply it in practice, which leads to violation of the rights of landowners and land users, since often, without understanding the content of the concept of alienation of rights to land plots, its grounds and procedure, legally incorrect (in some cases illegal) actions are performed, which subsequently lead to civil disputes and to filing lawsuits, the grounds for which would not have arisen if the concept under study was correctly interpreted and understood.

In the modern period, land relations are developing quite intensively. Both citizens and state and local government bodies become participants in the relations under consideration. The complication of land relations and the increase in the value of land plots entail the emergence of various types of land disputes, as well as various offenses. In this regard, land legal relations, as well as participants in the relevant relations, need legal protection.

Keyword: land legislation, land users, Land code, agriculture, land cadastre, land plots, land relations, land Fund, agro-industrial complex.

Кіріспе

5 Василенко А.С. Медиация в уголовном процессе США // Вестник Пермского университета. – 2012. - Выпуск 2(16) // <https://cyberleninka.ru/article/n/mediatsiya-v-ugolovnom-protse-ssha> (дата обращения: 17.01.2021)

6 Uniform Mediation Act (Last Revised or Amended in 2003) // <https://www.uniformlaws.org/HigherLogic/System/DownloadDocumentFile.ashx?DocumentFileKey=9b244b42-269c-769e-9f89-590ce048d0dd&forceDialog=0>

7 Teresa Hoerres. Analysis of the Efficacy of Criminal Court Mediation as a Tool of Restorative Justice // <https://digitalcollections.sit.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=3719&context=capstones> (дата обращения: 20.01.2021)

8 David Miers, Michael Semenchuk. Victim-Offender Mediation in England and Wales // https://link.springer.com/chapter/10.1007/1-4020-3879-8_2 (дата обращения: 19.01.2021)

9 Медиация в мире. Законодательное регулирование медиации и влияние Европейского законодательства // <http://fedim.ru/mediatsiya-v-mire/evropa/velikobritaniya/> (дата обращения: 19.01.2021)

10 Sue Warner. Reparation, Mediation and Scottish Criminal Justice. Part of the Nato Science Series D (closed) book series (ASID, volume 64) // https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-94-015-8064-9_12 (дата обращения: 20.01.2021)

11 Медиатор/ Внесудебные процедуры - альтернативное урегулирование споров - примирение сторон // <http://mosmediator.narod.ru/index/0-1108> (дата обращения: 20.01.2021)

12 Mediation Act 2017 // <https://www.oireachtas.ie/en/bills/bill/2017/20/> (дата обращения: 21.01.2021)

13 О медиации: Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года №401-IV (с изм. и доп. по сост. на 27.12.2019 г.) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30927376 (дата обращения: 18.11.2020)

14 Уголовный кодекс Республики Казахстан: кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изм. и доп. по сост. на 06.10.2020 г.) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252 (дата обращения: 18.01.2021)

15 О судебной практике по применению статьи 68 Уголовного кодекса Республики Казахстан: Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 21 июня 2001 года № 4 (с изм. и доп. по сост. на 31.03.2017 г.) // http://adilet.zan.kz/rus/docs/P01000004S_ (дата обращения: 18.01.2021).

REFERENCES

1 Danye Komiteta pravovoj statistiki i special'nyh uchetov General'noj Prokuratury Respubliki Kazahstan. Otchet General'noj Prokuratury Respubliki Kazahstan o sostave osuzhdennyh, sovershivshih ugovolnyne pravonarusheniya za 2019 god. Otchet o sostave osuzhdennyh, sovershivshih ugovolnyne pravonarusheniya za pervye 10 mesjacev 2020 goda

// <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat?lang=ru> (data obrashhenija: 20.01.2021)

2 Vasilenko A.S. Programmy posrednichestva (mediacii) v ugovnom processe stran anglosaksonskogo prava // Vestnik RUDN. Serija Juridicheskie nauki. – 2011. - № 3 // http://journals.rudn.ru/law/article/view/5349/ru_RU (data obrashhenija: 16.01.2021)

3 Laura Mirsky. Restorative Justice Practices of Native American, First Nation and Other Indigenous People of North America: Part One, 2004 // <https://www.iirp.edu/news/restorative-justice-practices-of-native-american-first-nation-and-other-indigenous-people-of-north-america-part-one> (data obrashhenija: 19.01.2021)

4 Salyk Zimanov. Polnoe sobranie sochinenij. 10 tomov. X tom. – Almaty: «Заң», 2009 – 498 s. // <http://nblib.library.kz/elib/Sait/%D0%A2%D1%80%D1%83%D0%B4%D1%8B%20%D1%83%D1%87%D0%B5%D0%BD%D1%8B%D1%85%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7/Zimanov%20Salyk/nasledie/nasledie.html> (data obrashhenija: 20.01.2021)

5 Vasilenko A.S. Mediacija v ugovnom processe SShA // Vestnik Permskogo universiteta. – 2012. - Vypusk 2(16) // <https://cyberleninka.ru/article/n/mediatsiya-v-ugovnom-protsesse-ssha> (data obrashhenija: 17.01.2021)

6 Uniform Mediation Act (Last Revised or Amended in 2003) // <https://www.uniformlaws.org/HigherLogic/System/DownloadDocumentFile.ashx?DocumentFileKey=9b244b42-269c-769e-9f89-590ce048d0dd&forceDialog=0> (data obrashhenija: 20.01.2021)

7 Teresa Hoerres. Analysis of the Efficacy of Criminal Court Mediation as a Tool of Restorative Justice // <https://digitalcollections.sit.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=3719&context=capstones> (data obrashhenija: 20.01.2021)

8 David Miers, Michael Semenchuk. Victim-Offender Mediation in England and Wales // https://link.springer.com/chapter/10.1007/1-4020-3879-8_2 (data obrashhenija: 19.01.2021)

9 Mediacija v mire. Zakonodatel'noe regulirovanie mediacii i vlijanie Evropejskogo zakonodatel'stva // <http://fedim.ru/mediatsiya-v-mire/evropa/velikobritaniya/> (data obrashhenija: 19.01.2021)

10 Sue Warner. Reparation, Mediation and Scottish Criminal Justice. Part of the Nato Science Series D (closed) book series (ASID, volume 64) // https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-94-015-8064-9_12 (data obrashhenija: 20.01.2021)

11 Mediator/ Vnesudebnye procedury - al'ternativnoe uregulirovanie sporov - primirenje storon // <http://mosmediator.narod.ru/index/0-1108> (data obrashhenija: 20.01.2021)

12. Mediation Act 2017 // <https://www.oireachtas.ie/en/bills/bill/2017/20/> (data obrashhenija: 21.01.2021)

13 O mediacii: Zakon Respubliki Kazahstan ot 28 janvarja 2011 goda №401-IV (s izm. i dop. po sost. na 27.12.2019 g.) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30927376 (data obrashhenija: 18.11.2020)

14 Ugolovnyj kodeks Respubliki Kazahstan: kodeks Respubliki Kazahstan ot 3 ijulja 2014 goda № 226-V (s izm. i dop. po sost. na 06.10.2020 g.) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252 (data obrashhenija: 18.01.2021)

15 O sudebnoj praktike po primeneniju stat'i 68 Ugolovnogo kodeksa Respubliki Kazahstan: Normativnoe postanovlenie Verhovnogo Suda Respubliki Kazahstan ot 21 ijunja 2001 goda № 4 (s izm. i dop. po sost. na 31.03.2017 g.) // http://adilet.zan.kz/rus/docs/P01000004S_ (data obrashhenija: 18.01.2021).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Анна Николаевна Романова - «Тұран-Астана» университетінің магистранты. Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Ықылас Дүкенұлы к., 29. E-mail: romanova-a@inbox.ru

Серік Марденұлы Иманбаев – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, «Тұран-Астана» университетінің «Ұлттық және халықаралық құқық» кафедрасы. Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Ықылас Дүкенұлы к., 29. E-mail: esirgep57@mail.ru

Романова Анна Николаевна– магистрант Университета «Туран-Астана». Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Ықылас Дукенулы, д. 29. E-mail: romanova-a@inbox.ru

Иманбаев Серик Марденович – кандидат юридических наук, профессор, кафедра «Национальное и международное право» Университета «Туран-Астана». Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Ықылас Дукенулы, д. 29. E-mail: esirgep57@mail.ru

Anna N. Romanova - postgraduate student of the «Turan-Astana» University. Kazakhstan, Nur-Sultan, Ykylyas Dukenuly Street, 29. E-mail: romanova-a@inbox.ru

Serik M. Imanbayev - PhD in Law, Professor, «National and International Law» Department of the «Turan-Astana» University. Kazakhstan, Nur-Sultan, Ykylyas Dukenuly Street, 29. E-mail: esirgep57@mail.ru.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ «ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ» ҰҒЫМЫНЫҢ БЕКІТІЛУІНІҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Б.А. Қалмырзаев

докторант

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

Қ.Т. Битемиров

заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

Аңдатпа. Мақалада «діни экстремизм» ұғымының құқықтық табиғатын қарастыру мақсатында, оның халықаралық құқық, құқықтық жүйелерде (роман-герман, англо-саксон, социалистік және діни-дәстүрлі), сондай-ақ ұлттық заңнама жүйелерінде бекітілуінің тарихи-құқықтық негіздерін зерделеу қарастырылады. Қазіргі заманда адамзаттың жаһандану мәселелерінің бірі ретінде экстремизмге қарсы күрес болып табылады. Діни негіздегі экстремизм мәдени, экономикалық және заңды кеңістіктердегі жаһандану үрдісінің байланысы, бұл объективті үрдіс топтар мен жалпы адамзаттық құндылықтар арасындағы қақтығыстар мен конфликтілерді, әр түрлі мәдениеттегі халықтардың және діни наным-сенімдердің наразылығын тудырады. Қазіргі өркениет пен дәстүрлі діндер туралы көзқарастар қарама-қайшылықтарға ие болуда. Халықаралық құқық саласындағы әдебиеттерде «халықаралық құқық жүйесі» туралы түсініктерінің біркелкі еместігіне көз жеткіздік және сол жайында мақалада баяндадық. Осы орайда, халықаралық құқық, құқықтық және ұлттық заңнама жүйелерінде «діни экстремизм» ұғымының бекітілуінің тарихи-құқықтық негіздерін зерделей келе, мынадай қорытынды тұжырым жасауға шешім қабылдадық: халықаралық құқық, құқықтық және ұлттық заңнама жүйелерінде «діни экстремизм» ұғымының бекітілуінің тарихи-құқықтық негіздері мына ғылыми және іс жүзіндегі негізді фактілермен дәлелденеді: біріншіден, халықаралық ұйымдардың (әмбебап, аймақаралық және сондай-ақ аймақтық) аясында қабылданған әрі халықаралық құқық жүйесін қамтып алынған халықаралық-құқықтық актілердің (конвенция, резолюция және т.б.) атаулары мен мазмұндарында тікелей немесе жанама мағынамен бекітілген; екіншіден, заңтану ғылымында мойындалған құқықтық жүйелерінің (роман-герман, ислам, англо-саксон, социалистік) нормативтік құқықтық актілердегі атауында немесе мазмұнында негізгі құқықтық термин ретінде қамтылған; ал енді үшіншіден, ұлттық заңнаманың жүйесіне кіретін нормативтік құқықтық актілердің атауы мен тиісті баптарында белгіленген.

Түйін сөздер: құқық, ұлттық заңнама, діни экстремизм, халықаралық құқық, құқық жүйесі, БҰҰ, тарихи-құқықтық негіздер.

ИСТОРИКО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ УТВЕРЖДЕНИЯ ПОНЯТИЯ «РЕЛИГИОЗНЫЙ ЭКСТРЕМИЗМ» В СИСТЕМАХ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА, ПРАВОВОГО И НАЦИОНАЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Калмырзаев Б.А.

докторант

Международный Казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Яссауи, Казахстан, г. Туркестан

Битемиров К.Т.

кандидат юридических наук, ассоциированный профессор

Южно-Казахстанский университет им. Мухтара Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

Аннотация. Чтобы рассмотреть правовую природу понятия «религиозный экстремизм», в данной статье рассматриваются историко-правовые основы его принятия в международном праве, правовых системах (романо-германская, англосаксонская, социалистическая и религиозно-традиционная), а также в национальном законодательстве. Одной из проблем глобализации сегодня является борьба с экстремизмом. Религиозный экстремизм является связующим звеном между процессом глобализации в культурной, экономической и правовой сферах, объективным процессом, ведущим к конфликтам и конфликтам между группами и общечеловеческими ценностями, неудовлетворенностью народов разных культур и религиозных верований. Мнения о современной цивилизации и традиционных религиях противоречивы. Мы видели в литературе в области международного права несоответствия в понятии «система международного права» и описали ее в статье. В связи с этим, изучая историко-правовые основы установления понятия «религиозный экстремизм» в системе международного права, права и национального законодательства, мы решили сделать вывод, что историко-правовые основы понятия «религиозный экстремизм» в международном праве, законодательстве и национальном законодательстве. Об этом свидетельствуют научно и практически обоснованные факты: во-первых, охватить систему международного права, принятую в международных организациях (универсальных, межрегиональных, а также региональных), прямо или косвенно закреплено в названиях и содержании международного права (конвенции, резолюции и т.д.); во-вторых, правовая система, признанная в юриспруденции (римско-германская, исламская, англосаксонская, социалистическая), включена в качестве основного юридического термина в название или содержание норма-

тивных актов; в-третьих, названия нормативных актов, включенных в систему национального законодательства и соответствующих статей.

Ключевые слова: право, национальное законодательство, религиозный экстремизм, международное право, система права, ООН, историко-правовые основы.

HISTORICAL AND LEGAL BASES FOR THE ESTABLISHMENT OF THE CONCEPT OF «RELIGIOUS EXTREMISM» IN THE SYSTEMS OF INTERNATIONAL LAW, LEGAL AND NATIONAL LEGISLATION

Kalmurzaev B.A.

doctoral student

International Kazakh-turkish university named after Khoja Ahmed Yassavi, Kazakhstan, Turkestan

Bitemirov K.T.

PhD in Law, Associate Professor

South Kazakhstan University named after Mukhtar Auezov, Shymkent, Kazakhstan

Annotation. In order to consider the legal nature of the concept of “religious extremism”, this article discusses the historical and legal foundations of its adoption in international law, legal systems (Romano-German, Anglo-Saxon, socialist and religious-traditional), as well as in national legislation. One of the problems of globalization today is the fight against extremism. Religious extremism is the link between the process of globalization in the cultural, economic and legal spheres, an objective process leading to conflicts and conflicts between groups and universal values, dissatisfaction of peoples of different cultures and religious beliefs. Opinions about modern civilization and traditional religions are contradictory. We saw in the literature in the field of international law inconsistencies in the concept of «system of international law» and described it in the article. In this regard, while studying the historical and legal foundations of the concept of “religious extremism” in the system of international law, law and national legislation, we decided to conclude that the historical and legal foundations of the concept of “religious extremism” in international law, legislation and national law. On This is evidenced by scientifically and practically substantiated facts: firstly, to cover the system of international law adopted in international organizations (universal, interregional, as well as regional). directly or indirectly fixed in the names and content of international law (conventions, resolutions, etc.); secondly, the legal system recognized in jurisprudence (Roman-Germanic, Islamic, Anglo-Saxon, socialist) is included as the main legal term in the name or content of normative acts; and now, thirdly, the names of normative acts included in the system of national legislation and related articles.

Keywords: law, national legislation, religious extremism, international law, legal system, UNO, historical and legal framework.

Кіріспе

Аталған ұғымның құқықтық табиғатын зерделеуге кіріспестен бұрын, «халықаралық құқық», «құқықтық жүйелер» және «ұлттық заңнама жүйесі» деп аталған ұғымдық тіркестердің құқықтық сипаттағы анықтамаларын жеке саралауды жөн көрдік.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында 100 жаңа оқулықтың бірі ретінде шығарылған «Халықаралық құқық» атты кітаптың мазмұнында «профессор Т. Франк халықаралық құқық жүйесі құрылымының, процестері мен атқару механизмінің жетілмегенін біле тұра, мемлекеттердің неліктен халықаралық құқыққа бағынатынын зерттей отырып, халықаралық құқықтың өміршеңдігі мен әрекетінің табиғилығы туралы мәселені басқа қырынан қарауға тырысқан. Ғалым бұл сұраққа жауапты заңға сәйкестік (легитимділік) тұжырымынан тапқан. Мемлекеттердің бағынатын себебі халықаралық нормалар мен олардың институттық шеңберінің легитимділік деңгейі жоғары болуында екен. Легитимділік дегеніміз – «нормаға жүгінген адамның сол норманың немесе норманы шығаратын институттың жалпыға бірдей құқық процестеріне сай қабылданғанына сенуі. Легитимділік эмпирикалық жолмен дәлелденеді, бірақ легитимділіктің дәрежесі сол норманы сақтау үшін құқықтық принциптерге сай әрекет етіп отырған мемлекеттердің ісімен ғана емес, сондай-ақ норманы бұзып отырған мемлекеттің сол нормаға деген құрметінің деңгейіне қарай да өлшенеді» [1, б. 65-66] делінген. Бұл кітапта тілге тиек етіліп жазылған ғалымның өзіндік ғылыми пікірімен жалпы негізде келісуге болады. Яғни халықаралық құқық жүйесі ұлттық құқық жүйелері сияқты құқық салаларынан, институттарынан және нормаларынан құралатындығы белгілі.

Халықаралық құқық саласындағы әдебиеттерде «халықаралық құқық жүйесі» туралы түсініктер біркелкі емес. Мысалы, Мәскеу мемлекеттік заң академиясының халықаралық құқық кафедрасы ұжымы қазіргі халықаралық құқық мынандай негізгі салалардан тұрады деп есептейді: 1) халықаралық құқықтың субъектілері; 2) халықаралық құқықтың негізгі қағидалары; 3) халықаралық шарттар құқығы; 4) халықаралық ұйымдар құқығы; 5) дауларды шешудің халықаралық-құқықтық құралдары; 6) халықаралық құқықтағы жауапкершілік; 7) сыртқы қатынастар құқығы; 8) халықаралық қауіпсіздік құқығы; 9) адам құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау; 10) халықаралық қылмыстық құқық; 11) халықаралық экономикалық құқық; 12) халықаралық гуманитарлық құқық; 13) ғылыми-техника

аясындағы халықаралық ынтымақтастық; 14) терроризмге қарсы халықаралық-құқықтық күресу; 15) халықаралық-процессуалдық құқық [2, б. 20.] және т.б.

Негізгі бөлім

Отандық зерттеуші Е.Т. Бекбосынов өзінің докторлық диссертациялық жұмысында «Халықаралық құқық жүйесін осындай салалардан тұрады деген жіктеумен келісуге болады. Бұл орайда тақырыпқа қатысты айтпағымыз мынау. Біріншіден, діни экстремизмнің халықаралық сипат алғаны ақиқат. Сол себепті, онымен негізгі күресуді халықаралық құқықтың негізгі субъектілері ретінде мемлекеттер жүргізеді. Бұл күрес аясында мемлекеттер халықаралық ынтымақтастық қағидаттарының күшіне сүйеніп айқындалған тиісті іс-әрекеттерді жүзеге асырады, яғни мұндай ынтымақтастық қажетті халықаралық шарттардың және халықаралық ұйымдардың қызметтерінің шеңберінде жүргізіледі. Екіншіден, халықаралық қауіпсіздік құқығы, халықаралық қылмыстық құқық, терроризммен күресудегі халықаралық құқық және халықаралық-процессуалдық құқық сияқты салалар қазіргі халықаралық құқық жүйесінде діни экстремизммен күресудің тікелей салалары болып табылады. Үшіншіден, діни терроризммен және экстремизммен күресудің іс-шараларын жүзеге асыру кезінде халықаралық және ішкі мемлекеттік деңгейде адам құқықтары мен бостандықтары сақталмай, көптеген құқықтық бұзушылықтар орын алып жататындығы анық. Кейбір мемлекеттердің қайсыбір діни экстремистік ұйымдарды қолдайтындығы өз алдына белгілі. Міне, осыған байланысты халықаралық-құқықтық жауапкершілік мәселелері де туындайды. Өз кезегінде жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық-құқықтық қорғау халықаралық гуманитарлық құқық нормалары негізінде халықаралық мемлекетаралық ұйымдардың және халықаралық үкіметтік емес ұйымдарының құзіреттері шеңберінде іске асырылады. Төртіншіден, халықаралық сипаттағы қарақшылық, әуе кемелерін алып қашу, адамдарды кепілдікке алу, бомбалық, ядролық терроризммен және терроризмді қаржыландырумен күресу үшін көптеген конвенциялар мен келісімдер қабылданған. Осымен қатар бірнеше мемлекеттердің ресми саяси көзқарастарында діни экстремизмнің көріністері бар екендігі жалпыға белгілі. Түйіндей келе, «діни экстремизм» мен оған етене жақын терроризмді алдын алу және олармен күресудің тиімді жолдарын айшықтап жүзеге асыру халықаралық құқық жүйесінің ең басты демесек те, негізгі немесе шешуші функцияларының бірі болып табылады»[3] деп тұжырым жасаған.

Келесі материал мазмұнында «Құқық жүйесі – қолданыстағы құқықтық нормалардың тұтастығы мен үйлестігі түрінде және олардың салалар, салалар мен институттарға логикаға сәйкес орналасқандығынан көрінетін құқықтың ішкі құрылымы.

Құқық жүйесі: а) құқықтық нормалардан; б) құқық салаларынан; в) құқық салаларынан; г) құқықтық институттардан тұрады.

Құқық жүйесі – құқықтың өзінің құрылысы, өзінің құқық салаларына, салаларына және институттарға жіктелуінің реті. Құқықтың жүйелік құрылысы белгілі бір анықталынған иерархиялық (сатылық) байланыстары бар, өзара қисынды орналасқан көптеген элементтерден тұратын біртұтас құрылым» [6] делінген анықтама белгіленген. Бұл классика бойынша бөлінген жіктеуді дұрыс деп білеміз.

«Құқық жүйесінің негізгі ерекшеліктері: 1) жүйенің бастапқы элементі болып құқықтың нормасы алға шығады, олар іріленген құрылымдарға - институттар, салалар мен салаларға бірігеді; 2) жүйенің осы бастапқы элементтері өзара қайшы болмайды, бір-бірімен байланысқан, іштей үйлескен болып келеді, мұның өзі жүйеге тұтастық, жинақылық түр береді; 3) жүйенің мұндай болуы әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұлттық, діни, мәдени, тарихи факторлармен байланысты болып келеді; 4) құқық жүйесі объективтік түрде бар қатынастарға байланысты туындайды, адамдардың субъективтік еркінше жасалуы мүмкін емес» [4] деп жазылған анықтама берілген.

Үлкен заң сөздігінде «Ұлттық құқық жүйесі (ағыл. national legal system) – құқық теориясында құқық жүйесі жеке мемлекеттің құқық жүйесі құқықтың нақты-тарихи жиынтығы, заңи тәжірибесі және басымдығы бар құқық идеологиясы ретінде саналады. Ұлттық құқық жүйесі тиісті қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени ерекшеліктерімен көрініс береді. Ұлттық құқық жүйесі құқықтық жүйелер және құқықтық жанұялар сияқты құқықтық массивтердің құрылымдық құрамдасы ретінде бірегей құбылыс болып табылады. Заманауи әлемде 200-ден астам ұлттық құқық жүйесі бар. Кейде ұлттық құқық жүйесі ретінде өзіндік мағынасында тар мазмұны бар «ұлттық құқық» ұғымы пайдаланылады» [5] делінген.

Сонымен, «халықаралық құқық», «құқықтық жүйелер» және «ұлттық заңнама жүйесі» деп аталған ұғымдық тіркестердің құқықтық сипаттағы анықтамаларды, сондай-ақ оған қатысты тұжырымдарды қысқаша мазмұнда саралай келе, ендігі ретте «діни экстремизм» ұғымының бекітілуінің тарихи-құқықтық негіздерін кезегімен нақты қарастырып өтеміз.

Әуелі тарихи-құқықтық фактілерді жеке зерттеуді жөн көрдік. Қазіргі жыл санауымыздың 66-73 жылдары Палестина аумағында сикарилер («sika» – қысқа қанжар) делінген діни экстремистік әрі

террористік ұйым болған. Осы ұйымның негізгі мақсаты Иерусалимде билігі жүріп тұрған римдіктерге және гректерге қарсы діни-саяси сипаттағы көтеріліс жасау болған. Аталған дәуірдің 73-ші жылы ұйым өз мақсатын жүзеге асырған. Ұйым мүшелерінің адамдарды өлтіру құралы (қылмыс құралы десек те болады) ретінде қысқа қанжарлары болды. Көпшілік жиналған орындарда адам өлтіру актілері іске асырылды. Ұйым мүшелерінің іс-әрекеттері жайлы түрлі талқылау жасалды. Бір зерттеушілер «Ұйым мүшелері еврейлік протестанттықты уағыздаған, сондықтан ұйымның басты идеясы Құдайды мойындау, сондай-ақ Құдай мен адамдар арасындағы өзінше делдал болған барлық діни қызметкерлерді мойындамаған» деп топшылаған. Кейбіреу сарапшылар «ұйым мүшелері іс-әрекеттерін тек кедейлердің байларға әлеуметтік қарсылығы» деп есептеген. Қайсыбір жағдай болмасын, бәрібір ұйым мүшелерінің іс-әрекеттерінде діни мотив (сылтау) болғаны анық. Бір жағынан ұйым мүшелері «Иерусалимдегі римдіктердің өкіметі құлағаннан кейін, Құдай адамдардың алдына шығып көрінеді» деген діни сенімдері болған [6, б. 8]. Аталған тұжырымды жеке зерделеген Е.Т. Бекбосынов «Осы деректе айтылғандай, сикарилер өз іс-әрекеттерін діни экстремистік сылтау мен діни экстремистік идеологиялық базасы негізінде жүзеге асырған. Жоғарыда айтылған әр түрлі талқылаулар олардың діни экстремистік идеологиясын толыққанды етіп көрсетпейді. Дегенмен, бұл тура діни экстремистік ұйым деп айтуға болады. Өйткені, ұйым мүшелері шынайы діннің қағидаттарынан ауытқыған діни экстремистік идеология базасы арқылы қылмыстық іс-әрекеттерге барған. Олардың діни террористер мен діни экстремистерге тарихи-құқықтық ұқсастау қырлары мынада болып табылады: осы уақыттағы белгілі діни террористер мен экстремистер түрлі себептермен адамдарды өлтіреді, тіпті өзін-өзі бомбамен жарып та жібереді. Соның салдарынан жазықсыз адамдардың өмірі қиылады, яғни сол сикарилердің діни террористер мен діни экстремистермен негізгі ұқсастығы – діни экстремистік идеологиялық базада. Екі соңғы жақ та іс-әрекеттеріміз шын дінге сәйкес жасалды деген жалған сенімде, демек олардың осы жалған сенімдегі қателіктері бір жақты ғана теріс түсініктердің көрінісі болып табылады. Дін қағидаттары тұрғысынан олардың жалған сенімдері мен олардан туындайтын іс-әрекеттері үлкен күнә болып саналатыны ақиқат. Қазіргі қылмыстық құқықта мұндай қателіктер «адамның заң туралы қателіктері» деп есептеледі. Басқаша сөздермен айтқанда, адамдар өз қолдарымен жасаған заңсыз іс-әрекеттерін «қылмыс емес» деген жалған ұғым аясында пайымдап, өз-өздерін «ақтауға» дайын» [3] деп түйіндеп түсіндірме берген.

Өзге ғылыми зерттеу материал мазмұнында «Өткен тарих шеңберінде «баскесерлер» («thugs» – ағылшын тілінде «баскесерлер») деп аталған діни экстремистік құпия ұйым болған. Бұл ұйым XIII–XIV ғасырлар аралығында Үндістан мен Қиыр Шығыста біршама заңға қарама-қайшы немесе қарсы келетін іс-әрекеттер жасады. Бұлай деуіміздің себебі, осы ұйым мүшелерінің қылмыстары салдарынан миллионға жуық адам өлтірілген. Демек, аталмыш ұйымның іс-әрекеттері діни экстремистік сипаттарға ие, өйткені олардың адамдарды өлтіруі құдай-анасына (кали) күш береді деген жалған сенімге негізделген. Аталған ұйым мүшелері көптеген жағдайларда адамдарды жібек орамалдарымен тұншықтырып өлтіретін болған» [7, б. 51] делінген тұжырым жасалған. Осы мәліметті зерттеген Е.Т. Бекбосынов «Аталмыш ұйымның мүшелері сикарилер сияқты діни экстремистік идеологияны басшылыққа алып адамдардың өмірін қиып отырған және осы мақсатта түрлі қылмыстық тәсілдер мен құралдарды өз іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін қолданып келген. Олардың сикарилерге қарағанда көп мүмкіншіліктері бар екендігі осыдан білінеді, сондай-ақ тиісті түрде қылмыстық зардаптары да ауқымды болып келеді. Десек те олардың екеуінің де діни экстремистік идеологиялары мен сылтаулары бір-біріне жақын» [3] деп қорытынды жасаған.

Келесі кезекте талқыланатын ғылыми зерттеу мақаланың мәтінінде «Тарихта «ассассиндер» (ағыл. «assassinate» – өлтіру) деп аталған діни экстремистік ұйым тағы болғандығы белгілі. «Assassinate» сөзі «Hashashin» деген сөзден шыққан, яғни гашишти «жеушілер» деген ұғымды білдіреді. Ассассиндер біздің дәуіріміздің 1090–1275 жылдары аралығында Парсы мен Сирия аумағында іс-әрекеттер жасаған. Олардың мақсаты – ислам дінін тазалау болды. Сол ассассиндер халифаларды, патшаларды және уәзірлерді өлтірумен айналысты. Бұл ұйымның басшысы Хасан Саббах еді. Ол үлкен күш болмаса да, жүйеленген террордың мүмкіншілігін өте жақсы түсінді. Ассассиндердің қаруы қанжар болды, өйткені ол адамдарды нақты өлтіруге ыңғайлы болатын. Олар «өз іс-әрекеттерін қасиетті амалдар» деп есептеді. Ассассиндер өлім мен азаптауды ұнатты. Олардың іс-әрекеттері қазіргі діни террористерге ұқсайды» [7, б. 51] деп талдау жасалған. Аталмыш тарихи-құқықтық фактіні зерделеген Е.Т. Бекбосынов «Ассассиндердің көсемі Хасан Саббах діни сауатты адам болған. Алайда, шынайы дін қағидаларынан ауытқып, негізсіз діни экстремистік идеялары арқылы осы ұйымды құрды. Ол өзінің жақтастарына гашиш шектіріп, олардың діни экстремистік саналарын қалыптастырып, одан кейін оларды нақты діни террористік актілер жасауға бағыттап (айдап салып) отырған. Осы орайда айтар жәйт – қазіргі кейбір діни террористер мен экстремистер де діни экстремистік (террористік)

сипаттағы актілерді жүзеге асырудан бұрын опиум, гашиш, наша сияқты наркотикалық және басқа да психотроптық заттарды пайдаланады» [3] деп түйіндеп тұжырым жасайды.

Жоғарыда келтірілген материалдарға тарихи-құқықтық талдау жасаған Е.Т. Бекбосынов «Нақтырақ айтар болсақ, жалпы тарихи шежірелер мен ғылыми әдебиеттердің, негізгі қасиетті жазба кітаптар мен діни экстремистік әдебиеттердің мәтіндеріне филологиялық, философиялық және құқықтық герменевтикалық талдаулар жасағанда «діни экстремизм» ұғымы тарихи, діни, филологиялық, философиялық және құқықтық тұрғыдан қалыптасып дамығандығы байқалады. Осындай тиісті қайнар көздерде «діни экстремизм» ұғымы тікелей жазылмаса да, ол «ылаң», «фитна», «іріткі» және тағы басқа ерекше сөздер арқылы дәлелденеді. Демек, осындай келтірілген ғылыми дәлелдемелер «діни экстремизм» ұғымының жалпы адамзаттың тарихында, оның ішінде халықаралық құқықтың тарихында және оның жүйесінде ерекше құбылыс ретінде қалыптасып дамып келгендігін растайды» [3] деп түйіндеген.

Осы жоғарыда тілге тиек етілген тарихи-құқықтық фактілерді саралау көрсеткендей, «діни экстремизм» ұғымы саяси-құқықтық және әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қалыптасқан деуге болады: біріншіден, діни радикалды әлеуметтік-психологиялық мотивтің нәтижесінде саяси-құқықтық қателіктер орын алған; екіншіден, аталған қателіктердің нәтижесінде қылмыс жиынтығы қалыптасқан; ал үшіншіден, осындай қылмыстық іс-әрекеттердің жиынтығы өз кезегінде діни экстремизм мен діни сипаттағы терроризмнің тарихи-құқықтық фактілері ретінде саналады.

Ендігі ретте халықаралық құқық жүйесіне тікелей кіретін халықаралық-құқықтық актілерге назар саламыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (әрі қарай - БҰҰ) Қауіпсіздік Кеңесінің № 4385-ші мәжілісінде (28.09.2001) арнайы бекітілген № 1373 резолюциясында «шыдамсыздық пен экстремизм» террористік актілердің тікелей сылтауы болып табылатындығы» белгіленген [8, б. 371]. Ал енді Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті № 5261-ші мәжілісінде (14.09.2005) қабылданған № 1624 резолюциясының кіріспесінде «террористік актілер тек шыдамсыздық пен экстремизмді жүзеге асырудың сылтаулары екендігі» көрсетілген [9]. Халықаралық-құқықтық құжаттарды талдаған отандық сарапшы Е.Т. Бекбосынов «Бұдан шығатын қорытынды – «терроризмнің» барлық түрлерінің тікелей туындауына экстремизм негіз болып табылады деп тұжырымдауға болады. Экстремизмнің тікелей туындауына, өз кезегінде радикализм негіз болады, ал шыдамсыздық та бұл орайда соңғы сияқты экстремизмнің «ажырамас» элементтерінің бірі» [3, б. 21] деп түйіндеген.

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі № 2178 резолюциясы (24.09.2014) мазмұнында «терроризм үшін қолайлы орта, конфессияаралық зорлық және шетелдік террористер террористік актілер жасауы мүмкін зорлықшыл экстремизмді айыптайды...» [10, б. 4] делінген. Аталмыш халықаралық-құқықтық құжаттың жалғасында «терроризмді болдырмау мақсатында зорлықшыл экстремизмге қарсы іс-қимыл» атты бөлімінде «зорлықшыл экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша радикализмді алдын алу және зорлықшыл экстремизм идеясының таралуына қарсы іс-қимыл жасауын, бұл ретте мүше-мемлекеттер жергілікті қауымдастық пен үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесуді ұсынады» [10, б. 4] деп қорытынды ұсыныс етілген.

Сонымен қатар, 2015 жылдың 24 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы өткізген 70-ші сессиясында Бас хатшының «Зорлықшыл экстремизмді ескерту бойынша іс-әрекеттер Жоспары» атты баяндамасына назар салсақ. Оның кіріспесінде «1. Зорлықшыл экстремизм Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаттарына қарсы қатер болып табылады. Ол бейбітшілік пен қауіпсіздікті, адам құқықтарын және тұрақты дамуды бұзады. Бірде-бір ел немесе аймақ оның салдарларынан сақтандырылмаған. 2. Осы зорлық экстремизмнің алдын алу жөніндегі іс-қимылдар жоспарында зорлық экстремизмнің терроризмге ұласуына ықпал ететін факторлар мен жағдайлар қарастырылады және талданады. Зорлықшыл экстремизм – айқын анықтамасы жоқ көп қырлы құбылыс. Ол жаңа да, қандай да бір нақты аймаққа, ұлтқа немесе сенім жүйесіне тән емес» [12, б. 1] делінген тұжырым бар.

Ендігі кезекте Еуропа Кеңесі мен Еуропа Одағы ұйымдары шеңберінде қабылданған (әрі құрамында роман-германдық және англосаксондық құқық жүйесін қамтитын мүше-мемлекеттері бар) халықаралық-құқықтық актілерді қарастырамыз.

1977 жылдың 27 қаңтарында Страсбург қаласында Еуропалық Кеңесі құзыреті аясында «терроризмнің жолын кесу туралы» Еуропалық Конвенция қабылданған болатын. Аталған құқықтық актінің мазмұнында «террористік актілердің көбейгеніне қатты алаңдаушылық білдірілді және құқықтық іс-шараларды қолдану, олардың ішінде экстрадиция процедурасын тиімді түрде пайдалану қарастырылды. Осы Конвенцияның бірінші бабында террористік іс-әрекеттер саяси қылмыстар ретінде қарастырылмауы қажеттілігі баса атап көрсетіледі» [13, б. 276].

Ал енді осыдан кейін 2005 жылы Еуропалық Кеңестің Парламенттік Ассамблеясы № 1706 рекоммендациясын қабылдаған еді. Оның мазмұнында «демократиялық қағидаларды сақтау керектігі ескертіледі, сондай-ақ жалпы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылып жатқан терроризмге қарсы күресу мәселелері бойынша нақты ұсыныстар жасалған» [14, б. 152-154].

2002 жылдың 13 маусымында қабылданған «Терроризммен күрес туралы Еуропалық Одақ Кеңесінің шектеулі (рамкалы) шешімінің 1-бабында терроризммен күресу жолындағы бағыттар мен қағидалары бекітілген. 2-ші бапта террористік топтардың іс-әрекеттесуімен байланысты жүзеге асатын қылмыстармен күресудің негіздері де қарастырылған болатын. Ал енді 3-ші бапта «террористік іс-әрекеттерімен байланысты қылмыстар да айқындалып көрсетілген» [15, б. 172-177].

Келесі ретте Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (әрі қарай - ТМД) шеңберінде де терроризмге қарсы іс-қимылға қатысты біршама халықаралық-құқықтық актілер қабылданған болатын. Мысалы, 1996 жылдың 16-18 сәуір күндері «Терроризммен күресуде өзара әрекеттесулер туралы» ТМД қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрлері Кеңесі шешіміне қол қойылды [15, б. 123-126], ал енді одан кейін 1999 жылдың 4 маусымында терроризммен күресу ынтымақтастығы туралы келісім жасалды. Соңғы құқықтық құжатта «терроризм» пен «техникалық терроризм», «жоғары техникалық және экологиялық қауіпті объектілер» ұғымы, «арнайы терроризмге қарсы құрылымдар» және «қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдары» атты ұғымдық тіркестер тұжырымдалып бекітілген» [15, б. 183-185].

2000 жылдың 10 наурызында «Терроризмнің және экстремизмнің басқа да құбылыстарына қарсы күресуде және соған байланысты ТМД ұйымына қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрліктерінің ынтымақтастығын арттыру мақсатында қабылданған Ішкі істер министрлері (ИМ) Кеңесінің шешімінде «терроризм ауқымының кеңейгендігі, әрі қарулы сепаратизм мен экстремизмнің өзге де қауіптерінің пайда болуы, жедел-ізвестіру және жедел-профилактикалық іс-шаралар мен оларды нақты жүзеге асырудың тетіктері бекітілген» [15, б. 126-128].

Ендігі ретте бірқатар роман-герман және кейбір социалистік құқықтық жүйелеріне кіретін, сондай-ақ Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымына (әрі қарай - ШЫҰ) мүше-мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерін зерделейміз. Кезінде 2001 жылдың 15 маусым күні ШЫҰ аясында «Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу туралы» атты конвенцияға мүше-мемлекеттер өз қолдарын қойған болатын. Конвенцияның 1-бабының 1, 2, 3-тармақшаларында аталған құбылыстарға тиісті құқықтық анықтамалар берілген» [16, б. 248-251]. Сонымен бірге аталмыш ұйымның шеңберінде 2003 жылдың 7 маусымында «Терроризмге қарсы күресетін аймақтық құрылымды құру туралы» келісім қабылданды. Құқықтық құжатта терроризмге қарсы аталмыш аймақтық құрылым құруға қатысты құқықтық мәселелер қамтылған» [14, б. 258-267].

2005 жылдың сәуір айының 21 жұлдызында Ташкент қаласында ШЫҰ-на мүше болып табылатын мемлекеттер «Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан Республикалары арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа және Тараптардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне өзге де қауіп-қатер төндіруге қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы» шарт жасалған [14, б. 286-296].

Осы тұста, енді ислам құқықтық жүйесіне жататын, әрі халықаралық аймақаралық ұйым болып табылатын Ислам Ынтымақтастық Ұйымының аясында қабылданған халықаралық-құқықтық актілердің мазмұнына назарды аударайық. 1999 жылдың шілде айында аталған ұйым мүше-мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері 26 сессияда «Халықаралық терроризммен күресу» бойынша Ислам Ынтымақтастық Ұйымының Конвенциясын қабылданды. Конвенцияның 1-бабында «терроризм» ұғымына анықтама берілуімен қатар «террористік қылмыс» делінген ұғымдық тіркес бекітілген болатын [16]. Ал 2-баптың а) тармағында «халықаралық құқықтың қағидастарына сәйкес азат ету және өзін-өзі анықтау бойынша шетелдік басқыншылыққа, агрессияға, отарлауға және гегемонияға қарсы бағытталған халықтардың күресі және оған қоса қарулы күрес терроризм қылмыс ретінде қарастырылмайды», ал б) тармағында алғашқы бапта тізімі көрсетілген қылмыстар саяси қылмыстарға жатпайды» деп көрсетілген» [16]. Аталған конвенцияның 4-бабында мүше-мемлекеттердің ынтымақтастық аясы нақты айқындалған. Атап айтқанда, «1) ақпараттар алмасу; 2) тергеу; 3) тәжірибе алмасу; 4) білім және ақпарат салалары енгізілді» [16].

Қорытынды

Сонымен, қорыта келгенде халықаралық құқық, құқықтық және ұлттық заңнама жүйелерінде «діни экстремизм» ұғымының бекітілуінің тарихи-құқықтық негіздерін зерделей келе, мынадай қорытынды тұжырым жасауға шешім қабылдадық. Халықаралық құқық, құқықтық және ұлттық заңнама жүйелерінде «діни экстремизм» ұғымының бекітілуінің тарихи-құқықтық негіздері мына ғылыми және іс жүзіндегі негізді фактілермен дәлелденеді: біріншіден, халықаралық ұйымдардың

(әмбебап, аймақаралық және сондай-ақ аймақтық) аясында қабылданған әрі халықаралық құқық жүйесін қамтып алынған халықаралық-құқықтық актілердің (конвенция, резолюция және т.б.) атаулары мен мазмұндарында тікелей немесе жанама мағынамен бекітілген; екіншіден, заңтану ғылымында мойындалған құқықтық жүйелерінің (роман-герман, ислам, англо-саксон, социалистік) нормативтік құқықтық актілердегі атауында немесе мазмұнында негізгі құқықтық термин ретінде қамтылған; ал енді үшіншіден, ұлттық заңнаманың жүйесіне кіретін нормативтік құқықтық актілердің атауы мен тиісті баптарында белгіленген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шо Малколм Н. Халықаралық құқық. – 1-кітап. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 584 б.
- 2 Международное публичное право: учеб. / Л.П. Ануфриева, Д.К. Бекашев, К.А. Бекашев, В.В. Устинов / отв. ред. К.А. Бекашев. – 3-е изд., перераб. и доп. – ТК Велби. – М.: Изд-во Проспект, 2004. – 928 с.
- 3 Бекбосынов Е.Т. Некоторые вопросы борьбы с религиозным экстремизмом в деятельности Региональной Антитеррористической Структуры Шанхайской Организации Сотрудничества (РАТС ШОС) // <https://elibrary.ru/item.asp?id=21152465> (жүгінген күні: 23.11.20 г.)
- 4 Құқық жүйесі // <https://studopedia.org/2-35196.html> (жүгінген күні: 31.11.20 г.)
- 5 Большой юридический словарь. Национальная правовая система // https://jurisprudence.academic.ru/9535/Национальная_правовая_система (жүгінген күні: 24.11.20 г.)
- 6 Laguer Walter. A History of Terrorism. Transaktion Publishers. – U.S. 2001. – P. 285.
- 7 Rapoport David. «The Four Waves of Modern Terrorism» in Cronin, Audrey Atta-cing Terrorism, Georgetown University Press. – Washington, DC. – P. 238.
- 8 Хан Г.Б., Хан И.Г., Кунгебаев Р.Р. Терроризм и антитеррористические законы. – Алматы, 2007. – 376 с.
- 9 Организация Объединенных Наций. Совет Безопасности ООН. Резолюция 1624 (2005), принятая Советом Безопасности Организации Объединенных Наций на его 5261-м заседании. 14.09. 2005 г. // https://www.mid.ru/organs/-/asset_publisher/AfvTBPbEYay2/content/id/426272 (жүгінген күні: 02.12.20 г.)
- 10 О предотвращении передвижения террористов и террористических групп с помощью эффективного пограничного контроля и контроля за выдачей документов, удостоверяющих личность, и проездных документов, а также с помощью мер предупреждения фальсификации, подделки или незаконного использования документов, удостоверяющих личность, и проездных документов / Резолюция 2178 (2014), принятая Советом Безопасности на его 7272-м заседании 24 сентября 2014 года // <http://docs.cntd.ru/document/420241189> (жүгінген күні: 03.01.21 г.)
- 11 Глобальная контртеррористическая стратегия Организации Объединенных Наций. Резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей 8 сентября 2006 года [без передачи в главные комитеты (A/60/L.62)] 60/288. Глобальная контртеррористическая стратегия Организации Объединенных Наций // <https://www.unodc.org/pdf/terrorism/Index/60-288ru.pdf> (жүгінген күні: 04.01.21 г.)
- 12 Глобальная контртеррористическая стратегия Организации Объединенных Наций. План действий по предупреждению насильственного экстремизма: доклад Генерального секретаря ООН. 70-сессия Генеральной Ассамблеи ООН // https://www.un.org/ga/search/view_doc.asp?symbol=A/70/674&Lang=R (жүгінген күні: 10.01.21 г.)
- 13 Борьба с терроризмом / отв. ред. И.Л. Трунов – М.: Мир, 2004. – 520 с.
14. Сборник нормативных правовых актов по вопросам борьбы с международным терроризмом и экстремизмом / сост. Е.Б. Ахметов. – Алматы: «Раритет», 2007. – 330 с.
15. Международно-правовые основы борьбы с терроризмом: сборник документов / сост. В.С. Овчинский. – М.: ИНФРА-М, 2003. – 480 с.
16. Конвенция ОИК по борьбе с международным терроризмом от 1 июля 1999 года // www.oic-oci.org/home.asp (дата обращения: 15.01.21 г.).

REFERENCES

- 1 Sho Malcolm N. International Law. – Book 1. – Almaty: public Foundation «National Translation Bureau», 2019. – 584 P. [In Kazakh].
- 2 International public law: textbook / L. P. Anufrieva, D. K. Bekyashev, K. A. Bekyashev, V. V. Ustinov / ed. by K. A. Bekyashev. – 3rd ed., reprint. and extra – TK Velbi. – M.: Izd-vo Prospekt, 2004. – 928 p. [In Russian].
- 3 Bekbosynov E. T. Some problems of combating religious extremism in the activities of the Regional anti-terrorist Structure of the Shanghai Cooperation Organization (RATS SCO) // <https://elibrary.ru/item.asp?id=21152465> (data obrashcheniya 23.11.20 g) [In Russian].
- 4 Legal system // <https://studopedia.org/2-35196.html> [in Kazakh].
- 5 Large legal dictionary. National legal system // <https://jurisprudence.academic.ru/9535/> (data obrashcheniya 24.11.20 g.)
6. Laguer Walter. A History of Terrorism. Transaktion Publishers. – U.S. 2001. – P. 285.
7. Rapoport David. «The Four Waves of Modern Terrorism» in Cronin, Audrey Atta-cing Terrorism, Georgetown University Press. – Washington, DC. – P. 238
8. Han G.B., Han I.G., Kungebaev R.R., Terrorism and anti-terrorism laws. –Almaty, 2007 – P. 376.
9. The United Nations. The UN Security Council. Resolution 1624 (2005), adopted by the United Nations Security Council at its 5261st meeting. 14.09. 2005 // https://www.mid.ru/organs/-/asset_publisher/AfvTBPbEYay2/content/

id/426272 (data obrashcheniya 02.12.20 g) [in Russian].

10. On preventing the movement of Terrorists and Terrorist Groups through effective border controls and controls on the Issuance of identity documents and travel documents, as well as measures to prevent the falsification, forgery or Illegal Use of Identity documents and travel documents / Resolution 2178 (2014), adopted by the Security Council at its 7272nd meeting, on 24 September 2014 // <http://docs.cntd.ru/document/420241189> (data obrashcheniya 03.01.21 g) [in Russian].

11. United Nations Global Counter-Terrorism Strategy. Resolution adopted by the General Assembly on 8 September 2006 [without reference to the Main Committees (A/60/L. 62)] 60/288. United Nations Global Counter-Terrorism Strategy // <https://www.unodc.org/pdf/terrorism/Index/60-288ru.pdf> (data obrashcheniya 04.01.21 g) [in Russian].

12. United Nations Global Counter-Terrorism Strategy. Action Plan for the Prevention of violent extremism: report of the UN Secretary-General. 70th Session of the UN General Assembly // https://www.un.org/ga/search/view_doc.asp?symbol=A/70/674&Lang=R (data obrashcheniya 10.01.21 g) [in Russian].

13. The fight against terrorism / ed. by I. L. Trunov-M.: Mir, 2004 – 520 p. [in Russian].

14. Collection of normative legal acts on the fight against international terrorism and extremism // comp. E. B. Akhmetov. – Almaty: «Rarity», 2007. – 330 p [in Russian].

15. International legal bases of the fight against terrorism: a collection of documents // comp. V. S. Ovchinsky. – M.: INFRA-M, 2003. – 480 p. [in Russian].

16. The OIC Convention on Combating International Terrorism of July 1, 1999 // www.oic-oci.org. (data obrashcheniya 15.01.21 g) [in Russian].

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Болат Аюбайұлы Қалмырзаев – Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің докторанты. Қазақстан, Түркістан қ., Б. Саттарханов даңғ., 29. E-mail: kalmurzaev.b@inbox.ru

Қайрат Тұрлыбайұлы Битемиров – заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті заң факультетінің деканы. Қазақстан, Шымкент қ., Тәуке хан даңғ., 5. E-mail: bitemirovk@bk.ru

Калмырзаев Болат Аюбаевич – докторант юридического факультета Международного Казахско-турецкого университета им. Ходжа Ахмета Яссави. Казахстан, г. Туркестан, пр. Б.Саттарханова, 29. E-mail: kalmurzaev.b@inbox.ru

Битемиров Кайрат Турлыбаевич – кандидат юридических наук, ассоциированный профессор (PhD), декан юридического факультета Южно-Казахстанского университета им. Мухтара Ауэзова. Казахстан, г. Шымкент, пр. Тауке хана, 5. E-mail: bitemirovk@bk.ru

Bolat A. Kalmurzaev – doctoral student of the faculty of law of the International Kazakh-turkish university named after Khoja Ahmed Yassavi. Kazakhstan, Turkestan, 29, B. Sattarkhanov Ave. E-mail: kalmurzaev.b@inbox.ru

Kairat T. Bitemirov – PhD in Law, Associate Professor, Dean of the Faculty of Law of the South Kazakhstan University named after Mukhtar Auevov. Shymkent, Kazakhstan, 5 Tauke Khan Ave. E-mail: bitemirovk@bk.ru

К ВОПРОСУ ОБ ОБЩЕСТВЕННОЙ ОПАСНОСТИ ВОСПРЕпятСТВОВАНИЯ ОРГАНИЗАЦИИ, ПРОВЕДЕНИЮ СОБРАНИЯ, МИТИНГА, ДЕМОНСТРАЦИИ, ШЕСТВИЯ, ПИКЕТИРОВАНИЯ ИЛИ УЧАСТИЮ В НИХ

М.Б. Камчыбеков

докторант

Алматинская академия МВД Республики Казахстан им. М. Есбулатова

Аннотация. Право собираться мирно, без оружия, проводить собрания, митинги, демонстрации, шествия и пикетирования, являясь конституционным правом граждан Республики Казахстан, охватывает важную сферу индивидуальной и коллективной жизнедеятельности, играя большую роль в функционировании различных институтов гражданского общества и демократического правового государства. Автором на основе анализа действующего международного и национального законодательства рассмотрены вопросы общественной опасности воспрепятствования проведению публичных мероприятий в Республике Казахстан.

В соответствии с действующими международно-правовыми стандартами признается право граждан на мирные собрания. Пользование этим правом не подлежит никаким ограничениям, кроме тех, которые налагаются в соответствии с законом и которые необходимы в демократическом обществе в интересах государственной общественной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья и нравственности населения или защиты прав и свобод других лиц. Автором обосновывается вывод о необходимости законодательного обеспечения свободы собраний, так как дальнейшее успешное продвижение проводимых в Казахстане реформ зависит главным образом от человеческого фактора, повышения активности граждан во всех сферах жизнедеятельности общества. Принимая во внимание возрастающую в последние годы гражданскую активность казахстанского общества, автором обосновывается необходимость приведения в соответствие национального законодательства в области регулирования правовых отношений проведения публичных мероприятий в Республике Казахстан, так как неудачное построение правовой нормы, не учитывающее реалий современности, не дает возможности правоприменителю использовать все данные законом полномочия, а гражданам не дает четкой информации о конкретных законодательных запретах и соответствующего букве закона алгоритма его действий при назревшей необходимости публично выразить свое мнение.

Ключевые слова: общественная опасность, воспрепятствование, свобода собраний, публичные мероприятия.

